

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 1 беті	

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Философия
Пән коды: Fil 2101
ББ атауы және шифры: «6В10106-Фармация»
Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 150/5
Оқу курсы мен семестрі: 2/3
Дәріс көлемі: 15 сағат


Шымкент, 2024 ж

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Философия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 11 « 10 » — 06 — 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:



Ш.А. Аширов

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 3 беті

Дәріс №1

1. Тақырыбы: Ойлау мәдениетінің пайда болуы

2. Мақсаты: Студенттерге ойлау мәдениетінің, көркемдік рефлексияның мәнін және өткенге сыни көзқарасты қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық санасының өзгеруінің шарты ретінде түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Пайда болуы ойлау мәдениеті.
2. Дүниетанымның Тарихи түрлері.
3. Философиялық білімнің ерекшелігі. Философияның құрылымы.

Ойлау мәдениеті

Ойлау— объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз.

Философия ойлау мектебі ретінде әрекет етеді. XVII ғасырдағы ағылшын философы Томас Гоббс: «Философия сенің ойлауыңның жемісі болып табылады... және сенің өзіңде өмір сүреді» деген тұжырымды бекерден-бекер жасамаған. Ол іштей әркімге тән. Өйткені жұмыр басты пенденің ешқайсысында өмірдің, азаттықтың әділеттілік пен мәңгіліктің мәні, мағынасы туралы ойлану құқығынан айыра алмайсың. Адамның ақыл-ой мәдениетінің негізінде нақ осы пайымдау жатыр.

Ұғымдар, категориялар мен ұстанымдарды пайдалана білу өнері – туа біткен қасиет емес. Сондай-ақ ол тек қана ойшылдардың артықшылығы және үлесі болып табылмайды, өйткені білімді, білімсіз, ақылды және ақымақ, жас және кемелденген адамның бәрі әр нәрсеге баға береді, ойланады. Алайда пайымдаулар мен дәлелдердің дәйектілігі, ақиқатты іздестірудегі дұрыс әдіс әркімге беріле бермейді. Бұл жерде логикалық ойлауға басымдылық берілгені жөн. Бұл, өз кезегінде, ойлау мектебі ретіндегі философияның алдыңғы дәрежелі рөлін растайды.

Мәселе философияның зерделеу объектісі нақтылы зат емес, зат туралы ойлау, ұғымдар, пайымдар, ой қорылымдар және т.б. формасындағы (ал бұлардың көмегімен жекенің ғана емес, жекедегі жалпының да қасиеттері бейнеленеді) ойлау қызметінің заңдары екендігінде. Табиғаттың қоғамның және ойлаудың дамуының жалпы заңдары философияның пәні болып табылады.

Ақыл немесе зият (интеллект) (лат. Intellectus) сөзі – зерделеу, түсіну, танып білу, пайымдау дегенді білдіреді. Бұл – сананың рационалды (пайымды және зерделі) ойлауға қабілеттілігін анықтайтын құрылымы. Ойлау адам санасының объективті дүниені ұғымдар, пайымдар, теориялар және т.б. арқылы бейнелеумен, әлдебір міндеттерді шешумен, шындықты тануды жалпылаумен және тәсілдеуімен байланысқан белсенді әрекеті болып табылады.

Ойлау үдерісінің нәтижесі әрдайым қандай да бір ой болып табылады. Мәнді іздестірудің ерекше саласы ретінде философия ой формасында әрекет етеді. Ол ұғымдар мен категориялардағы таным болып табылады. Категориялар – бұл жалпыға ортақтық және қажеттілік мәртебесін иеленетін барынша жалпы ұғымдар. Ұғымдарды философиялық-логикалық қолдану қажетті байланыстар мен себептерге тәуелділікті анықтауға, кездейсоқтыққа толы өмірлік әсерлерді ретке келтіруге әкеледі.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 4 беті

Ойлаудың жоғары мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығы өте зор. Сыни жағдайларда ой мектебінің жоқтығы байбалам салудың талдаушылықты, жек-көрініштің ізгі ойды жеңумен мәндес болады. Философиялық дайындықтың жоқтығы яғни ойлаудың дәріптелген формаларының жоқтығы зияны бастан асатын ойсыздықтың, пайдакүнемдіктің, қарабайырлықтың, түсінбеушіліктің өрістеуіне әкеп соғады.

Біздің уақытта да, яғни ғылымды көп қажетсінетін өндірістер және жоғары технологиялар дәуірінде де философ Эпикурдың: «Әзірше жас болып тұрғаныңда, ешкімде философиямен айналысуды кейінге қалдырмасын» деген сөзі өзекті болып табылады.

Философия - даналыққа құштарлық

Философия сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда даналыққа құштарлық (phileo – «сүйу», «құштарлық», sophia – «даналық») дегенді білдіреді. Философия сөзін бірінші болып қолданған ежелгі грек математигі және ойшылы Пифагор болды. Аңыз бойынша ежелгі грек қалалары билеушілерінің бірі одан өзінің кім екендігін сұраған кезде, Пифагор: «Философ» деп жауап берген екен. Билеушіге бұл сөз беймәлім еді, Пифагор оны былайша түсіндірді: «Өмір олимпиядалық ойындарға ұқсас: біреулер оған жарысу үшін, басқалары сауда жасау үшін, ал ең бақыттылары көру үшін келеді. Өмірде де солай – біреулер даңқ пен байлыққа деген ашкөздікпен дүниеге келеді, ал философтар болса тек бір ғана ақиқат үшін жаралған». Осыдан философтың даңқ пен байлықты ойламайтындығы, бірақ заттар табиғатын (мәнін) зерделейтіні және аңдайтыны келіп шығады.

Бастапқыда философиялық даналық дәстүрлі өмір салты, нормалар мен ұғымдар ретінде көрініс береді. Философияның алғашқы өскіндері әдеттегі, дәстүрлі патриархалдық қағидалардың әділеттігі мен шынайылығына күмән келтіру негізінде өніп шықты.

Тұтастай алғанда, философия ережелері мен әдістері енді табиғи және әлеуметтік шындықты түсіндіру үшін жеткіліксіз болып табылатын мифологиялық – діни сананың дағдарысы кезеңінде пайда болды. Бұл кезде ақиқатты жалпы қабылданғаннан, шынайыны көзге ұрынатыннан бөліп алу, сондай-ақ жаңа өмірлік бағдарлар құру қажеттілігі туындады. Бұл міндеттерді шешуге әрекеттену философияны дүние мен адам туралы еркін, сыни тұрғыдан, зерделі ойлау ретінде дамытуға әкеледі.

Алғашқы ұлы философтар бұдан 2,5 мыңдай жыл бұрын өмір сүрді. Жалпы адамзаттың әртүрлі дәуірлерінде «философия» сөзіне бірыңғай мағына берілген емес. Алайда бұл сөздің шығу тегінің өзі барлық шынайы философияның нақты белгілерін сәтті бейнелеп тұрғандығын мойындаған жөн. Ежелгі Шығыста дана-философты ақиқат пен мәңгіліктің үйлесімін зерделейтін адам ретінде түсінді. Бұл жерде даналықты «барлығынан» бас тарту ретінде қабылдаудың дәстүрлі түсінігі дамыды. Ерекше жаратылған адам ретінде «дана» дүниеге тиесілі емес және тіршілік күйбеңінен тым қашық деген пікір басым болды. Дана байсалды және алаңсыз, өйткені дүниедегі қандай нәрсе болса да, оны алаңдата алмайды.

Ежелгі грек философиясында даналық түсінігімен білім мен мінез құлықтың ең жоғарғы мұраты байланыстырылды. Ол адамды мәңгілік пен шексіздікті ақылмен ұғынуға, толып жатқан сан алуан өтпелі құбылыстарды шыдамдылықпен қабылдауға үйретеді. Нақ сол өмірді лайықты және бағалы етеді. Даналыққа ұмтылушы адам әрқашан заттар табиғатымен келісімді түрде әрекет етуі тиіс. Сондықтан да білімнің бәрі даналық емес, Гераклит әділ атап көрсеткендей «көп білім ақылға үйретпейді», даналықты арттырмайды.

Ұлы Аристотель бізге дана түсінігін ұғына білуіміз үшін көптеген өсиеттерін қалдырды. «Біріншіден, дананың, жеке алып қарағанда, әрбір зат туралы білімі жоқ болса

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 5 беті	

да, біз ол туралы мүмкіндігінше көп біледі деп ұйғарым жасаймыз. Екіншіден, біз адам үшін қиын және қол жеткізу оңай емес нәрсені танып білуге қабілетті адамды дана деп есептейміз. Үшіншіден, біз барлық ғылымда себептерді айқындауды үйретуге неғұрлым қабілетті және неғұрлым дәлдік танытатын адамды дана деп есептейміз. Төртіншіден, ғылымдар арасында көмекші ретінде көп мөлшерде үстемдік ететіндеріне қарағанда, өзі және таным үшін қалаулы болатындары көп мөлшерде дана болады». Аристотельдің пікірінше, дана адам рақаттануды емес, азапты болдырмау жолын іздеуі тиіс.

Жаңа уақытта француз философы және ғалымы Рене Декарт мынаны атап көрсетті: «Даналық ретінде істеріндегі ізгі зерделілік қана емес, сондай-ақ адам танып біле алатынның бәрін жете білу түсініледі. Бұл білім өмірдің өзін бағыттайды, денсаулықты сақтауға, сондай-ақ барлық ғылымдардағы жаңалықтарға қызмет етеді». Декарт даналықтың бірнеше баспалдағын ажыратуды ұсынды. Бірінші баспалдақ ойлап-толғанусыз-ақ меңгерілуі мүмкін айқын ұғымдарды пайдалана білушіліктен көрінеді. Екіншісі сезімдік тәжірибе мәліметтерін қамтиды. Үшіншісі бізді басқа адамдармен қарым-қатынас жасау неге үйрететіндігін есепке алумен көрініс береді. Төртінші баспалдақ жақсы өсиеттері бар кітаптарды оқу негізінде игерілетін біліммен байланысты болады. Даналықтың ең жоғары тұрған бесінші баспалдағы алғашқы себептер мен ақиқаттық бастамаларды іздестіруге бастайды. Даналықта адам өмірінің жоғары игілігі көрініс табады. Философия бұған дейін беймәлім болып келген ақиқатты табуда бастан өткізетін әдеттен тыс рақаттануға жетелейді.

Осылайша терминнің этимологиялық мәніне сәйкес философия «даналыққа құштарлық» немесе даналықты сүю болып табылады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, философияның мәні адамның жетілдірілген білімге деген мәңгі қажетсінуін қанағаттандырудан құралады, мұндай білім даналдық болып табылады. Сонымен даналық дегеніміз – терең ойлылық, қолжетімдігі қиын нәрсені танып білу, өмір тіршілігінің жаңа бағдарларын дайындау, оның басты құндылықтарын анықтау шеберлігі.

Бұған қоса философия дегеніміз осы түсінікке сәйкес, даналықтың өзі емес, тек қана даналықты іздеу, оған ұмтылу ғана болып табылады, мұны құштарлық күшінің мағынасында сүйіспеншілікке теңеуге болады.

Философиялық ойлау түрі – сын және күмәндану.

Адам қашан терең ойлана бастайды? Бірінші мезетте оның алдында дайын жауабы жоқ қандай да бір мәселе (проблема) немесе әлі де үйреншікті бола қоймаған жаңа ақпарат пайда болғанда. Екіншіден, адам бұл проблеманың жауабын табуға ұмтылыс жасағанда немесе жаңа нәрсені түсініп, оның байыбына жетуге тырысқанда. Ойланудың қандай да болмасын қиындық, ыңғайсыздық, күмән туғанда пайда болатындығы туралы философ Джон Дьюи былай деп жазған: «Ойлау тығырыққа тіреліп, таңдау жасау керек кезде басталады» ((Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 1997, 21 бет).

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, салғастырады, проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді, жауап тапса, қайтадан сұрақ қойып, енді соның жауабын іздестіреді, оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», «қаза береді».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 6 беті	

Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауап іздеу, жауап іздеу, жауап іздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу...

Ойлаудың осындай толассыз түрі сыни ойлау деп аталады. Мұнда ойлау тізбекті (сызықты) түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды: оны дәлелдеп беру керек, оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет, оған балама келтіру керек.

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы-төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай (мысалы, сезімдер жетегімен немесе басқа біреудің айтқаны бойынша), олар туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойынан» өткізуі қажет. Ричард Польдің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек. Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрін де ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек». Демек, олар өмірдің барлық жәйттері мен көріністерін ой елегінен өткізіп, олардың өміршендігі, құндылығы мен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастыруы керек. Сол себепті сыни ойлауды көп жағдайда «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Кезінде Сократ «Таным негізінде күмән жатыр» деп бекер айтпаған. Біз әр нәрсеге байыппен қарап, оны екшеп-текшегеннен кейін, күмәндану негізінде туындаған сұрақтарымызға жауап іздестіріп, тапқанда ғана сол зат туралы түсінік пен пікір қалыптастырамыз. Мәселе сол затты жоққа шығаруда емес, мұнда негізгі әрекет – сол затты жан-жақты қарастыру: оған күмәнмен терең үңілу, оны күмәнмен өз тәжірибемізбен салғастыру (ол туралы не білетіндігімізді, оның қажеттілігі мен тиімділігін саралау). Мұнда үнді ақыны Рабиндранат Тагордың «Таным нұры жарқырай түскен сайын, күмән қараңғылығы қоюлана түседі» деген сөздерін де келтіруге болады. Адам көп білген сайын оның күмәні де көбейе түсетіндігі хақ.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу»,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 7 беті	

«екшеп-текшеп, жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

4. Иллюстрациялық материал: <https://ppt-online.org/8654>презентация, схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманкүл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
- 9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
- 10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ғ. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 8 беті

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
- 2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
- 3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәуқенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

- 1 Философия ғылым ретінде деген ұғымды қалай қабылдайсыз?
- 2 Философияның ғылыммен арақатынасын қалай түсінесіз, бағалайсыз?
- 3 Философияның мифологиямен және дінмен сабақтастығының мәні неде?

Дәріс № 2

1. **Тақырыбы:** Философияның пайда болуы және дамуы
2. **Мақсаты:** Философияның мәнін, оның пәні мен функцияларын, философиялық дүниетанымның ерекшеліктерін және философиялық білімнің ерекшеліктерін түсіндіру.
3. **Дәріс тезистері:**

1. Философиялық білімнің негізгі сипаттары
2. Философияның қызметтері
3. Философияның адам және қоғам өмірінде атқаратын рөлі

Философия ғылымының мәнін және мақсатын анықтау үшін философия туралы философия тарихында айтылған анықтамаларды қарастырып көрейік, себебі, **Карл Ясперстің** сөзімен айтсақ, “философиялық пайымдау дегеніміз философия тарихына үңілу”.

Антика дүниесінің данышпандары философия туралы былайша пайымдаған екен:

Сократ: “Философия - ойлау арқылы ақиқатқа, білімге жету”.

Геродот: “Философия - білімді, ақылдылықты сүю”.

Аристотель: “Философия - ғылымдар негізі”. Орта ғасырдың діни ойшылдары:

Аврелий Августин: “Философия - ақылдылыққа құштарлық”.

Томас Аквинат: “Философия - барлық ақиқаттың негізі болатын ақиқат (Құдай) туралы ілім”.

Француз философы **Мишель Монтень:** “Философияның қайғылы, іш пыстыратын нәрселерге еш қатысы жоқ. Даналықтың ерекше бір белгісі - ақылдың көмегімен өмірді қуанышты сипатта ғана қабылдау, ол жан жарасын жеңілдетеді, ауруды жеңуге көмектеседі”.

Жаңа Дәуір ойшылы **Томас Гоббстың** пікірінше, “Философия адамның ақыл-ойы, ол жаратушы тәңірдің барлық істерін зерттеуші, осы істердің ретін, себептерін, салдарын анықтауға көмектеседі”. **Рене Декарт:** “Философия - даналық, адам танып-біле алатын заттар туралы егжей-тегжейлі, жан-жақты білім”.

Неміс философы **И.Г.Фихтенің** пайымдауынша, “Ғылыми даму барысында оның шеңберінен шығып кеткенімен, философия адамның ақыл- ойымен тығыз байланысты”.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 9 беті

Осы анықтамаларға сүйеніп, философиялық білім және оның негізгі белгілері туралы тұжырымдар жасасaq:

1) Философия **даналықпен, ақыл-оймен** байланысты. **Философия** терминінің өзі грек тілінен аударғанда **phileo** - сүйемін, **sophia** - даналық дегенді, басқаша айтсақ, даналыққа құштарлық дегенді білдіреді.

2) Философияның басы - **таңдану**. Сократ “Менің білетінім – мен ештеңе білмеймін, басқалар оны да білмейді” дегендей, таңданған адам заттың, құбылыстың себебіне тереңдеп үніледі, философиялық пайымдау жасауға ұмтылады.

3) Философиялық білімге **еркіндік, тәуелсіздік** тән. Адам философиялық білім жинауға өз еркімен ұмтылады. Тәуелділік философияны көркейтпейді. Грек философиясының еркін, кең түрде дамып, философиялық ойлаудың керемет үлгілеріне қол жеткізгені, керісінше, идеологияға негізделіп, еркін ойлауға тиым салынған кеңестік заман философиясының мазмұны бұл пікіріміздің жақсы мысалы.

4) Философия **ақылды ойлау мәдениетін** қалыптастырады. Бұл - байыпты, ғылыми, толерантты, еркін, творчестволық ойлау.

5) Философия жауабын табу қиын, тез арада шешу мүмкін емес, күрделі мәселелерді зерттеумен айналысады. Мысалы, адам өмірінің мәні мәселесі, табиғат, қоғам, және адамның арақатынасы мәселесі **мәңгілік** мәселелер болып саналады.

Философияның анықтамасы:

Философия - бар болып отырғанды (сущее) тұтас, элементтері бірі - бірімен тығыз байланысты түрде қарастыратын, оның даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Осы бар болып отырғанның арасындағы басты элемент - **Адам**, сондықтан ол философияның ең басты зерттеу объектісі. Қазақ халқының көрнекті жазушы-философы **М.Әуезов** өзінің “Философия жайынан” еңбегінде айтқандай: “Философия... - кең ақыл, терең қиял шығарған, адамның жанын тәрбиелейді, жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып, ақтылыққа сүйрейді. Философия:

- 1) адамның қайдан жаралғанын шешпек;
- 2) адамның жанын, ішкі халін тексермек;
- 3) адамның дүниеге келген мақсатын тексермек.

Философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстаған шамшырақ”.

Бұл ойларды неміс философы И.Канттың сөздерімен толықтыруға болады: “

- 1) Мен не біле аламын?
- 2) Мен не істеуім керек?
- 3) Мен не нәрсеге үміттенем аламын?
- 4) Адам дегеніміз не?

Бірінші сұраққа **метафизика** жауап береді, екіншісіне – **мораль**, үшіншісіне - **дін**, төртіншісіне - **антропология**. Бірақ осының бәрін антропологияда жинақтауға болады, себебі алдыңғы үш сұрақ соңғыға кіреді.

...Адамға аса қажет білім болса, ол мен оқытып отырған, адамға дүниеден өз орнын табуға көмектесетін ғылым және одан адам болу үшін не істеуді үйренуге болады”.

Философияның қызметтері:

- 1) **көзқарастық** - философиялық көзқарас көзқарастың жоғарғы деңгейі болып

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 10 беті

табылады. Көзқарас - адамның өзі, қоғам, дүние туралы өзіндік ой-пікірлерінің күрделі құрылымнан тұратын жиынтығы. Оның құрамдас бөліктері ретінде білімді, ақыл-ойды, сезімдерді, үміт- ұмтылыстарды, наным-сенімдерді, құндылықтарды, күдік-күмәндарды және тағы басқаларды атауға болады. Көзқарастың мифологиялық, діни түрлері белгілі, олардың да адам өміріндегі маңызы ерекше. Бірақ философия ғана жан-жақты, ғылыми, терең, толыққанды көзқарасты қалыптастырады.

2) рационалды жүйелеу - философия адам тәжірибесін теориялық деңгейде тұжырымдайды, ғылыми емес, қарапайым бақылаулардың және ғылыми танымның нәтижелерін философиялық деңгейде қорытып- сараптайды, дұрыс-бұрысын айырып, белгілі бір жүйеге келтіреді.

3) сыни - философиялық ұғымдар мен категорияларды, заңдарды игеру, философия тарихымен, оны жасаушы философиялық тұлғалармен танысу, олардың ілімдерін зерттеу адамға өз өміріне, қызметіне, қоғамдағы орнына тереңірек үнілуге, сыни тұрғыдан талдауға үйретеді. Философия ғылымының көмегімен адам өз өмірін қайта құруға талпынады деуге болады. Ол жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тыныс-тіршілігін сыни сараптан өткізеді, адам мен қоғамның ақиқатқа жету жолындағы қателіктерін жоюға ықпал етеді.

4) болжам жасау - философия жеке адамның да, бүкіл қоғамның да болашағын болжауға септігін тигізеді, жаңа көзқарас-идеялардың негізін салады. Әрине, болашақты түгелдей жоспарлау мүмкін емес. Бірақ философияның көмегімен адам өзінің басты мақсаты - саналы тіршілік етуші адам атына сай өмір сүру сатыларын, өмірлік мақсаттарын, қысқа өмірде қажет болатын негізгі ұстанымдарын жалпы түрде болса да анықтап алады.

5) гуманистік - философия адамды дүниедегі ең басты құндылық деп таниды. Философия ғылымының көмегімен адам өзін ардақтауды, өзімен бірге өмір сүріп отырған басқа адамдарды бағалауды, өзінің бойында адамшылық қасиеттерді тәрбиелеп-дамытуды үйренеді.

6) практикалық - неміс философы Гегель философияны өмір көшінен үнемі кеш қалып жүреді деп сынаса да, қазіргі философияның, онымен айналысатын философ мамандардың негізгі мақсат-міндеті оның практикалық сипатын зерттеу болуы деп ойлаймыз. Жан-жағынан адам, өмір, қоғам, дүние, табиғат туралы түсініксіз сұрақтар қаумалап, өмірден, қоғамнан өз орнын таба алмай қиналған қазіргі заман адамына құрғақ теориялар мен шым-шытырық абстракциялардан пайда шамалы, оған өзінің кім екенін, дүниеге келгендегі мақсатын түсіндіріп беретін, алдынан күнбе-күн тосып отырған қиыншылықтарды жеңуге көмектесетін, бір сөзбен айтсақ, практикалық сипаты бар философия қажет. Бірақ, бұл пікірден философия күйбең тіршіліктің пендешілік қажеттіліктерін түсіндіруді қанағат тұтып қоюмен шектелуі қажет деген тұжырым туындамауы керек, керісінше, ол әрбір адамды терең толғаныс-ойларға жетелеп, өткінші нәрселерден мәңгілік, мызғымас құндылықтарға бойлауға шақыруы тиіс.

Философияның адам мен қоғам өміріндегі орны аса зор:

- 1) философия жеке адамның, әсіресе, жоғары оқу орнында білім алушы маманның **Тұлға** ретінде қалыптасуына маңызды ықпал етеді.
- 2) Философия адамға өмірлік бағыт-бағдар береді.
- 3) Философия дұрыс, ақылды ойлай білуге, өзі туралы тереңірек ойлануға әсерін тигізеді.

Швейцария философы Ю.Бохенский философияның қоғамдағы, адам өміріндегі рөлі туралы айта келіп, ұғымдар әлемінде өзімен-өзі өмір сүруші, адамдардың көбі үшін түсініксіз жан ретінде қабылданатын қарапайым философтың оны қоршаған басқа

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 11 беті	

адамдардың, жалпы қоғамның санасына күшті әсер ететіндігін ескертеді, философ өз ойымен әуелі бір адаммен, сонан соң екінші, үшінші адаммен, бірте-бірте бүкіл қоғаммен бөлісіп, философиялық ой көпшілікке түсінікті болған жағдайда бүкіл адамзаттың бейнесін өзгерте алады деген болатын.

Жоғары білім беру саласында дайындалған маманның кәсіптік деңгейімен бірге адамгершіліктік-рухани және әлеуметтік келбетінің де биік болуы қазіргі кезеңде ерекше өзекті. Осы тұрғыдан алғанда университет қабырғасында білім алушы жастардың қарапайым индивид-пенде емес, өзіне, қоғамға, өмірлік үрдістерге деген терең көзқарасқа ие тұлға болып қалыптасуына айқындаушы әсер ететін философия ғылымы мен оны жастарға жоғары оқу орындарында оқытатын философ мамандарға қойылып отырған талаптардың маңызы арта түсіп отыр.

Ойымызды қорыта келсек, философия ғылымы адамға өзі өмір сүріп отырған орта - табиғат пен қоғамның даму заңдылықтары туралы, өзінің осы жүйеде алатын орны, өмірі, өмірлік мақсат-міндеттері туралы жан- жақты теориялық білім беретін, адамның көзқарасын қалыптастыратын, сонымен қатар практикалық сипатқа ие, қазіргі заман адамына аса қажетті ғылым болып табылады.

4. Иллюстрациялық материал: Презентация, схемелар, таблицалар, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 12 беті

7. Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
8. Эдмунд Ричард Онер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Эдмунд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
9. Юлэн Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлэн ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
10. Әл-Руайхед Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхед, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Г. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.
11. Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1. Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
2. Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
3. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Философия ғылым ретінде деген ұғымды қалай қабылдайсыз?
2. Философияның ғылыммен арақатынасын қалай түсінесіз, бағалайсыз?
3. Философияның мифологиямен және дінмен сабақтастығының мәні неде?

№3 дәріс

1. Тақырыбы: Дүниені философиялық түсінудің негіздері

2. Мақсаты: Білім алушыларға сана, жан, ойлау және тіл туралы философиялық түсінік беру.

3. Дәріс тезистері:

1. Рух, жан, сана.
2. Сананы онтологиялық түсіну.
3. Ойлау және тіл.

Жан, ақыл, парасат, рух.

Жан, ақыл, парасат, рух мәселесі философиялық танымның негізгі мәселелері. Антикалық философиясында рух пен парасаттың космологизмімен ерекшеленеді. Жан, ақыл, парасат, рух мәселесі Пифагор философиясында адамның антропологиялық құрылымымен байланыстырыла түіндіріліп, рух – жоғарғы ақыл, ақыл (төменгі), өмір – тыныс алу және дене деп қарастырылса, Платон бойынша рух- хоус, ақылды жан, ақылды емес жан және дене деп бөлген.

Ортағасыр дәстүріндегі рух пен жанның теологиялық түсінігі қалыптасқан. Рух – құдайлы бастама, жан – жеке сана, дене – табиғи бастама ретінде түсіндіріледі. Танымдық тұрғыдан қарағанда, сана – дүниені бейнелеудің ең биік, тек адамға тән идеалдық формасы. Сана белгісіз, ғайыптан пайда болған, дайын күйінде біздің миымызға енген құбылыс емес. Іштен де тумайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 13 беті

Әрине, адам бойында атадан балаға көшетін кейбір нәсілдік бейімділік, қабілет те болады. Оның дамуы да түрлі жағдайларға байланысты. Бірақ сана ондай қабілет емес. Сана адам миына байланысты пайда болады. Ал ми – оның мекені. Сана адам миы қызметінің жемісі. Адам өз түсіктері арқылы сыртқы дүниедегі құбылыстарды қабылдап, лынған ақпараттарды жүйке жүйелерарқылы арнаулы ми бөліміне жеткізеді, осы сәттен сараптау басталады. Ол өте күрделі биоэлектрлік «**кванттық өрістер**» негізінде жүреді.

Сананы түсінудегі әртүрлі көзқарастарды біріктіріп, екі үлкен топқа бөлуге болады:

- 1) материалистік - сананы материяның дамуында пайда болатын табиғи қасиеті деп түсіну;
- 2) идеалистік - сананы материяға жат, одан алғашқы, жаратылыстан тыс пайда болатын рухани субстанция деп ұғыну.

Жаратылыстану ғылымдарының дамуының нақты жетістіктері сананың мәні, генезисі туралы сауалдарға жауап берді деп айтуға болады. Түйіндеп айтсақ, сана туралы ғылыми көзқарас мынадай: сана ерекше түрде ұйымдасқан материяға - адам миына ғана тән қасиет. Оның дәлелі ретінде адамның миы зақымданғанда оның ойлау, психикалық қызметі бұзылатынын айтсақ жеткілікті.

Сананың табиғаты қоғамдық, яғни ол тарихи эволюция нәтижесінде қоғамда қалыптасты және сананың дамуы қоғамдық ортада ғана мүмкін болмақ. Сананың қалыптасуының алғышарты ретінде еңбекті атауға болады. Еңбектің арқасында адам өзінің күнделікті өмір сүруіне және табиғаттың дүлей күштерінен қорғануға қажетті нәрселерді жасады, табиғат заттарының жаңа қасиеттерін ашты, ой-өрісін кеңейтті, еңбек құралдарын бірте-бірте жетілдіре түсті. Еңбектің дамуы қоғамда өмір сүріп отырған адамдарды жақындатты, олардың бір-біріне бірдеңе айту қажеттілігі туды, араласу құралы ретінде тіл пайда болды. Еңбек пен тіл адамның миын, сезім органдарын дамытты, есту, көру, сезу, қабілетін күшейтті, санасын қалыптастырды. Абстракциялауға, тұжырым жасауға құштарлық еңбек пен тілге қайта әсер етті, оларды дамытуға жаңа күш берді.

Сана, сонымен қатар, бейнелеудің жоғарғы формасы. Бейнелеу барлық материяға тән қасиет. Объективті өмір сүретін заттар, құбылыстар, процесстер бір-біріне үнемі әсер етіп отырады және белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырайды. әрбір зат, құбылыс өзі әсер еткен нәрседе өзінің “ізін”, бейнесін қалдырады. Бейнелеудің сатылары:

- 1) қарапайым бейнелеу - бейнелеудің бұл түрінде субъект объектінің белсенділігін туғызбайды (мысалы, заттың судың немесе айнаның бетінде бейнеленуі).
- 2) информациялық бейнелеу - бейнеленуші бейнелеушінің бойында белсенді әрекет, өзгерістер жасайды. Мұндай бейнелеу тірі табиғатта да, қоғамда да кездеседі. Мысалы, дәріс оқушы ұстаздың студенттің санасында жаңа ойлар оятуы, қарапайым бір клеткалы жануарлар мен өсімдіктердің тітіркенуі.
- 3) әлеуметтік бейнелеу - қоғамдық болмыстың жеке және қоғамдық санада, ой-пікір, көзқарас, идея, теорияларда бейнеленуі.

Бейнелеудің ең жоғарғы формасы деңгейіне көтерілгенге дейін сана материяның төменгі формаларының эволюциясының сатыларынан өтті. Олар:

- 1) **тітіркену** - өсімдіктердің ыстық-суыққа, тәулік уақытына, басқа сыртқы әсерлерге реакциясы.
- 2) **сезімталдық** - жануарлар дүниесіне тән. Организм өзіне биологиялық жағынан алғанда қажетті емес, сонымен бірге биологиялық тұрғыдан бейтарап, бірақ онымен қосыла отырып, информациялық маңызы бар нәрсеге реакция бере алады, яғни түйсік туғызады. Мұндай бейнелеу тірі организмнің ішкі жұмысын, информацияны қорыту жұмысын күрделендіріп, нерв жүйесінің негізін қалайды. Мысалы, аңдар өз жауларын көргенде организмнің барлық мүмкіндіктерін

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 14 беті	

жинақтап, шабуылға немесе қорғануға дайындалады. Бірақ жануарлар ой қорытуға қабілетсіз.

3) **психикалық бейнелеу** - нерв жүйесімен тығыз байланысты. Субъект пен объектінің бір-біріне әсері негізінде психикалық образ (бейне) қалыптасады, ол нерв клеткаларында сақталып, керек уақытында қажетке асады.

4) **адам санасы** - бейнелеудің ең жоғарғы түрі.

Өзіндік сана - адамның өзін саналы тіршілік етуші ретінде түсіне білуі, өзіне деген сыни көзқарасы, өз мүмкіндіктерін бағалай білуі. Өзіндік сана **рефлексия** феноменімен тығыз байланысты. Рефлексия - тұлғаның өзі туралы ойлануы, ішкі рухани дүниесінің тылсым қатпарларына үңілуі. Адам рефлексиясыз өзінің жанында не болып жатқанын түсіне алмайды. Рефлексия деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Рефлексиясы жоғары, өзін танып-білуге, өзіне сыни көзқарас қалыптастыра білген адам міндетті түрде өзгереді.

Сана және өзіндік сана туралы айтқанда саналылық аспектісін міндетті түрде қарастыру қажет. Саналылық - адамның өз қылықтарының қоғамдық салдарларын, қоғам алдындағы парызын түсінуі. Саналылық тұлғаның іс-әрекеттерінің адамгершіліктік-психологиялық сипаттамасы болып табылады, адамның өзінің мүмкіндіктері мен мақсаттарын көре білу қабілетіне негізделеді және ол жаны сау тұлғаның қасиеті.

Бейсаналылық (бессознательное) - адам түйсінбейтін психикалық құбылыстардың жиынтығы. Оларға биологиялық түрде тұқым қуалау арқылы берілетін инстинктер, автоматты түрде жасалатын іс-қимылдар стереотиптері, сезімдік және интеллектуалдық интуиция, түс көрулер, гипнотикалық күйлер және т.б. жатады.

Антропогенездің негізгі концепциялары.

— Теологиялық концепция (креационизм) адамды Құдай жаратты. Жаратылыс эволюция емес, Құдайдың бір мезеттік акті. (христиандық теология и т.б.)

— Биологиялық концепция (дарвиннің эволюция теориясы) – адам табиғи жолмен адам тәріздес маймылдардан биологиялық эволюция заңдар негізінде пайда болды. (Ч. Дарвин, Ф. Энгельс, К.Маркс, В. Ленин, марксизм, позитивизм)

— Адамның ғарыштық эволюция концепциясы – адам ғарыштық, биологиялық эволюция заңдары арқылы космостық және биологиялық организмдердің эволюциясының және Ғарыштық Ақыл нәтижесінде пайда болды. (Махатмы, Е. Блаватская, Ф.Л Дью, Е. Рерих және т.б.).

Дүниенің атомистикалық бейнесі материяны атомдардан тұратын, кеңістікте өмір сүретін, мызғымайтын, қозғалысқа ие және тағы басқа қасиеттері бар зат деп қарастыратын түсінікті орнатты. Бірақ XIX-ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы ғылыми жаңалықтар, атан айтқанда, электронның ашылуы, оның материалдық бөлшек емес, энергия ретінде қарастырылуы, рентген сәулелерінің, радиоактивтіліктің ашылуы материяны дүниенің негізі деп тануды жоққа шығарғандай болды.

Ғалымдар материя жоғалды, энергия ғана қалды, яғни субстанция деп энергияны тану қажет деген пікір айта бастады. Бұл қателік материяны оның құрылымы мен қасиеттері арқылы ғана, яғни, физикалық шеңберде ғана түсінуден туындаған еді. Шындығында материяның философиялық ұғымы өзгерген жоқ. Осы мәселенің басын ашып айтқан В.И.Ленин болды. Өзінің «**Материализм және эмпириокритицизм**» еңбегінде ол материяның жан-жақты анықтамасын берді, және, біздің ойымызша, бұл анықтама (қазір біз В.И.Лениннің көптеген идеяларынан бас тартып отырғанымызға қарамастан) өзінің маңызын осы күнге дейін жойған жоқ. Материяның лениндік анықтамасы мынадай: Материя адамға түйсіктері арқылы берілген, бізге тәуелсіз өмір сүре отырып, біздің түйсіктеріміз арқылы көшірілетін, суреті түсірілетін, бейнеленетін

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 15 беті

объективті реалдылық белгілейтін философиялық категория. Осы анықтамадан материяның онтологиялық мәнін түсінуге болады.

Материя жалғыз субстанция, өзінің себебі, ол жаратылмайды және жойылмайды, оның қасиеттері – қозғалыс, кеңістік, уақыт, жүйелілік, өзін-өзі ұйымдастыру және сана (соңғы қасиет адамға ғана тән). Материяның басты қасиеті – қозғалыс, материясыз қозғалыс, қозғалыссыз материя жоқ. Болу деген қозғалыста болуы дегенді білдіреді. Қозғалысты кез-келген өзгеріс деп түсіндіруге болады, ол материяның сыртқы емес, ішкі, ажырамас қасиеті, ол объективті, мәңгілік және абсолютті. Сонымен қатар, қозғалыс салыстырмалы, себебі ол өзгеріп отыратын, әрбіреуі өзіндік маңызға ие нақты формалар арқылы көрініс табады. Материалдық дүние таусылмас, шексіз, яғни қозғалыстың формалары да сансыз көп.

Тіл мен ойлау өзара байланысты. Дыбыстық тілді де, абстракты ойлау да адамға тән құбылыстар. Біріншіден, тіл де, ойлауда да адам миының туындысы, соның жемісі; екіншіден, тіл де, ойлау да – қоғамдық құбылыстар. Адамның ойы арқылы тілдік бірліктер (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) болмыспен (объективті дүниемен) байланысқа түседі. Тілдік бірліктер болмыстағы заттар мен құбылыстардың аттары. Сондықтан да, тіл – олаудың құралы.

Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып жеткізеді. Тыңдаушы да айтушының ойын тіл арқылы түсінеді. Сондықтан болар, **К.Маркс: «Тіл дегеніміз – ойдың тікелей шындығы»** -дейді. Ой тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы көрінеді. Тіл – пікір алысу құралы, ойлаудың құралы, ойды жарыққа шығару құралы.

Тіл ойлаудың шығуымен бірге, бір мезгілде шығып қалыптасты және оның дамуымен бірге дамып келеді. Ендеше, ойлаудың тілден тыс болуы мүмкін емес.

Бір нәрсені танып білуде тілдің атқаратын рөлі зор. Олай дейтін себебіміз, белгілі бір затты жақсы тану үшін, яғни оған ат қою үшін, ең алдымен сол заттың басты белгілерін білу керек. Сол басты белгілерін жақсы білсең, оны тану да, оған ат қою да оңай. Мысалы, ненең (Солтүстік Мұзды мұхитының жағалауында тұрады) тілінде қардың түрлерін білдіретін 40 шақты арнаулы атаумен бірге жалпы қар ұғымын беретін сыра деген сөз де бар. Аталған тілде шана түрлерін білдіретін 20-дан астам сөзбен бірге нарта деген жалпы атауы тағы бар.

Бұдан шығатын қорытынды: атау сөз (ұғым) жалпы (абстракты) және нақтылы (конкретті), деректі және дерексіз болып бөлінеді.

Адам тіл арқылы ойлайды. Тіл біздің ойымызды туғызып, оны жеткізіп қана қоймайды, сонымен бірге, ол адамдардың сан ғасырғы мол тәжірибесін сақтайды және оларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Адам өз ойын сөйлеп, не жазып білдіреді. Кім айқын, анық сөйлей алса ол айқын ойлай алады. Бұған қарап, тіл мен ойлау тепе-тең, бірдей нәрсе деп ұғып қалуға болмайды. Неміс ғалымы **В.Гумбольдт** солай деп ұққан. Ол әр түрлі тілдердің болуы әр түрлі ойлаудың нәтижесі, -деп есептеді. Бұл мүлде қате тұжырым болатын. «Тіл мен ойлау тепе-тең» деп қателесушілер сияқты, «тіл мен ойлаудың арасында ешқандай байланыс жоқ, олар бір-бірінен мүлде бөлек» деп, қате тұжырымдаушылар да жоқ емес. Мәселен, американдық ғалымдар **Л.Блумфильд пен З.Харис** осылай дейді.

Сонымен, тіл мен ойлаудың арасына тепе-теңдік белгісін қойып теңестіру де, сол екеуінің бірлігін жоққа шығарып, бірінен-бірін бөліп тастау да ешбір ғылыми негізі жоқ қате көзқарастар болып саналады.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-	
Дәріс кешені	96 беттің 16 беті	

Тіл мен ойлау әрдайым бірлікте болады. Ойлау тілдегі сөздер мен сөйлемдердің негізінде іске асады, солар арқылы басқаларға белгілі болады. Басқаның ойын да тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы түсіне аламыз.

4. Көрнекілік материал: Презентация, схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманкүл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
- 9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
- 10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 17 беті

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
- 2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
- 3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6.Бақылау сұрақтары:

1. Рухты, жанды және сананы философиялық түсіну.
2. Сананың онтологиялық түсінігі.
3. Ойлау мен тіл және оның философиялық ерекшелігі қандай?

Дәріс №4

1. **Тақырып:** Болмыс. Онтология және метафизика
2. **Мақсат:** Тарихи контексте әлемді философиялық түсінудің негіздерін түсіндіру.
3. **Дәріс тезистері**

1. Онтология болмыс туралы ілім ретінде.
2. Материя философиялық санаты ретінде.
3. «Материя» ұғымына (санатына) көзқарастар.

Болмыс категориясы - философиялық категориялардың арасындағы ең бастысы. Бұл ұғымға анықтама берсек, болмыс - бар болып отырғанның, өмір сүріп отырғанның барлығын қамтитын және олардың ең маңызды қасиетін - бар болу, нақты өмір сүруді білдіретін категория. Оған мағынасы жағынан жақын ұғымдар ретінде “космос”, “дүние”, “табиғат” ұғымдарын атауға болады, бірақ “болмыс” категориясы кең және ауқымды, мазмұны жағынан терең. Болмысқа қарсы категория - “болмыс емес” (небытие) немесе “болмау” (қазақ тіліндегі философиялық әдебиетте “бейболмыс” ұғымы да қолданылып жүр).

Болмысты жалпы түрде реалды және идеалды деп бөлуге болады. Реалды болмысты өмір сүру, бар болу деп, ал идеалды болмысты мән атайды. Реалды болмыс кеңістіктік-уақыттық сипатқа ие, қайталанбайтын, индивидуалды заттардың, үрдіс-процестердің, әрекеттердің, адамдардың нақты өмір сүруі. Идеалды болмыс мәңгі, уақытқа тәуелсіз, өзгермейді.

Құндылықтар, идеялар, ұғымдар осындай сипатқа ие. Кейбір философтар идеалды болмысты ақиқат болмыс деп таниды.

Болмыстың осылайша жалпы бөлінуін одан әрі жіктесек, оның мынадай түрлерін атауға болады: тірі және өлі табиғаттың заттары, қасиеттері және қатынастары болмысы; адам болмысы; әлеуметтік болмыс; рухани болмыс; материалдық заттар мен олардың түсінік, ұғым, теория түрінде бейнеленетін идеалдық образдары болмысы.

Тірі және өлі табиғаттың заттары, қасиеттері және қатынастары болмысын қоршаған орта деген ұғым арқылы бейнелеуге болады. Қоршаған орта бірінші және екінші табиғат деп бөлінеді. Бірінші табиғат – адамнан бұрын пайда болған, оған дейін өмір сүргеннің бәрі. Оның санасынан тәуелсіз табиғат заттары, процестері және күйлері. Табиғат кеңістік пен уақытта шексіз, табиғат болмысы өзгермелі, объективті, реалды. Онсыз адам өмірі мүмкін емес, бірақ табиғатқа белгілі бір дәрежеде мән беретін, оны қабылдайтын - адам.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 18 беті	

Екінші табиғат - адам бірінші табиғат материалдарын өз еңбегі мен білімінің көмегімен өңдеуінің нәтижесінде жасаған заттар дүниесі, ол табиғи материал мен нақты индивидтердің рухани қызметінің және бұл заттардың әлеуметтік қызметтері мен міндеттерінің ажырамас бірлігі. Бірінші табиғат пен екінші табиғат бір-бірімен тығыз байланысты, сонымен қатар, өзіндік ерекшеліктерге ие. Екінші табиғат көптүрлі, ол әлеуметтік-тарихи болмыс, адам болмысына жақындау, бірақ ол адамнан салыстырмалы түрде тәуелсіз.

Адам – табиғаттың бөлшегі, сондықтан адам денесінің болмысына да болмау, пайда болу, қалыптасу, күйреу және басқа күйге көшу тән. Бұл фактор адамды өз денесін күтуге мәжбүр етеді, онсыз адам болмысы мүмкін емес. Жеке адамның болмысы тек физикалық денемен шектелмейді, ол оның рухани болмысын, ішкі жан дүниесін де қамтиды. Тәнін ғана емес, көне гректер адам болмысының басты көрсеткіші ретінде қарастырған жанын күту, оны жетілдіру де адам үшін басты міндеттердің бірі. Адам болмысы әлеуметтік болмыс арқылы мәнді.

Болмыстың түрлері саналуан болғанымен, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірлікте. Бұл тұжырымды соңғы кезде қарқынды дамып отырған синергетика (synergeia – ынтымақтастық, бірлесе әрекет ету) ғылымы немесе ашық жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыруы теориясы жақсы дәлелдеп отыр.

Болмысты жан-жақты түрде философияның саласы **онтология** зерттейді. Болмыс, оны құрайтын заттар, құбылыстар, процестер сантүрлі болғанымен, осының бәрін біріктіретін бір бастау болуы мүмкін деген мәселе философтарды ерте заманнан-ақ ойландырды және бұл мәселе бойынша пайымдаушыларды плюрализм, дуализм, монизм ілімдерінің өкілдері ретінде бөлуге болады. Дүниенің өзгермейтін, жойылмайтын бір бастауын, негізін бейнелейтін философиялық категория **субстанция** деп аталады.

Плюрализм - дүниенің көптүрлілігін, бұл түрлердің бір-бірінен тәуелсіздігін мойындайды. **Дуализм** - дүниенің екі, материалдық және идеалдық бастауы бар дейді, ал **монизм** бір ғана бастау туралы тұжырымдайды. Монизм идеалистік және материалистік монизм болып бөлінеді. Алғашқысы дүниенің негізі ретінде идеалдықты таниды. Мысалы, Платон барлық нәрселердің негізі ретінде идеяны, ал Гегель абсолюттік идеяны жариялады. Ортағасырлық христиан және мұсылман ойышылдарының да басым көпшілігі осы монистік көзқарасты ұстанды, бірақ дүниенің негізі құдай деп пайымдады. Материалистік монизм дүниенің бастауы материалдық дейді. Бұл көзқарастың өкілдеріне көне гректердің Милет мектебінің ойышылдарын, Ренессанс ғалымдар Н.Кузанский мен Дж.Бруноны, марксизм философиясын жатқызуға болады.

Ғылымның дамуы дүниенің бір, материалдық негізі бар екендігін дәлелдеді деуге болады.

Антика философтары **материя** (лат. materia - зат, материал) ретінде барлық нәрселер одан пайда болып, кейін оған айналатын затты түсінді. Мысалы, Демокрит материалдық және идеалдық дүниедегі өмір сүруші нәрселердің бәрі бөлінбейтін, өте кішкентай бөлшектерден - атомдардан тұрады деп түсіндірді. Гераклит барлық нәрселер оттан жаратылған деген пікірді ұстанды.

Дүниенің **атомистік** бейнесі материяны атомдардан тұратын, кеңістікте өмір сүретін, мызғымайтын, қозғалысқа ие және тағы басқа қасиеттері бар зат деп қарастыратын түсінікті орнатты. Бірақ 19-ғасырдың соңы мен 20- ғасырдың басындағы ғылыми жаңалықтар, атап айтқанда, электронның ашылуы, оның материалдық бөлшек емес, энергия ретінде қарастырылуы, рентген сәулелерінің, радиоактивтіліктің ашылуы материяны дүниенің негізі деп тануды жоққа шығарғандай болды. Ғалымдар материя жоғалды, энергия ғана қалды, яғни субстанция деп энергияны тану қажет деген пікір айта

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 19 беті	

бастады. Бұл қателік материяны оның құрылымы мен қасиеттері арқылы ғана, яғни, физикалық шеңберде ғана түсінуден туындаған еді. Шындығында материяның философиялық ұғымы өзгерген жоқ. Осы мәселенің басын ашып айтқан В.И.Ленин болды. Өзінің “Материализм және эмпириокритицизм” еңбегінде ол материяның бірнеше жан-жақты анықтамасын берді, және, біздің ойымызша, бұл анықтама (қазір біз В.И.Лениннің көптеген идеяларынан бас тартып отырғанымызға қарамастан) өзінің маңызын осы күнге дейін жойған жоқ. Материяның лениндік анықтамасы мынадай: “**Материя** адамға түйсіктері арқылы берілген, көшірілетін, суретке түсірілетін, олардан тәуелсіз өмір сүре отырып түйсіктері арқылы бейнеленетін объективті реалдылықты белгілеуге арналған философиялық категория». Бұл анықтаманы В.И.Ленин: «...материя дегеніміз біздің сезім мүшелерімізге әсер ете отырып түйсік туғызатын нәрсе...», «материя ұғымы бізге түйсіктеріміз арқылы берілген объективті реалдылықтан басқа ештеңені білдірмейді» деп толықтыра түседі (В.И.Ленин. Шығармаларының толық жинағы., 18-т., 131, 149, 283 бб.). Осы анықтамадан материяның онтологиялық мәнін түсінуге болады: материя – жалғыз субстанция, өзінің себебі, ол жаратылмайды және жойылмайды, оның қасиеттері - қозғалыс, кеңістік, уақыт, жүйелілік, өзін-өзі ұйымдастыру және сана (соңғы қасиет адамға ғана тән).

Материяның басты қасиеті - **қозғалыс**, материясыз қозғалыс, қозғалыссыз материя жоқ. Болу деген қозғалыста болуы дегенді білдіреді. Қозғалысты кез-келген өзгеріс деп түсіндіруге болады, ол материяның сыртқы емес, ішкі, ажырамас қасиеті, ол объективті, мәңгілік және абсолютті. Сонымен қатар, қозғалыс салыстырмалы, себебі ол өзгеріп отыратын, әрбіреуі өзіндік маңызға ие нақты формалар арқылы көрініс табады. Материалдық дүние таусылмас, шексіз, яғни қозғалыстың формалары да сансыз көп. Қозғалыс формаларының Ф.Энгельс 19-ғасырда жасаған классификациясы қазіргі кезде ғылымның жаңалықтарымен толықтырылып, кеңейе түсті, бірақ негізін сақталды деуге болады. Ол қозғалыстың механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық және әлеуметтік түрлерін атап көрсетті: «Әлемдік кеңістіктегі қозғалыс – жеке алғандағы аспан денелеріндегі шағын массалардың механикалық қозғалысы, молекулалардың жылу немесе электр немесе магнит тоғы ретінде тербелісі, химиялық ыдырау және қосылу, органикалық өмір – қозғалыстың формалары міне осындай, олардың бойында – біреуінде немесе бірнешеуінде бірден – дүниедегі әрбір жеке атом әрбір осы сәтте болып отырады» (К.Маркс, Ф.Энгельс. Шығармалары, 20-т., 561 б.). Ф.Энгельс материяның объективті өмір сүретін түрлері мен оларға тән қозғалыс түрлеріне сүйене отырып табиғат туралы ғылымдардың классификациясын (жіктемесін) жасайды:

механика – аспан денелерінің және жекелеген аспан денелерінің салыстырмалы түрде шағын массалары туралы ғылым;

физика – молекулярлық қозғалыс туралы ғылым (сол кезде оның негізінде жылу ғана емес, жарық, электр, магнит құбылыстары түсіндірілді);

химия – атомдардың қосылуы мен ажырауын зерттейді;
биология – ерекше күрделі химиялық қосындылар болып табылатын белоктық денелердің өмір сүру тәсілі – өмір туралы ғылым.

Материя түрлері мен қозғалыс түрлерінің байланысын Энгельс денелердің үлкен түрлерінен шағын түрлеріне қарай жүре отырып қарастырады. Прогрессивті даму атомнан басталады. Табиғат дамуының барысында денелердің химиялық құрылымының күрделенуі нәтижесінде материяның жаңа түрі – тірі белок пайда болады. Оған қозғалыстың ерекше, жоғары түрі – өмір тән. Тірі табиғаттың одан әрі дамуы адамның және оның ерекше қызметі – еңбектің пайда болуына әкеледі. Қоғамдық өмірдің материя қозғалысының

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 20 беті

формасы ретіндегі ерекшелігі – қоғамдық адамның саналы, белгілі бір мақсатқа бағытталған еңбектену қызметі.

Кеңістік және уақыт - материяның маңызды атрибуттары. Кеңістік - материя болмысының объективті, жалпы, заңды формасы, ол әртүрлі жүйелердің көлемге ие екендігін, өзара орналасқандығын, құрылымдылығын және бірге өмір сүретіндігін сипаттайды. Реалды кеңістік – тіршілік етушілерді іс жүзінде бөлудің, сонымен қатар біріктірудің тұрақты көрсеткіші. Ол үш өлшемді, кез-келген кеңістіктік қатынастар үш өлшем–координаталар (ұзындық, ен, биіктік) арқылы сипатталады. Салыстырмалылық теориясы төрт өлшемділікті қолданады, үш өлшемге төртінші өлшем □ уақыт қосылады. Уақыт □ әртүрлі жүйелердің жағдайларының созылғандығын, ретпен жүруін сипаттайды, материя болмысының объективті, жалпы және заңды формасы.

Уақыт бір өлшемді, бірбағытты, қайта оралмайды, ылғи да өткеннен болашаққа қарай жүреді.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 96 беттің 21 беті
Дәріс кешені		

- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
- 9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
- 10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.
- 11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
- 2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
- 3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Болмыс философиясының негізгі ерекшеліктері .
2. Шығыс мәдениетінде болу және оның философияның дамуына әсері.
3. Философия материясының санаты.
4. Қозғалыс және оның негізгі формалары.

Дәріс №5

1. **Тақырып:** Таным және шығармашылық
2. **Мақсат:** Адамның әлемге танымдық қарым-қатынасының ерекшелігі.
3. **Дәріс тезистері:**
 1. Таным философиясының мәселесі ретінде.
 2. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары.
 3. Таным және шығармашылық. Шығармашылық және түйсік.

Таным - адамдардың білімге жетуге бағытталған белсенді қызметі.

Таным мүмкін бе? Философтардың басым көпшілігі адамның дүниені танып- білу қабілетіне сенеді (**гносеологиялық оптимизм**). Танымды жокқа шығарушы бағыт **агностицизм** (грекше – agnostos- танылмайтын) нақты таным мүмкін емес, адам материалдық жүйелердің, табиғат пен қоғам заңдарының нақты мәнін танып-біле алмайды деп есептейді. Осыған ұқсас бағыт **скептицизм** де реалды шындықты танып-білу мүмкіндігі күмәнді деген пікірді ұстанады. Мысалы, грек ойшылы **Пиррон** «заттарды сезім арқылы да, ақыл-ой арқылы да ақырына дейін танып-біле алмаймыз» десе, оның отандасы **Тимон** «мен заттың тәтті екенін сеземін, бірақ шынында да тәтті ме – оны айта алмаймын» деп пайымдайды. Жалпы алғанда, **скептицизм** – философияға қажет элемент, себебі күмәндану, сын, терістеу догматизмге, абсолютизацияға қарсы және скептицизм адамды тереңдікке жетелейді. (Қазіргі заман адамына, әсіресе жастарға өмірдің заттары, құбылыстары, өзін қоршаған адамдар туралы күмәндана жүрген артық етпейді – Г.Н.).

Танымның негізгі екі түрі бар. Олар – **қарапайым стихиялық эмпирикалық және ғылыми таным**. Осы екеуінің арасында әсіресе қазіргі заманда кең өріс алып

QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 22 беті

отырған ғылымнан тыс, парағылымдық (пара - грекше para қасында, жанында, маңында) таным бар екенін де ескерте кетеміз. Ол ғылыми терминдерді қолданады, бірақ ғылымдардың басым көпшілігі олардың ғылымға қатысы жоқ деп есептейді (астрология, алхимия, магия, бақсылық, спиритизм және т.б.). Парағылымдық таным түрлері қоғам дағдарысы кезеңдерінде кең өріс алады. Еліміз үшін өтпелі кезең болған 90-жылдары бұл құбылысты біздің қоғам да басынан кешкені есімізде.

Таным процесінде негізгі рөлді **сезімдік және рационалдық таным** атқарады. Сезімдік таным дегеніміз - дүниені, оны құрайтын заттар мен құбылыстарды сезім мүшелері арқылы танып-білу. Сезімдік танымның үш формасы бар: сезіну, қабылдау, елестету. **Сезіну** - қарапайым сезімдік бейнелер, материалдық заттардың жекелеген қасиеттерінің, сапаларының, жақтарының (мысалы, түсінің, иісінің, түрінің, жұмсақтығының немесе қаттылығының) адам санасында бейнеленуі. **Қабылдау** сезінулердің негізінде қалыптасады және қасиеттердің жиынтығы заттың тұтас бейнесін жеткізеді. **Елестету** - сезімдік танымның күрделі формасы, себебі елестетуде сезіну мен қабылдаудың бұрынғы нәтижелері сақталып, санада заттың бейнесі қалыптасады. Елестету процесінде есте сақтау мен қиялдау үлкен рөл атқарады.

Рационалдық танымның жоғарғы сатысы - абстрактылық ойлау.

Ұғым - ойлаудың формасы, ұғымда реалды заттар мен құбылыстардың жалпы, мәндік, қажетті қасиеттері бейнеленеді. **Пікір** - заттың қасиетін, ерекшелігін, басқа заттармен байланысын анықтайтын ойды жеткізу формасы. **Ой түйіндеу** - пікірлер арасында байланыс орнату арқылы логикалық жолмен жаңа білім алу. Танымның субъектісі - объектіге бағытталған белсенді қызметті жүзеге асырушы, танып-білуші, материалдық және рухани қызмет иесі. Танымның объектісі - болмыстың субъектінің танып-білу қызметі бағытталған, оған қарсы тұрған бөлігі. Субъект пен объект диалектикалық бірлікке ие. К.Поппер субъектісіз таным теориясын ұсынады. Бірінші дүние болып физикалық жағдай дүниесі саналады. Екінші дүниеге психикалық дүние, сана жағдайындағы дүние жатады. Үшінші, субъектісіз дүние тәуелсіз, кітаптарда, ғылыми білім дүниесінде тәуелсіз өмір сүреді, бүкіл адамзаттың игілігіне айналады. Таным – субъект пен объектінің өзара әсері. Таным үрдісінде алдыңғы білім – субъектінің бойындағы білім, дағды, ұстанымдар ерекше рөл атқарады. Олар логикалық түрде тілде көрініс табады. М.Полани көрінбейтін білім, тұлғалық білім ілімін қалыптастырды. Бұл – индивидуалдық субъектінің практикалық жолмен, бірге жұмыс жасау барысында, жеке қатынастар арқылы жинаған білімі.

Метод - (грек тілінде metodos) мақсатқа жету тәсіл-әдісі, белгілі бір түрде реттелген практикалық және теориялық танымдық қызмет. Ғылыми методтар **эмпирикалық және теориялық** болып бөлінеді. Эмпирикалық методтар қатарына **бақылау, салыстыру, өлшеу және эксперимент** кіреді. Бақылау - объектіні белгілі бір мақсатқа бағытталған түрде жүйелі қабылдау. Бақылауғылыми зерттеуді

алғашқы материалмен қамтамасыз етеді. Бақылауға мақсатқа бағытталғандық, жүйелілік және бақылау жүргізуші субъектінің белсенділігі тән. **Салыстыру** - объектілердің ортақ жақтары мен ерекшеліктерін анықтау мақсатымен оларды қатар қойып қарастыру методы. Егер объектілер эталон ретінде алынған объектімен салыстырылса, мұндай салыстыру өлшеу деп аталады. Өлшеу процесіне субъект (өлшеуші), объект (өлшенуші нәрсе) және өлшем бірлігі, өлшеу аспабы, өлшеу методы қатысады.

Эксперимент - experimentum (тәжірибе, сынау) эмпирикалық танымның күрделі және тиімді методы, зерттеуші-экспериментатор объектіге белсенді әсер етеді, оның қасиеттерін анықтауға ықпал ететін жасанды жағдайлар жасайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 23 беті

Теориялық методтар.

Идеалдау - назарды заттың бір қасиеттерінен аударып, оның басқа қасиетін бөліп алуға - абстракциялауға негізделіп, идеалды объектілерді, яғни нақты өмірде жоқ, бірақ оларды зерттеу күрделі жүйелерді жеңілдетуге көмегін тигізетін объектілерді ойша құрастыру. Формалдау - формалданған жүйелердегі білімнің кейбір салаларын жасанды тілдердің көмегімен зерттеу методы. Абстрактылықтан нақтылыққа өту.

Абстрактылық білім - объект туралы толық емес, біржақты, мазмұны объектінің жеке жақтары болып табылатын ұғымдар мен категорияларда бейнеленген білім.

Нақты білім (konkretus - қоюланған) - жан-жақты, толық, объектіні оның жақтарымен байланыстарының жиынтығы ретінде бейнелейтін білім. Тарихи және логикалық методтар. Тарихи метод объектінің тарихын, өткен жолын егжей-тегжейлі зерттейді. Логикалық метод объект тарихын кездейсоқ құбылыстардан тазартып, тек негізгі, маңызды жақтарын қамтиды, соның нәтижесінде тарихи процестің логикасын, даму заңдылықтарын анықтайды.

Танымның мақсаты - ақиқатқа жету. Ақиқат - объект туралы сезімдік және интеллектуалдық таным арқылы алынған, шындыққа сәйкес келетін білім. Адасу - дұрыс екендігіне белгілі бір дәрежеде сенім бар, бірақ объективтік шындыққа, ақиқатқа, затқа,

нақты жағдайларға, логикалық заңдарға сәйкес келмейтін түсінік, ой немесе ойдың бағыты. Жалған - адасудың әдейі жасалған түрі. Ғылыми процесс қателіктерсіз мүмкін емес. Объективтік ақиқат - таным субъектісінен, адамзаттан тәуелсіз ақиқат. Абсолюттік ақиқат - объектісін дәл бейнелейтін, ол туралы жан-жақты, толық, ақиқаттығы ешқашан күмән тудырмайтын, қоғам мен ғылым дамыған сайын жаңа фактілер арқылы дәлелденіп отыратын білім. Салыстырмалы ақиқат - зат туралы негізінен дұрыс, бірақ шектелген, әлі де болса толық емес, таным процесінде одан әрі нақтыланып, тереңдетілетін білім.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайдтар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 24 беті

4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).

5. Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015. - 368 б. с.

6. МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

7. Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.

8. Эдмунд Ричард Онер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Эдмунд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.

9. Юлэн Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлэн ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.

10. Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ғ. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

11. Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Қаз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1. Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2. Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Білім және таным.
2. Танымның негізгі екі түріне сипаттама беріңіз.
3. Сезімдік таным және оның түрлері.
4. Теориялық методтарға анықтама беріңіз.

Дәріс №6

Тақырып: Білім, ғылым, техника және технологиялар

2. Мақсат: Әлеуметтік институттардың бұл түрлерін философиялық зерттеу объектілері ретінде сипаттаңыз.

3. Дәріс тезистері:

1. Білім философиясы саласының пәні мен ерекшелігі
2. Ғылым білім, әрекет және әлеуметтік институт, танымның жаңа әдістері ретінде.
3. Білімнің ғылым және техника философиясымен байланысы

Ғылыми таным - таным мен білімнің ең жоғарғы формасы, ол адамға дүние туралы объективтік білім жинауға мүмкіндік беріп, оған өзін тұлға ретінде

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 25 беті

қалыптастыруға, белгілі бір көзқарасқа ие болуға және өмір мен қоғамнан өз орнын табуға көмектеседі.

Ғылыми танымның ерекшеліктері. Ғылыми танымның зерттеу объектісі қарапайым таным объектісіне қарағанда күрделі, ол көбіне қарапайым сана әлі игермеген, оның танымдық шеңберінен тыс объектілерге бағытталған. Ғылыми таным белгілі бір мақсатқа бағытталған және алдына осы мақсаттан туындайтын белгілі бір міндеттер қояды. Ғылыми танымның арнайы құралдары мен метод-әдістері бар. Ғылыми қызметтің нәтижесі - ғылыми білімге дәлдік, айқындық, жүйелілік және негізделгендік тән. Ғылыми білімді өндіріс пен күнделікті тәжірибеде тексеру жеткіліксіз. Ол объект туралы мейлінше дәл, эксперименттік бақылау арқылы дәлелденген, өзіне дейінгі білімдерден туындаған және оларды жүйелі түрде құрастырып, пайдалана білген білім болуы тиіс. Ғылыми танымда ерекше ғылым тілі қалыптасады. Ғылым процесі арнайы дайындықтан өткен субъектілердің қызметі арқылы жүзеге асады.

Ғылым дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап берудің оңай еместігінің дәлелі ретінде оның қашан пайда болғандығы туралы пікірталастың әлі күнге толастамай отырғанын айтуға болады. Ғалымдардың бір тобы ғылым ежелгі дүниенің антикалық кезеңінде, яғни, осыдан 2,5 мың жыл бұрын пайда болды десе, енді бір ғалымдар нағыз ғылым тек Жаңа Дәуір кезеңінде, шамамен 18- ғасырда қалыптасты деген пікірді ұстанады. Мұндай пікірталастың себебі ғылымның күрделі және санқырлы құбылыс екендігінде. Ол бір жағынан алғанда білімдердің, теориялық қағидалар мен методтардың жүйесі, сонымен бірге қоғамдық сананың формасы, қоғамдық дамудың рухани жемісі, қоғам дамуын басқару құралы, өндіргіш күш, күрделі информациялық жүйе және т.б. Осы әртүрлі салалардың мамандары ғылымға әртүрлі анықтамалар береді және олардың ешқайсысын да теріске шығаруға болмайды. Әртүрлі анықтамаларды қорыта келіп, ғылымның жалпы анықтамасын беретін болсақ, **ғылым - табиғат, қоғам және адам туралы білімдер өндіруге бағытталған зерттеу қызметі саласы.**

Бұл анықтамадан ғылымның зерттеу пәні туралы түсінік алуға болады. Ғылым ең әуелі адамды қоршаған орта - табиғатты зерттеуге бағытталған қызметтің жемісі ретінде дүниеге келді. Бірте-бірте қоғам туралы ғылыми түсініктер жинақтау қажеттігі туындады. Бірақ ғылым үрдісіндегі басты тұлға, ғылымның басты субъектісі де, объектісі де □ адамның өзі. Адамның қатысуынсыз ғылымның қалыптасуы мүмкін емес, сонымен бірге, адам өзін түсінуге, өз мүмкіндіктерін анықтауға, табиғат пен қоғамның ғана емес, өз болашағын болжауға көне заманнан бастап осы күнге дейін талпынып келеді және бұл үрдіс адам жер бетінде қанша өмір сүрсе, сонша жалғаса бермек.

Ғылымның функциялары. Ғылым күрделі әлеуметтік қызмет- функциялар атқарады. Бұл функциялар ғылымның өзінің дамуымен бірге үнемі өзгеріп, толықтырылып және ғылымның дамуына өзіндік әсерін тигізіп отырады. Қазіргі ғылымның үш әлеуметтік функциясын атап көрсетуге болады:

1. мәдени-көзқарастық;
2. өндіргіш күштер функциясы;
3. әлеуметтік күштер функциясы.

Ғылымның генезисі және негізгі даму кезеңдері.

Ғылымның генезисі, қоғамдағы қызметі және дамуының қозғаушы күштері мәселесі бойынша интерналистік, экстерналистік және позитивистік концепциялар бар. **Интернализм** ғылымның пайда болуы мен дамуына философиялық ой тікелей әсер етті деп есептейді және қоғамның әлеуметтік- экономикалық, саяси құрылымы мен сол қоғамның ғылымының арасында ешқандай байланыс болуы мүмкін емес деген пікірді ұстанып, ғылымның ішкі факторларын абсолютке айналдырады. **Экстернализм** бұл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 26 беті	

концепцияға қарсы. Оның өкілдерінің пікірі бойынша, ғылымға сыртқы факторлардың әсері мықты. **Позитивизм:** ғылым нақты, тәжірибеден өткен, дәлелденген фактілерге сүйене отырып дами алады, абстрактылық ойлау мен метафизикалық түсініктер ғылым үшін пайдасыз. Біздің ойымызша, ғылымның пайда болуына, эволюциясына, қоғамда атқаратын қызметіне жоғарыда аталған факторлардың бәрі де белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді және ол әр дәуірде әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан оларды бір-біріне қарсы қойып, немесе бір-бірінен бөліп алып, белгілі бір факторларды абсолютке айналдыру дұрыс емес.

Ғылымды зерттеуші ғалымдар ғылымның даму кезеңдері туралы әртүрлі пікірлер айтады. Олардың бір тобы ғылым көне заманда қалыптасты десе, енді бір ғалымдар ғылым қоғамның ерекше саласы ретінде Жаңа Дәуірде пайда болды деп тұжырымдайды. Біздің пікірімізше, ғылымның даму кезеңдері туралы мейлінше дұрыс пікірді ұсынған қазіргі заманғы Ресей ғалымы В.В.Ильин. Ол ғылымның дамуын классикалық, классикалық емес және неоклассикалық емес деп жіктейді. Бұл жіктеуді ғылымның классикалыққа дейінгі кезеңімен (ғылымның алғашқы бастаулары десек те болады) толықтырған дұрыс секілді деп ойлаймыз. Себебі, классикалық ғылым кезеңіне дейін ғылым ұзақ уақытқа созылған “нағыз ғылымға” дейінгі қалыптасу кезеңінен өтті.

Алғашқы қауымдық қоғам дамуының мыңжылдық практикасы ғылымды қалыптастыра алған жоқ. Білім күнделікті өмірдің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ғана бағытталып, одан жоғары көтеріле алмады. Алғашқы қауымдық қоғамда өмір сүрген адамдар дүние туралы білім жинамады деуге болмайды, бірақ заттар туралы объективтік білім оларды субъективтік қабылдаумен тығыз байланысты еді, яғни, объективтік білім элементтері мен субъективтік сана арасында шекара болмады, табиғат құбылыстары адам және оның өмірімен байланысты түсіндірілді.

Адам ойы таза теориялық білім деңгейіне көтерілуі үшін оның дәстүрлі практикалық бағытталғандығын бұзу қажет еді. Ескі сананы күйрету санаға тікелей әсер ету арқылы емес, сана бейнелеп отырған дүниені түбірімен қайта түсіну арқылы жүрді. Дүниеге деген жаңа көзқараста заттар адамға байланысты емес, объективті, заттар мен адам жеке-жеке, бір-біріне қатысты, бірақ тәуелсіз нәрселер ретінде пайымдалды. Осындай ерекшелік көне гректерге тән еді. Ғылымды зерттеуші ғалымдардың бәрі дерлік ғылымның отаны **көне Греция** деп мойындайды. Гректер Египет пен Вавилон империяларында бірнеше жүзжылдықтарға созылған соғыстардан аман қалған, ұзақ уақыт ескерілмеген білімдерді қабылдап алды және жәй қабылдап қана қоймай, өздерінің ақыл-ойының, ойлау қабілетінің күштілігі арқасында өздерінің білімдерін қоса отырып жаңа дәрежеге көтерген, оларға абстрактылық және рационалдық сипат берген халық болды.

Ғылым дамуының **классикалық кезеңі** 16-ғасырдан басталды деуге болады. 16-ғасыр – адам рухының қайта өркендеген кезеңі. Қалалардың көбеюі адамның сезімдері мен өмірлік құндылықтарының жаңа деңгейде дамуына оң әсерін тигізді. Университеттер пайда бола бастады, олар әлі күнге дейін ғылым ордасы болып есептеледі. Өркендеу дәуірінде елеулі ғылыми жаңалықтар дүниеге келді, осы кезеңде ғылым мен өнерді біріктірген ғұламалар өмір сүрді. Олардың бәрінің есімдерін және ашқан жаңалықтарының бәрін бірдей атап шығу мүмкін емес. Ең басты тұлғаларға тоқталсақ: **Леонардо да Винчи** (1452-1519) - ұлы суретші және қазіргі жаратылыстану ғылымының пионері; **Николай Коперник** (1473-1543) поляк астрономы, дүниенің гелиоцентристік жүйесін ашты; **Джордано Бруно** (1548- 1600) - әлем біртұтас, шексіз, үнемі өзгеріп отыратын монадалардан тұрады деп тұжырымдады; **Галилео Галилей** (1564-1642) - Жер айналып отырады, дүниені математика, механика ғылымдарының, ақыл-ойдың көмегімен тануға болады деп пайымдады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 27 беті

Одан бергі ғылымдағы негізгі революциялық жаңалықтар - атом бөлшектерінің ашылуы, атом бомбасының жасалуы, космосты игеру, ғылым жетістіктерінің өндіріс саласына көптеп енгізілуі немесе ғылымның өндіргіш күш ретінде қарқынды дамуы, электроника және кибернетика салалары жетістіктерінің адамның өмір сүруін жеңілдету үшін қолданылуы, яғни, адамның күнделікті тұрмысында ғылымның кең орын алуы.

Бұл классикалық кезең Галилей мен Пуанкареге дейінгі 16-20 ғасырларды қамтиды.

Неоклассикалық емес қазіргі кезеңде ғылым жеке салаларға бөлініп кетті. Бұл құбылыс ғылымның дағдарысына әкеліп соқты деуге болады. Оның басты себебі □ ғылымның басты мақсаты □ жалпы дүние туралы білім жинау екендігі ұмыт болды және дүниені тұтас нәрсе деп қарастыру принципі естен шығарылды, әрбір ғылым өзімен-өзі болып кетті.

Ғылымды зерттеу аспектілері.

Ғылым философиясы. Ғылымды философиялық тұрғыдан зерттеу аса маңызды және ол ғылым мен ғылыми қызметті зерттейтін басқа пәндердің арасында ерекше, басты орын алады. Ғылымды зерттеудің әртүрлі жеке методтары мен арнайы ғылымтану пәндері қаншалықты прогрессивті және өзекті болғанымен, олар ғылымды философиялық тұрғыдан зерттеудің орнын баса алмайды. Философия ғылымды қоғамдық сананың белгілі бір формасы және адамның дүниеге көзқарасын анықтаушы теориялық сана ретінде, қоршаған ортаға қатынастың типі ретінде сараптайды.

Ғылым социологиясы. Ғылымды идеяның дамуы, танымдық жүйе деп қарастырумен шектелмей, оны қоғамдық өндірістің түрі, әлеуметтік жүйе ретінде түсіну ғылым социологиясының пәнін анықтайды. Ғылым социологиясы ғылымдағы қоғамдық қатынастар және ғылым мен қоғам арасындағы қатынастар жүйесін зерттейді. Ғылымды социологиялық танып- білу үш саланы қамтиды: 1) ғылыми қызметтің ішкі құрылымы, немесе әлеуметтік институт ретіндегі ғылыми қызмет шеңберіндегі қоғамдық қатынастар; 2) ғылым және қоғам, ғылым мен қоғамның басқа компоненттері арасындағы өзара қатынас және өзара байланыс; 3) ғылымдағы адам.

Ғылым психологиясы 20-ғасырда қарқындап дамыды. Бұл құбылыс кіші ғылымдардан үлкен ғылымдарға көшумен, ғылыми-ізденіс жұмысында ұжымдық принципінің басым бола бастауымен, ғылыми іс-қызметті күшейтудің факторларын ашуға ұмтылумен тығыз байланысты. Қазіргі ғылым ерекше шығармашылық және әлеуметтік жүйе, сондықтан психологиялық факторлардың ғылыми үрдіс-процестің дамуын жеңілдетуге немесе бәсеңдетуге тигізетін әсері мол. Ғылым психологиясы ғалымның білім өндірісінде маңызды рөл атқаратын елестету, шабыттану, интуиция, негіздеу және басқа психологиялық қасиеттерін-объектілерін зерттейді. Сонымен қатар, ғылым психологиясы индивидуалдық-творчестволық құбылыстармен шектелмей, ғылыми ұжымдағы тұлғааралық қатынастардың ғылым үрдісіне, ғалымдардың интеллектуалдық қызметіне әсерін зерттеу объектісі ретінде қарастырады. Ғылым психологиясы қазіргі кезеңде ғылымды зерттеудің маңызды саласына айналып отыр.

Ғылым этикасы ғылым дамуының заңдылықтарын, практиканың және ғылымның сапасын көтеруге бағытталған ғылымды басқарудың қажеттіліктерінен туындайды. Моральдық-этикалық факторлар ғалымның ізденістік қызметінің маңызды жағы. Ғылымның өмір сүруінің өзі ғылыми тазалық, әділдік, принципшілдік, ақиқат үшін күрес секілді моральдық қасиеттерсіз мүмкін емес. Ғылымдағы этикалық аспектілер санқырлы және олар әртүрлі деңгейлерде әртүрлі көрінеді. Мысалға ғалымның өзіне дейінгі ғалымдарға, олардың шығармашылығына, өзінің әріптестеріне, өзінің жолын қуушы шәкірттеріне деген этикалық-моральдық қатынасын алуға болады. Тұлғааралық қатынастардың этикалық аспектілері ұжымдық шығармашылық жағдайында айқындала

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 28 беті

түседі. Бұл қатынастар шынайы, адал, әділетті, үлкенге құрмет, кішіге ізет принциптері негізінде құрылған болса, көреалмаушылық, дөрекілік, мансапқорлық сияқты жағымсыз қасиеттерге жол берілмесе □ ғылыми ұжымдағы хал-ахуал да жақсы болып, ғылыми ізденісте жаңа табыстарға қол жеткізу мүмкіндіктері көбейе түспек. Ғалымға қажетті моральдық қасиеттердің негізгілері туралы айтатын болсақ, олар: ғылыми ақиқатты қорғау жолында аянбау, азаматтық батылдық, адамгершіліктік тазалық, адалдық, шыншылдық, жауапкершілік және тағы басқалары.

Ғылым тарихы ғылымның тарихын оның пайда болған уақытынан бастап қазіргі заманға дейін зерттейді. Ол ғылыми дамудың заңдылығын негізінен тарих ғылымының деректеріне сүйеніп, ғылымның дамуындағы жекелеген құбылыстар мен оқиғаларды сараптап, сондай-ақ ғылымды зерттейтін басқа пәндердің □ ғылым логикасы, ғылым психологиясы, ғылым этикасы, ғылым социологиясы, ғылым экономикасы және тағы басқалардың жетістіктерін пайдалана отырып ашады. Ғылым тарихы бойынша жазылған Джон Берналдың “Қоғам тарихындағы ғылым” еңбегі осы ойымыздың жақсы мысалы бола алады және бұл еңбектің жазылғанына көп уақыт өтсе де, әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Ғылым тарихында ғылыми ойдың дамуының барлық байлығы жинақталған, сондықтан да оны зерттеу аса қажетті. Ғылым тарихының мақсаты – тарихи-ғылыми оқиғаларды хронологиялық жағынан тізбелеп, сипаттап қою емес. Оның мақсаты - ғылым мен техниканың даму заңдылықтарын ашуға ықпал ету.

Ғылымды біз әдетте адамның дүние туралы жалпы білім жинауға бағытталған қызметі деп түсінгендіктен, бір қарағанда ғылыми процесте дәстүрге, өткенге қайта оралуға орын жоқ секілді көрінеді. Бірақ тереңдеп тексерсек, дәстүрлер ғылым дамуының және ғалымдардың ізденістік қызметінің негізі. Бұл қағиданы барлық ғылымдарға ортақ деуге болады. Ғылымдағы дәстүрлер проблемасының негізін қалаушы американдық физик-философ **Томас Кун**. Гарвард университетінде стажировкадан өткен үш жыл ол үшін ғылым тарихын А.Койре, Э.Мейрсон, Е.Мецгер және А.Майердің еңбектеріне сүйене отырып еркін зерттеуге арналған кезең болды. Кейінірек әлеуметтік ғылым өкілдері мен жаратылыстану саласының ғалымдарының арасында ғылыми проблемаларды қою мен оларды шеше білу мәселелері бойынша туындаған көзқарас алшақтығы Т.Кунды ғылымдағы дәстүрлер тақырыбын жан-жақты зерттеуге, **ғылым динамикасының парадигмалық концепциясын** жасауға итермеледі.

Бұл концепцияның мәні мынада: ғылымды сипаттау үшін “ғылыми қоғамдастық” және “парадигма” (бұл ұғымды Т.Кун кейінірек “дисциплинарлық матрица” деген ұғыммен ауыстырды) ұғымдарын қолдану керек.

Ғылыми қоғамдастық дегеніміз, Т.Кунның түсінігі бойынша, белгілі бір сала бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатымен парадигмалар немесе осы ізденістердің теориялық алғышарттарын негізге ала отырып біріккен ғалымдардың ұжымы.

Т.Кун **парадигма** ұғымын таңдау себептерін түсіндіреді. Әдетте бұл ұғым қабылданған модель, үлгі дегенді білдіреді. Бірақ Т.Кун бұл түсініктер парадигманың анықтамасын толық ашпайды деп есептейді, себебі бұл мағынада парадигма бұрын жасалып біткен жұмыс дегенді білдіреді, сонда ғалымдардың келесі тобы немен айналыспақ? Кунның пікірінше, парадигмаларды жалпы заң ретінде қолданылатын, бірақ сонымен бірге жаңа және қиын жағдайларда одан әрі жетілдірілетін және нақтыланылатын объект деп түсінген дұрыс: «Парадигмалар деп мен ғалымдардың бәрі мойындаған және белгілі бір уақыт аралығында ғылыми қоғамдастыққа проблеманы қоюдың және оны шешудің үлгілерін беретін ғылыми жетістіктерді түсінемін».

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 29 беті	

Кунның пайымдауынша, парадигмаларды қолдану ғылыми ізденісті жеделдетеді, себебі ғылыми проблемаларды шешудің басқа бәсекелес жолдарын қолданғаннан гөрі қабылданған парадигмаларды қолданған қолайлы және нәтижелі.

Парадигма ұғымының элементтерінің анықтамасын Т.Кун толық бермесе де, оларды жалпы түрде төмендегіше сипаттауға болады:

1) математикалық формада жазылған, бастапқы ұғымдар мен заңдарды қамтитын, ғалымдардың бәрі мойындаған фундаменталдық (іргелі) теориялар (мысалы, Ньютонның заңы);

2) табиғат туралы жалпы философиялық түсініктер және қазіргі ғылымда қабылданған ұғымдар мен олардың жүйесін бейнелеудің логикалық тәсілдері;

3) ғылыми қоғамдастықтың әрбір мүшесі өзіне қойылған ғылыми міндеттерді шешу үшін ұстанатын үлгілер мен эталондар;

4) белгілі бір жағдайларда (ситуацияларда) шешім қабылдаудың жалпы қабылданған үлгілері.

Ғылымның жағдайын, Т.Кунның пікірінше, екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: **ғылымға дейінгі кезең** (бұл кезеңде парадигмалар әлі қалыптасып үлгермеген) және ғылыми **кезең** (ғылыми қоғамдастық парадигманы құрастырып, қабылдаған кезең).

Ғылыми кезеңдегі ғылымның жағдайы екі түрде сипатталады: **қалыпты жағдай** (оны Т.Кун қалыпты ғылым деп атайды) және **дағдарысты жағдай**. Қалыпты ғылымда ғылыми қоғамдастық бұрынғы бір немесе бірнеше ғылыми жетістіктерге мығым сүйенеді, белгілі бір парадигманы қабылдайды және оны танымның белгілі бір саласындағы міндеттерді шешу үшін тиімді қолданады. Парадигмаларды зерттеу жас ізденушіні белгілі бір ғылыми қоғамдастықтың мүшесі болуға дайындайды, ол өзі таңдаған, ғылым саласын кезінде нақты үлгілерге сүйеніп зерттеген адамдардың қатарына қосылады және ғылыми практикада олардың дәстүрлі теориялары мен методтарын қолданғандықтан фундаменталдық принциптерден аса алшақтамайды. Мұндай дәстүрлілік, өзара келісімділік ғылымның қалыпты дамуына ықпал етеді. Жалпы қабылданған парадигмалардың болуы осы ғылым саласының жеткілікті дамығандығының белгісі.

Бірақ парадигмаларға негізделген қалыпты ғылымның бір ерекшелігі - ол үлкен жаңалықтарды ашуға онша бағытталмаған, оның нәтижелері көбіне- көп алдын-ала, парадигмалар шеңберінде болжанған. Мұндай жағдайда ғалымның ізденістік қызметінің мәні жоқ болып көрінуі мүмкін. Кунның пайымдауынша, қалыпты ғылым саласында жұмыс жасайтын ғалымның алдына қоятын негізгі мақсаты - “жаңылтпаштарды шешу”, немесе, парадигмаларға негізделген теориялық білімді іс жүзіндегі факт- материалдармен рационалды сәйкестендіру. Ғылымның дағдарысты жағдайында теорияның басқа нұсқалары тез көбейе бастайды, ізденіс үрдісінде қабылданған парадигмалар шеңберіне сыймайтын фактілер пайда болады да, парадигманың тиімділігі күмән туғызады, оған деген сенім жоғалып, одан бас тартып, шындықты мүлдем жаңа көзқарас тұрғысынан түсіндіретін жаңа парадигмалар жасау қажеттілігі туады. Мұндай құбылыс аномалия деп аталады, ол – парадигманың проблеманы шешуге мүлдем қабілетсіздігі. Аномалиялардың санының өсуі оларға қарама-қарсы, альтернативті теориялардың және жаңалықтардың пайда болуына әкеледі.

Бұрын қабылданған парадигмадан бас тартуды Т.Кун **ғылыми революция** (төңкеріс) деп атайды және, Кунның пікірінше, жаңа парадигманы ғалымдардың жаңа легі психологиялық деңгейде мойындап, мақұлдауы қажет. “Ғылым – логикалық емес, психологиялық” дейді Кун. Яғни, парадигманы сыни эксперименттен өткізіп қажеті жоқ, ғалымдардың аға буыны ыдырап, жаңа легі жаңа парадигмамен жұмыс жасап дағдыланса болғаны. Алғашында ғалымдар парадигмадан бірден бас тартпайды, теорияның сансыз

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-	
Дәріс кешені	96 беттің 30 беті	

көп интерпретациялары мен модификациялары пайда болады, біртіндеп жаңа парадигма қалыптасады. **Ғылыми революцияның Кун ұсынған құрылымы мынадай: фактілерді жинау – парадигма – қалыпты ғылым – аномалиялар – дағдарыс – ғылыми революция – жаңа парадигма.**

Ғылым динамикасының “кумулятивтік теориясының” авторы, француз ғалымы **Пьер Дюгемнің** пікірінше, ғылымның дамуы кірпіштен қаланған қабырғаның біртіндеп биіктеуі секілді, бұрын танылған нәрсенің біртіндеп өсуі. Ғалымның жұмысы - осы ғылым ғимаратының, оның теориясының кірпіштерін іздеп тауып, орнына қалау. Оның бастауын ғылымның бұрынғы тарихынан табуға болады. Дюгемнің осы көзқарастарына жүгінсек, дүниенің ғылыми бейнесі өзгермейді, тек кеңейе түседі, ғылым дамуында түбегейлі төңкеріс дегендер болмаған.

Мұндай көзқарастарға қарсы шыққан Кун ғылымның дамуы ескі білімнің үстіне жаңа білімнің қалануы емес, бұрынғы беделді деген, жетекші түсініктердің мүлдем жаңа түсініктермен трансформациялануы, ауыстырылуы, яғни белгілі бір кезеңдерде болып отыратын ғылыми революциялар деген теорияны ұсынады.

Негізінен алғанда, Т.Кунның теориясын қабылдауға болады. Ғылымның дамуы міндетті түрде өзіне дейінгі дәстүрлерге сүйене отырып дамитындығы күмән тудырмайды.

Дәстүрлер **көзге көрінетін (явное) немесе вербалды және көрінбейтін (неявное) немесе вербалдық емес** болып бөлінеді, ғылыми таным үрдісінде өзара орын ауыстырып отырады. Көрінетін білімдерді кейбір ғалымдар басты, орталық білім деп те атайды, бұл білімдер басты назарда болады, негізінен алғанда оқулықтар мен ғылыми монографияларда мәтін-текст түрінде болады. Т.Кунның парадигмаларын білімнің осы түрінің мысалы ретінде қарастырған дұрыс.

Көрінбейтін білім (философиялық әдебиетте бұл білімді сипаттауға “жасырын”, “имплициттік”, “перифериялық”, “үндемейтін”, “менталитет” және тағы басқа терминдер қолданылады) назардан тысқарырақ, көбіне практикалық білім саласында кездеседі. Ғалымдардың әдеттерінде, мінез- құлқында кездеседі, оларды ауызша, вербалды түрде толық жеткізу қиын. Мысалы, белгілі химик-философ **Майкл Полани** (1891-1976) химик студенттердің практикалық сабақтарға көп уақыттарын бөлу ерекшелігін практикалық білімдердің ұстаздан шәкіртке ғылыми дәстүр ретінде берілуі деп есептейді. Олар ғалымнан оның ғылыми кадрларына ауызша емес, тек жеке үлгі-өнеге арқылы жетеді, яғни білімнің тұлғалық сипатымен тығыз байланысты.

Көрінбейтін ғылымның бір түрі - **ғылыми мектеп**, ғалым мен оның шәкірттерінің белгілі бір географиялық мекенде орналасқан қауымдастығы. Ғылыми мектеп шеңберінде ғалымдар арасында тығыз байланыс-араласу орнайды, тәжірибе алмасу, теориялық пікірталас-дискуссиялар үнемі жүріп отырады.

Ғылымның дамуында ғалымның тұлғалық ерекшеліктерінің белгілі бір рөл атқаратынын жоққа шығармасақ та, көрінбейтін білімді М.Полани секілді тым әсірелеуге болмайды, бұл білімнің иесі ұжымдық субъект екендігін ұмытпаған дұрыс. Білімді тек жеке білім деп түсіну - қате.

Әрине, тек дәстүрлерге сүйенсе, ғылым дамымай қалар еді. Ғылыми білімнің құрылымында жаңалықтар да ерекше рөл атқарады. Ғылыми субъект парадигма-дәстүрлерді басшылыққа алып қана қоймай, оларды жаңалықтармен үнемі толықтырып отыруы тиіс.

Ғылымның дамуындағы ғылыми жаңалықтардың рөлін көрстеу үшін алдымен ғылымның онтологиясын анықтап алған дұрыс. Ресей ғалымы В.В.Ильин ғылымының онтологиясын: **1) ғылымның алдыңғы шебі; 2) ғылымның мығым ядросы; 3) ғылымның тарихы** құрайды деп есептейді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 31 беті

Ғылымда ғылыми ақыл норма-ережелері бойынша ұйымдастырылған қызмет рационалды қызмет болып саналады. Бірақ нормалардың да шегі бар, оны практика көрсетіп, анықтайды. Ғылыми нормаларды сипаттау күрделі, себебі ғылым сантүрлі болғандықтан, олар да көп және жан-жақты, бір-біріне ұқсай бермейтін, әрқайсысының өзіндік заңдылықтары бар салалардан және ғылыми субъектілерден тұрады. Сондықтан ғылыми қызметтің барлық ерекшеліктерін қамтитын, ғылыми субъектілердің бәрі бірдей мойындап, қабылдайтын нормалар ұсыну, әрине, қиын. Біздің ойымызша, ғылым нормалары туралы әртүрлі концепциялардың арасында философ-социолог **Роберт Мертон** (1910-2003) ұсынған нұсқа назар аударарлық. Оның пікірінше, ғылым нормалары мынадай төрт құндылықтың төңірегінде топталады:

1. **универсализм** - ғылыми тұжырымның ақиқаттылығы ғалымның жасынан, жынысынан, беделінен, ғылыми дәрежесінен тәуелсіз бағалануы керек.
2. **жалпылық** – ғылыми білім оның авторының жеке меншігіне айнамай, жалпыға ортақ, сынға ашық болуы қажет.
3. **жеке бастың пайдасын көздемеу** - ғылыми ақиқат жолындағы ізденіс ғалым үшін басты мақсат болуы тиіс, атақ-даңқ, жеке бастың пайдасы, материалдық марапат ғылыми қызметтің мақсатына айналмағаны жөн.
4. **ұйымдасқан скептицизм** □ ғалымнан өз әріптестерінің ғылыми қызметін сыни, объективті бағалау талап етіледі. Олардың ғылыми нәтижелерін ғалым-ізденуші өз қызметінде пайдаланған болса, жақсы жақтарын атап, еңбегіне құрмет көрсете білуі тиіс, бірақ жіберілген қателіктерге де автормен бірдей жауап береді. Сонымен бірге ғалым өз тұжырымдарын, қол жеткізген жетістіктерін батыл қорғап, өз қателіктерін мойындай білуі қажет.

Бір жағынан алып қарасақ, нормалар қорғаныс белдеуінің рөлін атқарады, ғылымды шектен шығып кететін нәрселерден сақтандырып отырады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, нормалар ғылымның дамуында өте қажет. Екінші жағынан алғанда, нормалар ғылымның бұрынғы кезеңінің жемісі, олар ғылымының болашақ дамуы үшін көбіне жарамай жатады. Нормалар консервативті, ғалымнан өзінің қызметін белгілі бір қабылданған ережелерден, инструкциялардан, бұйрықтардан ауытқымай ұйымдастыруды талап етеді. Бұл жағдайда ғалымның еркіндігі шектеулі, ол ғылымның мығым ядросы шеңберінде ғана қызмет ете алады.

Ал ғылымның алдыңғы шебіндегі ғалымның жағдайы мүлдем басқа. Ол нормалар-үлгілер шеңберінен шығып, еркін қызмет ете алады, бұрын қалыптасқан құбылыстардан тыс жаңа идеяларды, ғылыми жаңалықтарды дүниеге әкеледі. Ғылыми жаңалықтар ғылымның алғы шебі мен мығым ядросының арасында шекістер туғызады, бұл заңды процесс. Оны шешудің бірден-бір дұрыс жолы - ғылыми жаңалықтарды негіздеу және дәлелдеу. Сонда ғана ғылыми жаңалық ғылымның алдыңғы шебінен мығым ядроға көшеді. Ойымызды тұжырымдасақ, ғылымның дамуы - дәстүрлер мен жаңалықтардың диалектикалық бірлігі үрдісі болып табылады. Ғылым бұрыннан келе жатқан дәстүрлерге сүйеніп және оны жаңалықтармен толықтыра отырып дамиды. Бұл күрделі үрдіс-процесс. Ескінің жаңаға орын беруі қашан да қиын жүреді. Бірақ қоғамның дамуы ғылымнан оның жаңалықтық сипатта болуын, жаңа идеялар арқылы қоғамның сұраныстарына жауап бере білуін талап етеді, онсыз ғылымның өзі мәнсізденеді.

Тақырыптың мазмұнын жалпы қорыта айтсақ, ғылым философиясы ғылымның қалыптасуын, даму динамикасын, ғылыми танымның ішкі механизмдерін, әдістері мен принциптерін, ғылымның адам мен қоғам өміріндегі рөлін зерттейді.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 32 беті	

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманқұл, Н. Ілімі философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
- 9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
- 10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ғ. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.
- 11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 33 беті

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Білім мен ғылымның байланысы қандай?
2. Техника мен технология философиямен қалай байланысты?
3. Неліктен ғылым философиялық зерттеудің нысаны болып табылады?
4. Әдістеме дегеніміз не және әдіс қалай анықталады?
5. Ғылыми әдістің құрылымы мен қасиеттері қандай?
6. Эмпирикалық зерттеу әдістері қандай?
7. Ғылыми білімнің теориялық деңгейіне қандай әдістер кіреді?

Дәріс №7

1. Тақырып: Адам философиясы және құндылықтар әлемі

2. Мақсат: Батыс философиясындағы адам мәселелерінің ерекшеліктері.

3. Дәріс тезистері:

1. Адамды қарастырудың философиялық тәсілдерінің ерекшеліктері.
2. Қазақ философиясындағы адам мәселесі.
3. Адам, индивид, жеке тұлға.

Философиялық антропологияны адам туралы жан-жақты білім жинақтауға, оның мәнін түсіндіруге бағытталған ғылым, қысқаша айтсақ, адам философиясы деуімізге болады.

Философиялық антропологияның бастапқы ұстанымы – философиядағы кез-келген сұрақ “адам дегеніміз не?” деген сұрақтан, әрбір философиялық пайымдау адам тәжірибесінің құрылымын зерттеуден басталады. Ол адамды космоста ерекше орын алатын, қайталанбас болмыс ретінде қарастырады және оның мәндік өлшемін зерттеуге бағытталған. Оның мақсаты – адам туралы жиынтық түрдегі емес, тұтас, толыққанды білім беру. Қазіргі заманғы философиялық антропология осы мақсатқа ұмтылуы тиіс, себебі ХХІ ғасыр қоғамының жан-жақты дағдарысының бастауы адам дағдарысында жатыр.

Адам мәселесінің философиялық зерттелуіне тарихи шолу жасасақ, адам мәселесінің қойылуы көне заманнан басталады. Философия ұзақ уақыт бойы адамды ойлаушы субъект ретінде ғана қарастырып, оны объектіге, болмысқа қарсы қойып келген екен. Бірақ адам санаға ғана емес, тәнге де ие мақұлық. Адамның психикалық, биологиялық негіздері ұмыт болды да, оның “екіге бөлінгендігі”, “тұрақсыздығы”, “мәселеге айналғандығы” басталды. Экзистенциализм бағыты осы ұстанымды абсолютке айналдырды. Бұл бағыттың адам өлшемін көрсетудегі еңбегін бағалай отырып, философиялық антропология адамды тек қана “феномендер жиынтығы” ретінде қарастырумен шектелмейді. Ол Хайдеггердің “экзистенцияны басынан кешіп отырған Dasein», Ясперстің “экзистенцияны басынан кешуші экзистенция” “өмірден басқа жаққа бұратын” теорияларынан гөрі “өмірге” қарай бұратын, яғни оптимистік, жағымды таңдау жасайды.

Адам барлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып саналады, бірақ олар адамды өз пәні тұрғысынан, бөлшектенген, үзік түрде қарастырады. Мұндай әдіс адамды оның кездейсоқ өлшемдерінен бөліп тастап, мәндік қасиеттері мен қатынастарынан тұратын идеалдандырылған үлгісін ғана береді де, адам мәселесін одан сайын тереңдете түседі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 34 беті

Философиялық антропология осындай әдіске қарсы тұратын, адам туралы жиынтық білім емес, тұтас білім беретін ілім. Оның осы ерекшелігі көрнекті философтар Макс Шелердің, Гельмут Плеснердің, Арнольд Геленнің, Николай Бердяевтің көзқарастарында жақсы көрініс тапқан.

Философиялық антропологияның ресми пайда болған уақыты – 20- ғасырдың 20-жылдары – адамзат үшін күрделі кезеңдердің бірі болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс, Европадағы аупалы-төкпелі заман адамзаттың болашағына сенімсіздік тудырды, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар Европа философтарын ойландырмай қойған жоқ. Осы өзгерістерге жауап ретінде пессимизм, экзистенциализм бағыттарымен қатар философиялық антропология дүниеге келді.

Философиялық антропологияның негізін салушы болып есептелетін **Макс Шелер** (1874-1928) осы дағдарыстардың негізінде **адамды түсіну дағдарысы** жатыр деп пайымдады. Ол Кант бастаған адам туралы ілімді философия жалғастыруы тиіс деп және философия “адам дегеніміз кім?” деген сұраққа жауап беруге міндетті есептеді, әйтпесе адамның мәнін білмеу мәдениеттің дағдарысын тудырады, адамнан бас тартуға әкеледі. Шелер мәселені төтесінен қойды: философия не адам мәселесімен айналысады, не ештеңемен де айналыспайды.

Макс Шелер адам мәселесін жүйелі түрде, жан-жақты зерттеудің өзектілігін адам туралы жаратылыстанушылық, философиялық және теологиялық идеялардың бір-бірімен қабыспайтындығымен, адамды арнайы зерттейтін саны көп ғылымдардың адамның мәнін ашудың орнына жабатындығымен, тұйықтайтындығымен түсіндіреді де, “адам туралы біртұтас идея бізде жоқ, ал философиялық антропология – адамның мәні және мәндік құрылымы туралы іргелі ғылым, сондықтан да «Философиялық антропологияның міндеті – жекеғылыми анықтамалардың негізінде адам туралы біртұтас, жүйелі теория жасап шығару” деп атап көрсетеді. Оның пікірінше, адам да жануар, мақұлық. Бірақ жануарлар дүниесінен адамның ерекшелігі – адамның “дүниеге ашық”, объективтілікке ие рухының болуы. Осы қасиетінің арқасында адам жануарлар сияқты шектеулі емес, ол онтологиялық еркіндікке ие. Бұл оның тұлғалық сипатынан көрінеді. Шелердің ойынша, адам белгілі бір тұтастыққа, микрокосмға ие, ол макрокосммен белгілі бір қатынаста болып отырады.

Шелердің негізгі ұстанымы – адамның “Мендік” бастауын, тұтастығын, қайталанбастығын, тұлғалық бастауын қайтадан қалпына келтіру. Ол сол кезде батысевропалық философияда қалыптасқан адамдық “Менді” жалпылық пен қажеттілікке тәуелді белгісіз бір интеллигибелді форма ретінде түсінуге қарсы шықты. Мұндай түсінік, Шелердің пайымдауынша, “Меннің” тұтастығын, құндылығын, қайталанбастығын жоғалтуына әкеледі.

Адам заттар мен болмыстың мәніне рух пен жанның тоғысқан орталығы – жүрегі арқылы ғана жете алады, осыдан келіп интенционалдық (латын тілінен аударғанда “interdere” – тарту, бағыттау, қазақи тілмен айтсақ, сүйрелеу дегенді білдіреді) мәселесі өзектіленеді. Интенционалдылық “Менді” ішкі жағынан ғана емес, сыртқы, шекарадан тыс жағынан да құрылымдап, ұйымдастырады. Бұл сананың интенционалдылығы ғана емес, экзистенциалды, немесе жеке тұлғалық, адами-болмыстық интенционалдылық. Экзистенцияның интенционалдығы көпвекторлы, ол темпоралдықта (уақыттықта), әсіресе өткенге, болашаққа, осы шаққа бағытталғандықта байқалады. Мысалы, өлім және мәңгілік, ажалсыздықта мәселесінде, өзін өткенде және болашақта сақтауға құштарлықта айқын көрінеді.

М.Шелер орталыққа ақыл, рационы қоятын батысевропалық философия дәстүрінен бас тартып, “**жүрек логикасын**” дамытады. Оның пікірінше, адам өзінің ішінде интенционалдық орталық бар тірі мақұлық, ол қоршаған ортадан тыныштық таппай, өзінің

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 35 беті	

шегін, өзіндік “Меннің” нақты шындығын бұзуға үнемі ұмтылып отыратын “мәңгілік Фауст”.

Шелер адамның мұндай қызметінің ең жоғарғы сатысы махаббат деп санайды, ол Кант ұсынған таза трансценденталды сана құрастырған ережелерден бөлек, оларға қарама-қарсы және адамды трансценденттік құндылықтармен және құдайдың өзімен байланыстырады. Бұл эмоциялық өмірдің бастауы – жүрек, ол космостық және трансценденттік негіздерге ие, сол себепті ол логикаға, зердеге бағынбайды, оның негізі – махаббат.

М.Шелер рацио әрбір адамның ерекшелігін, бірегейлігін көрсетуге күші жетпейді деп тұжырымдап, махаббат экзистенциалын адам болмысының онтологиялық негізіне орналастырады. Бұл қадам махаббатты психологизмге тән тарылтудан, шектен тыс рационализмнен, Канттың бұлжымайтын императивінен және априоризмінен арылтады. Онтологиялық құқыққа ие болған махаббат адам болмысын әрбір нақты адамның жеке, қайталанбас көріністерінде тарихи өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Адам экзистенция ретінде трансценденттікке, осы-болмыстан сана арқылы түсінілген болмысқа, абсолюттік болмысқа ұмтылатындығы сөзсіз және оған экзистенциалдық тәжірибе арқылы жетеді деп ойлаймыз. Яғни, экзистенция – адамның өз болмысының мәселелерімен, трагикалық күйімен өмір сүруі десек болады.

Шелер адамды болмыс пен биболмыстың диалектикалық бірлігі ретінде түсінеді. Ницшенің идеяларын жалғастыра отырып, Шелер “Құдай өлген” уақытта адам ең жоғары адамға (сверхчеловек) айналады, ол енді өзінен тыс нәрсеге сүйене алмайды, сондықтан да “дүниежүзілік процеске бағытталғандық, мән, құндылық енгізу үшін адам өзінің ойлауында, жігерінде тек қана ештеңеге сүйене алады. Ештеңеге – Құдайға емес”. Ештеңе дегеніміз, Шелердің пікірінше, жауапкершілігі жоғары жігердің максимумының және махаббат ең басты қозғаушы күш болып табылатын жүректің саласы.

Философиялық антропологияны бөлек философиялық пән ретінде қалыптастыруға тырысқан неміс философы **Г.Плеснердің** (1892-1985) пікірінше, адам дүниеде орталық орынға ие, адамның бойындағы биологиялық бастауларды жоққа шығаруға болмайды, бірақ оларды шектен тыс әсірелеу де дұрыс емес. Өзінің “Органикалықтың басқыштары және адам. Философиялық антропологияға кіріспе” атты туындысында ол адамды оның мәнінің биофизикалық қырлары мен рухани жақтарының синтезі ретінде қарастырады және философиялық антропологияны адам мен дүниені объективті-ғылыми және құндылықтық тұрғыдан, адамның өзінің болмысы тұрғысынан зерттейтін пән деп анықтайды. Плеснер философиялық антропологияның қалыптасуындағы Шелердің рөлін: “тұлғаның эмоционалдық мәселелерін, құрылымдық заңдарын және тұлға мен әлемнің құрылымдық байланыстарын зерттеудегі Шелердің жаңалықтары, философиялық биология мен антропологияның тақырыптық құрамына жататын жаңалықтары оның пікірталас туғызбайтын еңбегі болып табылады” - деп атап көрсетеді.

Бірақ, Плеснер Шелердің философиясында метафизикалық мазмұн болғанымен, негізгі мәселеге келгенде оның феноменолог екендігін айтады. Плеснер Хайдеггердің адамнан тыс болмысты зерттеу үшін адамды экзистенциалдық сараптаудан өткізу керектігі туралы көзқарасымен де келіспейді, мұндай көзқарасты ескірген деп бағалайды және өзінің натурфилософиялық көзқарасын ұсынады.

Оның ойынша, адамның басқа болмыстан айырмашылығы – ол өзіне ең жақын да, ең алыс та емес, оның өмір формасы эксцентрикалық түрде, сол себепті оның өзінің өмір сүруінің болмыстық екеніне қарамастан, осы дүниенің барлық заттарымен бірге осы қатарға жатады. Плеснердің пікірінше, адамның мінез-құлқында оның мәні ашылады және философияның көмегі арқылы адам өзінің өмірдегі орнын, үнемі шешуге тиіс мәселелерді

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 36 беті

түсіне алады. Плеснер адамның денесінің мінез-құлқына басты назар аударатынын ескерте кеткен жөн. Плеснердің философиялық антропологиясы Шелерге қарағанда мұқият жасалған, ол бұл ілімді қатаң ғылым ретінде түсінеді. Плеснердің пікірінше, адамды табиғаттың бөлшегі ретінде қарастырып қана қоюмен шектелмеу керек, ол “тірі болмыс” және оның “табиғи көкжиектері” философиясын негізінде қалыптастырылуы тиіс. Адам философиялық антропологияда объект немесе субъект ретінде емес, оның өз өмірінің объектісі және субъектісі ретінде қарастырылады. Г.Плеснердің ойынша, адамды тек “дене” немесе тек “сана”, “жан”, логика заңдары мен этикалық ережелерге бағынатын абстрактылық субъект ретінде емес, психофизикалық жағынан бейтарап өмірлік бірлік ретінде қарастыру қажет. Канттың “формальдық априориіне” Плеснер тірінің “материалдық априориін” қарсы қояды. Оның пікірінше, философиялық антропологияны философиялық биологиямен біріктіріп қана қалыптастыруға болады, адамның “космостағы ерекше орны” туралы сөз етудің, адамды табиғиға қарсы қоюдың қажеті жоқ, адам “органикалық дүниенің” бір сатысы. Сондықтан адамның басқа да тіршілік теушілерден мәндік айырмашылығын іздеген жөн.

Г.Плеснердің бір тамаша ойы – адам өз өмірін “жетектейді”, өзінің белсенділігінің арқасында ол әуел бастан қандай болса, сондай болып шығуы тиіс. Бір қарағанда, бұл экзистенциалист Ж.П.Сартрдың гуманистік көзқарасына ұқсас, бірақ экзистенциализмді, әсіресе М.Хайдеггердің онтологиясын Плеснер антропоцентризм деп сипаттайды. Оның ойынша, Хайдеггердің болмысының жынысы белгісіз, ал өмірдің өзі денемен байланысты, сондықтан жынысы мен денесі белгісіз Dasein адамды түсіндіре алмайды.

Философиясы антропологиялық сипатқа ие болған ойшыл ретінде неміс философы **Л.Фейербахқа** (1804-1872) тоқталмай кетуге болмайды. Оның пікірінше, философияның ортасында табиғаттың ең жоғары туындысы – **адам** тұруы тиіс. Оның философиялық ілімі тән мен рухтың бірлігі болып табылатын адамның өзіндік құндылығы мен маңыздылығын нақтылау талпынысы деуге болады. Фейербах адамды рухани тіршілік етуші ретінде қарастыруға қарсы. Оның жүйесінде адам “абсолюттік рух”, “дүниежүзілік ақыл-ой” емес, нақты, тән және рухани қасиеттердің бірлігі, тұтас адам.

Фейербахтағы адамның “**Мені**” рухани және ойлауға қабілетті тіршілік етуші ғана емес, тәнге ие және ойлай алатын, белгілі бір кеңістікте және уақытта өмір сүретін адам. Оның түсінігінше, субъектінің маңызды сипаттамасы – адам табиғатының, оның тәнге ие екендігінің, ақыл-ойының, жігері мен жүрегінің антропологиялық қасиеттерінің синтетикалық, жалпылаушы сипаттамасы болып табылатын сезімділік. Бірақ Фейербах субъектінің натуралистік сипаттамасымен шектелмейді, сондықтан субъект ұғымына тек “Менді” ғана емес, басқа адамды да кіргізеді: “Идеализмнің идеялардың бастауын адамнан іздеуі дұрыс, бірақ бұл идеяларды бөлектенген, тұйықталған тіршілік етушіден, жаны бар адамнан, “Меннен”, “Сеннің” сезімдігінсіз шығарғысы келетіні дұрыс емес. Идеялар адамдар арасындағы араласудан ғана, адамның басқа адаммен әңгімелесуінен ғана туындайды”. Осы араласу саласында ғана адам өзін жүзеге асыра алады, өзінің жеке өмірін адам тегімен біріктіреді де, адам қасиеттерінің тұтастығын қалыптастырады. Яғни, субъект – тұтас адам, тәндік, рухани және тектік сипаттамалар бойында біріккен адам.

Фейербахтың пікірінше, адам табиғатынан біртұтас, оның бойында табиғаттан тыс, жоғары ештеңе жоқ, адамға тән ойлаудың өзі табиғи дүниенің көріністерінің бірі. Сондықтан да Фейербах философияның эмбебап пәні – табиғатқа қарсы қойылған рух немесе рухқа қарсы қойылған табиғат емес, тән мен рухтың бірлігі болып табылатын адам болуы тиіс. Фейербахтың тұжырымынша, философия адамды зерттеуі, яғни антропология болуы тиіс. Адам – табиғи тіршілік етуші, ал адамдарды табиғи байланыстар біріктіріп тұр. Антропологиялық материализм тұрғысынан қарастырғанда, тарихи дәуірдің де,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 37 беті	

қоғамдық қатынастардың да, таптық, ұлттық, кәсіби ерекшеліктердің де адам үшін ешқандай маңызы жоқ.

Фейербахтың жетістігі – негізгі мәселесі адам болып табылатын, табиғатты адамның базисі ретінде қамти отырып, адамды жалғыз әмбебап және сыртқы пәнге айналдыратын антропологияны, жаңа философияны қалыптастыруға ұмтылысы. Бірақ Маркс дұрыс атап көрсеткендей, Фейербах табиғатты түсіндіруде материалист болғанымен, адам тарихын түсінуде идеалист еді. Ол адам табиғатының тарихилығына қарсы шықты, яғни адам барлық дәуірде де өзгермейді деп, оны таза биологиялық түр ретінде қарастырды, қоғамдық қатынастарды сипаттауда натурализмге бой ұрып, психологиялық және физиологиялық қатынастарды негізгі деп санады, субъектінің белсенді рөлін ескермеді. Бұл кемшіліктерді түзеткен **К.Маркс пен Ф.Энгельс болды.**

К.Маркстің философиялық антропологиясы оның “1844 жылғы экономикалық-философиялық жазбалар” еңбегінде, Фейербахтың адам туралы ойларын қайтадан пайымдауларында жақсы байқалды. Маркс қосқан басты нәрсе – адамның мәндік табиғатының әлеуметтік жатсыну (өгейлену) концепциясы. Маркстің түсінігінше, адамның барлық сипаттамалары табиғи немесе сырттан берілген нәрселер емес. Адамның бойындағылардың бәрі адамдандырылған, себебі индивид басқа адамдармен қатынаста өмір сүреді. Тарихи дәстүрлер, әдеп-ғұрыптар, мәдени стереотиптер мен схемалар кез-келген индивидке белсенді әсер етеді, қасиеттерді адамға социум береді. “Мен”, индивид – абстракция. “Мен” дегеніміз микрокосм, жеке индивидтің тарихы басқа индивидтердің тарихынан бөлек бола алмайды.

Индивидтің бойындағы махаббатты, ізгілікті немесе зұлымдықты әлеуметтік жағдайлар, Маркстің тілімен айтсақ, “алғышарттар” қалыптастырады. Оларды жасайтын индивидтің өзі. Олар тарихи, яғни өзгеріп отырады. Социум адам өмірін, санасын және праксисін моральдық- философиялық тұрғыдан бағалаудың негізі болып табылады. Адамды сөздеріне қарап емес, істері бойынша бағалау қажет. Адам өмір сүріп отырған орта өгейсінуге, жатсынуға толы, адам оны билеудің орнына, керісінше оған тәуелді болады: “адамның өзінің ісі оған бөтен, қарсы тұрушы, езуші күшке айналады”. Мұндай күйді Маркс әлеуметтік жатсыну деп атайды және оған көбіне дене еңбегімен айналысатын адамдар ұшырайды деп атап көрсетеді, бірақ бұл тұжырымды кез-келген адамға қатысты айтуға болады. Адам дүниесі жатсынылған, яғни өз дүниесіндегі адам да жатсынылған. Маркстің пікірінше, адам бұл жатсынуды практикалық қызметінің көмегі арқылы жеңе алады, себебі ол практикалық тіршілік етуші. Практик қандай болса, адам да сондай. Адам мен табиғат егіз, адамның өзі табиғи тіршілік етуші, адам мен қоршаған ортаның арасындағы байланыс тығыз, табиғатсыз адам жоқ. Өз еңбегінің көмегімен заттар жасау арқылы адам өзін жүзеге асырады, табиғатты “адамдандырады”.

Яғни, табиғат адам үшін ұлы шеберхана. Адам өз өмірін қамтамасыз ету үшін үнемі еңбектенуге мәжбүр. Қоршаған ортаны өзгерте отырып, адам өзін де өзгертеді, жетілдіреді. Маркстің пікірінше, өндіріс – әлеуметтік өмірдің іргелі деңгейі, праксис, субстанция. Ал социум, қоғамдық реалдылық – іргелі, ақырғы онтологиялық мәнге ие. Маркстің философиялық абстракциясында адамдардың, адам мен табиғаттың, ішкі және сыртқы адамның арасындағы қатынастар таза да мөлдір, үйлесімді болуы тиіс. Бірақ нақты праксисте мүлдем басқа, нақты болмыс зұлымдық пен жатсынуға толы, оны ескі теріні сыпырып тастағандай етіп лақтырып тастау қажет.

Сонымен, Маркстің антропологиясы бойынша, адам әлеуметтік белсенділіктің жиынтығы, адамдардың праксисі олардың қызметінің жаттанған, тас секлді қатып қалған нәтижелерімен шектелген, адамның міндеті – осы жағдайларды өзгерту, оларға қарсы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 38 беті

күресу. Яғни, Маркстің антропологиясының негізгі ұстанымы – адам праксисі әлемінде бәрін де, адамның өзін қоса, қайта жасауға, қайта өзгертуге болады.

Біздің ойымызша, философияның антропологиялық сипатын толық ашқандардың бірі – белгілі орыс философы **Н.А.Бердяев** (1874-1948) болды. Оның пікірінше, философияның антропологиялық мазмұнға ие екендігі сөзсіз, себебі философия құр теориялық философия емес, практикалық философия болуы тиіс, ол “трансцендентальды сананы” емес, “трансцендентальды адамды” ашуға ұмтылуы қажет.

Бұл пікірге толық қосыламыз. Қазіргі заманғы Батыс философтарының басым көпшілігі философия өзінің теориялық, жалаң уағыздауынан арылып, адамды күнбе-күн мазалап отырған сұрақтарға жауап бере алатындай дәрежеде практикалық сипатқа ие болуы қажет деп айтып жүр. Тағы да Бердяевтің сөзімен айтсақ, “Күйбең тіршілікке, іш пысуға, қайталаушылыққа, сұрықсыздыққа, бұл дүние өмірінің жалғандығына деген жеккөрушілік бұл өмірден идеялар дүниесі мен құдайылық дүниесін метафизикалық және мистикалық пайымдауға немесе дүниені шығармашылық түрде, белсенді өзгертуге көшуді туындатады.

Нағыз, дана философия мектептік академиялық философия болып қала бере алмайды. Өмірден қол үзген философиялық элитаның күйі жалған және ол осылайша сақталып қала алмайды. Философияның практикалық міндеті бар. Философ тілінің өмір тіліне жақындасуы сөзсіз. Философия рухтың тұтас өмірімен байланысты және оның өзі рухтың өмірінің қызметі. Ол болмыстың құпиясын адамнан оқшауланғанда емес, адам тағдырына бойлай отырып қана, ол туралы жылай отырып қана біле алады. Таза кабинеттік философияның болуы енді мүмкін емес. Философия – өмірдің ісі”.

Бердяевтің өзінің философиясы нағыз осындай философия деп айтуға болады. Оның философиясының басты мәселесі – адам. Оның пікірінше, адам қайшылықты және түсінуге қиын, таңқаларлық мақұлық. Адамның қайшылықтылығын Бердяев оның екі дүниенің – табиғаттың және табиғаттан жоғарының жемісі екендігімен түсіндіреді. Адамның рухани негізі табиғат пен қоғамнан тәуелсіз. Адам тірі организм немесе әлеуметтік мақұлық ретінде емес, тұлға ретінде жұмбақ. Тұлға индивидтен (қазақша айтсақ, пендеден) бөлек. Индивид-натуралистік категория, ол материалдық дүниемен байланысты. Тұлға – табиғат пен қоғамнан жоғары, олар тұлғаның белсенді формасының қалыптасуына қажет материяны ғана береді. Тұлға – қоғамның бөлшегі емес, керісінше, қоғам тұлғаның бөлшегі, оның әлеуметтік жағы, космос та тұлғаның космостық жағы. Тұлға – микрокосм, универсум, универсалдық пен индивидуалдықтың бірігуі. Тұлға жұмбақтығы – оның қайталанбастығында, бірегейлігінде, шығармашылық істер жасауға қабілеттілігінде.

Бердяевтің пікірінше, адамның субъективтілік тұйықталғандығынан шығудың екі жолы бар. Біріншісі – әлеуметтік күйбең тіршілікке сіңіп, өзін жоғалтып алу. Бұл жол конформизмге, өгейленуге және эгоцентризмге әкеліп соғады. Екінші жол – субъективтіліктен трансценденттену, рухани қанаттану, шабыттану, еркіндікке ұмтылу арқылы шығу. Осы жолды таңдаған адам өзіндегі тұтқыннан құтылады, Құдаймен экзистенциалдық кездесуге жетеді. Адам өз өмірінің басым көпшілігінде екіге бөліну күйін кешеді. Бердяев Л.Н.Толстойдың, Ф.М.Достоевскийдің шығармаларынан мысалдар келтіреді.

Олардың кейіпкерлерінің рухани күйзеліске ұшырауларының басты себебі – екі түрлі, бір-бірлеріне қарама-қарсы өмір сүргендерінде. Қоғамда өмір сүргендіктен, олар қоғамда және мемлекетте қабылданған ережелерді қабылдауға мәжбүр, сондықтан өтірікке толы сыртқы өмір кешеді. Ал ішкі өмірінде адам алғашқы реалдылықтармен бетпе-бет қалады. Сондықтан да Бердяев адамға қажетті құндылықтардың ең бастысы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 39 беті	

ретінде еркіндікті таңдайды: “Еркіндік – менің тәуелсіздігім және менің тұлғамның ішкі анықталғандығы, менің шығармашылықтық күшім, менің алдыма қойылған ізгілік пен зұлымдықтың арасындағы таңдау емес, ізгілік пен зұлымдықты жасауым. Таңдау жасау адамға езілгендік, батылсыздық, тіпті еркіндік емес күй беруі мүмкін. Таңдау жасалып, шығармашылық жолымен жүрген кезімде азаттық басталады. Адам және шығармашылық тақырыбы еркіндікпен байланысты” - деп түйіндейді.

Философиялық антропологияның кейбір мәселелері кеңестік философияда да зерттелді. Негізгі назар адамның әлеуметтік мәніне аударылып, адам мен қоғамның өзара қатынасының әртүрлі формалары, адамның ұжымдық сипаты талданды, тұлғаның жан-жақты, өзін қоршаған ортамен және қоғаммен үйлесімді дамуының жолдары анықталды. Бірақ осы тақырыпта жазылған еңбектердің мазмұнында қоғамның идеологиялық тапсырысын орындау мақсаты айқын сезілді, адамның қалыптасуы мен дамуындағы қоғамның алатын орны тым асыра бағаланды, адамның руханилығы, жекелігі, тәуелсіздігі мен еркіндігі төмендетілді. Философиялық антропологияның өзі буржуазиялық философияның ағымы, сондықтан кеңестік философияға жат ағым деп есептелді. “Адам туралы марксистік- лениндік ілім ғана адам туралы толық, жан-жақты, терең білім бере алады, яғни адам туралы басқа ілімнің ешқандай да қажет емес” деген түсінік басты ұстаным ретінде қабылданды.

Философиялық антропологияға деген мұндай скептикалық көзқарас 90- жылдардың басында, қоғамдық ғылымдардың барлық салалары идеологиялық диктаттан аралып, еркін ойлауға қол жеткізген уақытта ғана жойыла бастады. Отандық философтар адам туралы ілімдерді сараптай келіп, адамның ғаламда қайталанбас ерекшелігі, оның дамуының гуманистік бағытталғандығы, адам мен табиғаттың коэволюциясы, адамның руханилығы, әлеуметтік қызметі, интегралдық субъектілігі туралы идеялар ұсынды. Философиялық антропология мәселелері бойынша көптеген ізденістер жүргізіліп, ғылыми- теориялық конференциялар өткізілді, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды.

Тағы бір ескерте кететін нәрсе: соңғы уақытта батыстық философияда философиялық антропологияның дағдарысы туралы әңгіме қозғалып жүр. Мұндай пікірдің тамырына үңілсек, оның негізінде “адам туралы арнайы дискурстер жүргізіп отырған биологиялық, әлеуметтік, этнографиялық ғылымдардың нәтижелері философиялық антропология үшін қауіп тудырмай ма?” деген күмән жатыр.

Шындығында, нақты ғылымдар философиялық антропологияның дамуына кедергі бола алмайды. Философия да, нақты ғылымдар да адамды зерттеу мәселесіне келгенде (басқа кез-келген мәселені зерттегенде де деп қосуға болады) кімнің басым екендігі туралы пайдасы жоқ пікірталастарға берілмей, керісінше, бірін-бірі толықтырып, ізденуді бірлесе отырып жүргізудің тиімді жолдарын үнемі қарастырып отырулары тиіс. Адамның бойында әлеуметтік пен индивидуалдық, табиғи және мәдени, эмоционалдық пен рационалдық, жан мен тәннің қайшылықты бастаулары бірге тоғысқандығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Адамды құдай немесе табиғат өзгермейтін күйде жаратты деуге, ол тек табиғи немесе мәдени, биологиялық немесе метафизикалық, моральдық немесе техникалық тіршілік етуші деп қарастыруға болмайды. Адам таным мен практиканың субъектісі және басқа нәрселерге өзі ғана баға бере алады деген гуманистік көзқарастан постгуманизмнің бас тартқаны белгілі. Адамның ақыл-ойы мен зердесі, сезімдік бастаулары әр дәуірде әртүрлі түрде көрініс тауып отырады. Қазіргі кезеңде оның жағымсыз мысалдарын көптеп келтіруге болады. Сондықтан да адамның міндеті – өзінің адами қалпын сақтай отырып, адам мен қоғам тіршілігін қамтамасыз ететін институттармен үндестікке ұмтылу, өзіне қауіпті нәрселерді дер кезінде айырып, адамзат тегін сақтап қалуға ұмтылу.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 40 беті

Ойымызды қорыта келе, осы күнге дейін адамды зерттемеген ғылым саласы жоқ десек болады. Бірақ философиялық антропология ғана адамды толық, тұтас күйде қарастыратын, барлық қырларын (діни, психологиялық, биологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б.) қамти отырып зерттейтін ғылым болып есептеледі және оның маңызы адамзат дамуындағы қиын да күрделі қазіргі заманда арта түсіп отыр. Бұл білім негативті, жағымсыз сипатта емес, виталды (өмірлік) сипатта болуы тиіс (әсіресе, қазіргідей қиын заманда), әйтпесе, экзистенциалдық, психобиологиялық бағыттардың үстемдігі философиялық антропологияның жолын тұйықтап немесе өмірден басқа жаққа бұрып, адамның толық мәнін ашуға кедергі болады.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аширов Ш. А. Философия : оқу құралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды : MedetGroup, 2023. - 284 бет.
2. Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
3. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
4. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
5. Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021-260 бет
6. Джекебаева М. Философия : оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

1. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
6. МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
7. Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
8. Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 41 беті

9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.

10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Батыс философиясындағы адам мәселесі.
2. Философия тарихындағы еркіндік мәселесі.
3. Философиядағы тұлға мәселесі.
4. Адам, тұлға, жеке тұлға.

Дәріс №8

1. Тақырып: Өмір және өлім. Өмірдің мәні

2. **Мақсат:** Философияның адам өмірінің мәні туралы негізгі мәселесін сипаттаңыз.

3. Дәріс тезистері:

1. Адам болмысының санаттар.
2. Адам, оның ажалдығы және ажалсыздығы.
3. Руханилық – адам өмірінің мәні.

Адам өмірінің мәні. Өмірдің мәні мәселесін адамзаттың рухани мәдениеті тарихындағы ең басты мәселелердің бірі деуге болады. Өмірдің мәні туралы ойланбаған адам, өмірдің мәнін түсіндіру мақсатында ізденбеген философиялық мектеп жоқ шығар.

Индивидтің тұлға ретінде қалыптасу деңгейі де оның осы мәселені өзі үшін анықтау дәрежесіне тікелей байланысты, себебі өмірдің мәні адамға дайын күйінде берілмейді, оны түсініп, санасына сіңіру және жүзеге асыру адамның тек өзінің қолында.

Өмірдің мәні мәселесін ұғыну арқылы адам өзінің бүкіл тағдырын айқындай алады десек, артық емес. Өкінішке орай, өмірмәндік сауалдар адамның санасында көбіне тым кеш, өмірдің қызылды- жасылды дәурені өтіп, бойдан қуат, ойдан сәуле кеткен кезеңде туындайды. Мәнсіз өмір өкінісіп, өмірдің мәнінің жауабын таба алмай, адам дағдарысқа тап болады, философия тілімен айтсақ, гиперрефлексияға ұшырайды. Бұл құбылыс адамның өзі үшін де, ол өмір сүріп отырған қоғам үшін де аса қауіпті. Нақты мәселелерді зерттеумен шектелетін басқа ғылымдардай емес, адам қызметімен тікелей байланысты, адам, оның өмірі туралы іргелі мәселелерді тереңдеп тексеретін философия ғылымы ғана осындай гиперрефлексияға тап болған адамның жанын жазып, өмірмәндік мәселеге сабырлы көзқарас қалыптастырады, сол арқылы тұйықтан шығуға ықпал етеді. Өмірдің табалдырығынан енді аттағалы отырған жас адамға да мәнді өмірді таңдауға көмектесетін ғылым – философия. Өмірдің мәні мәселесінің философия тарихындағы барлық дерлік

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 42 беті

бағыттардың жалпы, ал XX ғасырдағы экзистенциализмнің негізгі зерттеу объектісіне айналуы да сондықтан.

Өмірдің мәні психологиялық және этикалық категориялар болып та саналады. Бірақ бұл ғылымдар көбіне адам өмірдің мәнін таба алмай немесе жоғалтып, экзистенциалдық вакуумге түскен жағдайларда көмекке келеді. Философия болса, мәселенің алдын алуға, оны теориялық жағынан тереңдеп түсінуге, адамның адам ретінде мәнді өмір сүруіне қажетті өмірлік жол таңдауға ықпал ете алады. Философия адамды жан-жақты зерттеуші ғана емес, оның рухани келбетін қалыптастырушы екенін де баса айту керек.

Өмірдің мәні мәселесінің түбіне эмпирикалық жолмен бойлауға да, өзінің ғана емес, басқа адамның өмірінен үйрене отырып та жетуге болады. Бірақ бұл жол тым ұзақ, оны таңдаған адам өмірдің мәнін кеш түсініп, өмір көшінен қалып қоюы мүмкін.

Ал философия ғылымының көмегіне жүгінген адам өз бойында дұрыс, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыру арқылы өмірмәндік мәселенің түбіне тереңдеп бойлай алады және адам, өмір, қоғам туралы философия берген біліміне сүйене отырып, өмірдің әртүрлі жағдайларынан жол тауып, қысылмай шығады.

Өмірдің мәні мәселесінің қиындығы адам табиғатының күрделілігімен тығыз байланысты. Дүниеде адамнан жұмбақ ештеңе жоқ. Адам тіршілік етуші ретінде жарық дүниеге келген уақыттан бері өзін-өзі танып білуге талпыныс жасап келеді. Бірақ, басқа ғылымдарды айтпағанның өзінде, адамды негізгі зерттеу объектісіне айналдырған дін мен философия адам болмысын толық ашып берді деп айта алмаймыз. Өркениеттің тарихи дамуының әрбір кезеңі адам табиғатын түсіну ісіне белгілі бір жаңалық, азды-көпті үлес қосып отырғанын жоққа шығармасақ та, адамның өзі әлі күнге дейін ашық проблема күйінде қалып отырғанын мойындауымыз керек. Сократтың “Өзіңді-өзің танып біл!” қағидасын басшылыққа ала отырып, өзінің ішкі дүниесін тереңдеп тексеруге ұмтылған адам өзі ойламаған қиындықтарға тап болары сөзсіз. Индивид өзін танып-білудің тура жолы жоғына және “Адам дегеніміз кім?” деген сауалға түпкілікті жауап болуы мүмкін емес екендігіне көзі жетеді, ол өзі үшін де, басқалар үшін де шешілмес проблема болып қала береді.

Бір-біріне тамшыдай ұқсас индивидтер жоқ екендігі белгілі. Әрбір адамның кім екенін оның өзіне де, басқаға да түсіндіріп беретін дайын анықтама берілмеген, оны іздеп табу керек. Адам экзистенциясының қиындығы да осында. Адам бұл мәселенің түйінін тарқатудың қиындығынан қорқып, оны елемеге тырысқан сайын немесе алдамшы шешім қабылдап, өзін де, басқаларды да өтірік алдарқатқан сайын, мәселе ушыға түседі. Сондықтан да адам ерте ме, кеш пе (әрине, ертерек болғаны дұрыс) өмірмәндік мәселені шешу жолына түсуі тиіс.

Адам өмірінің мәні категориясының мазмұны да өзіне жақын басқа ұғымдардың негізінде қалыптасады, солар арқылы жаңа, бұрынғыдан да күрделі мазмұнға толады. Бұл категориялардың арасындағы ең негізгісі – «**өмір**» категориясы.

Өмір – адам тіршілігінің негізі, оның сан алуан қажеттіліктері мен талап-тілектерін, мақсаттары мен жоспарларын жүзеге асыруының жалғыз, абсолюттік мүмкіндігі. Өмір болмаса адамның өзі де, өмірдің мәні туралы ойлары да, іс-әрекеті де, қуаныш-қайғысы да болмайды. Өмірдің мәні туралы ойланып, өмірмәндік гиперрефлексияға берілмес бұрын адам осыны ойлаған жөн. Көне гректерше айтсақ, *Primum vivere deinde philosophare* – әуелі өмір сүру, содан кейін ғана философиялық ойлау. Қандай жағдай болмасын, өмір мәнге ие, “өмір мәнсіз” деген эгоистік және субъективтік принцип жарық дүниенің баға жетпес құндылығын төмендете алмайды. Өмір – адамға берілген болмыс, оның мәні – адамның осы болмыстың барлық көріністерінен

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 43 беті	

мән іздей отырып өмір сүруінде. Бірақ бұл ізденісті өмірді тәрк етуге айналдыруға болмайды. Аталған құбылыс әсіресе ой еңбегімен айналысушы адамдарға, интеллектуалдарға тән. Олардың көбі өмірді нақты сезіне білуден өмір туралы пайымдауды жоғары қояды да, өмірдің өзінің құндылығын бағалауға дәрменсіз күйге ұшырайды.

Бір жағынан алып қарағанда, адамның өмірдің мәні туралы терең ойға берілуі құптауға тұрарлық құбылыс. Өмірмәндік толғаныс – адамның тұлғалық сипаты, себебі бұл іс кез-келген адамның қолынан келе бермейді. Бірақ өмірдің мәні туралы мәселені тым әсірелеу, ақыл-ойды сезімнен, нақты іс-әрекеттен ажырату (гиперрефлексия) адам үшін де, ол өмір сүріп отырған қоғам үшін де қауіпті. “Өзін-өзі танумен” тым әуестенген, рационалдық танымды сезімдік танымнан жоғары қойған адам өзін қоршаған дүниенің қызығына көңілі толмай, өзінің ішкі дүниесінен ғана жұбаныш тауып, оны тым асыра бағалап, томаға-тұйық, өзімен-өзі өмір кешуге ұмтылады. Мұндай адамдар өмір көшінен сырт қалғандай әсер тудырады. Әрине, бір рет қана берілетін өмірді қалай кешу әркімнің өз еркі. Бірақ тым оқшау өмір кешу, философия тілімен айтсақ, жаттану, өмірдің құндылығын бағаламаудың, өзін өмірден де, басқа адамдардан да жоғары құндылық ретінде қате түсінудің жемісі секілді. Бұл туралы орыс философы Н.Н.Трубников жақсы айтқан. Оның пайымдауынша, жаттану дегеніміздің өзі бос сөз. Жаттану туралы айтудан жалықпайтын, өзінен жоғары тұрған әлеуметтік дүниені зұлымдықтың бастауы ретінде қарастыратын адам адамнан тыс және адамнан жоғары ешқандай да әлеуметтілік, ешқандай да реалдылық жоқ екендігін, әлеуметтіктің өзі индивидуалдықтан басталатындығын ұмытып кетеді. Ішкі дүниесіндегі қайшылықтарға жауап беруден қашқан адам өзінің микроортасы мен микросоциумында “ештеңе өзгертуге қабілетсіз болғандықтан ол өзінің билігі жүрмейтін жалпы социум жөнінде айтудан танбайды. Мұндай адам өз өмірінің мәнсіздігі мен өмірдегі сәтсіздіктерінің себебін өзінен емес, өмірден, қоғамнан, өзін қоршаған адамдардан іздейді, соларды ғана кінәлап, жаттану мен өгейсіну, өмірдің мәнсіздігі, дүниенің қисынсыздығы туралы жар салады”. Бұл пікірмен толығымен келіспесек те, негізінен алғанда жаны бар ой. Әрине, адамның жаттануындағы қоғамның рөлін жоққа шығаруға болмайды, бірақ негізгі жауапкершілік индивидтің өзінде екендігін ұмытпаған жөн.

Неміс философы Г.Риккерт те өмірді ұғынуды адам уайымымен, қайғыруымен байланысты қарастырады, бірақ оның көзқарасы біз қарастырған жаттанған адамның түсінігінен өзгеше. Г.Риккерттің пайымдауынша, қазіргі адам үшін ең басты нәрсе “уайымдау” болса, осы “уайымдаудың басты объектісі – өмір”. Г.Риккерт бұл жерде “уайымдау” ұғымын экзистенциалистік түсінікте, тереңдеп ойлану мағынасында қолданып отыр. Адам әдетте не туралы терең ойланады, уайымдайды? Өзін мазалаған, жан-жақты танып-білгісі келген нәрсені ғана адам уайым объектісіне айналдырады. Риккерттің терең ойлауды уайыммен салыстыруы кездейсоқ емес. Уайым мен қайғыны басынан кешкен адам ғана өмірдің соңында өлім бар екенін бұрынғы тыныш өмірдегіден анығырақ түсінеді, өмірдің, тіршіліктің құндылығын бағалай біледі. Қазақтың өмір мен өлімді салыстыра келіп, “Мың күнгі тамұқтан бір күнгі жарық”, “Өлі арыстаннан тірі тышқан” немесе “Тірі адам тіршілігін жасайды” деп, өмірді жоғары бағалауы да сондықтан.

Ойымызды қорытсақ, қазіргі заманғы жастарға өмір туралы мынадай үш тұжырымды ұсынуға болады:

1. Өмір туралы көбірек ойлан.
2. Өмір – баға жетпес құндылық, оған жететін ештеңе жоқ, сондықтан әр күніңді бағалап өмір сүр.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 44 беті

3. Маңдайға жазылған өмірді гүлдендіруге, жандандыруға, мәнді өткізуге тырыс.

Бұл іс адамның өз қолында. Өмірге мән беретін адамның өзі, оның іс-әрекеті. Дүниеге екі келмек жоқ, сондықтан өмірден өз орнын тезірек тауып, мәнді өмір сүруге де адамның өзі жауапты.

Өмірдің құндылығын және оның мәнін анықтаушы – өмірмен диалектикалық бірлікті құрайтын **өлім**. Ол өмірден тыс нәрсе емес, үнемі қатар жүріп отырады, өмір бар жерде өлім міндетті түрде бар, ол өмірдің екінші жағы. Философия ғылымында өлім мәселесі өмірдің мәні секілді “мәңгілік”, шешімі қиын мәселелер қатарында. Бұл түсінікті де. Өлім туралы ойлану қарапайым адам үшін өмірдің мәні туралы пайымдаудан да қиынырақ. Осы сауалдың төңірегінде ой қозғаудан адам мүмкіндігінше қашып бағады, себебі өлім кім-кімге де қорқынышты, бірақ одан құтылу мүмкін емес. Жақын адамыңды жоғалту, өліммен бетпе-бет келу адам өмірінің шектеулігі жөнінде ойландырмай қоймайды. Күнделікті өмірдің күйбең тіршілігіне алданып, өлімнің бар екендігін ұмытып кететін пенде өмірінің қайғылы кезеңдерінде өмір өзінің дамуын тоқтатқандай күй кешіп, күйзеліс пен қорқынышқа, үрей мен шарасыздыққа ұшырайды. Ол өзін қоршаған дүниенің шындығына тереңірек үңіліп, “Түбі бір өлім болса, өмір сүріп керегі не? Өмір Соломон айтқан “күйбең тіршілік” болғаны ма?” деген сұрақтар оның бойын билей бастайды. Мұндай толғаныс әрбір адамға тән десек, артық айтқан болмас.

Ресейлік зерттеуші Н.В.Волохованың пікірінше, осындай көзқарас қазіргі заманғы мәдени санаға көбірек тән. Бұл тұжырымға ол өлімге адамзат мәдениетінде қалыптасқан қатынастың үш түрін саралай отырып келген екен:

1. Өлім – иллюзия. Бұл пікірдің экзистенциалдық базисі – субъектінің оны қоршаған орта, социум, космоспен және жалпы болмыспен толық ұласып, бірігу сезімі. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның ажырамас бөлшегіне айналған, онымен қайғысы да, қуанышы да ортақ адам өлімнен қатты қорқа бермейді, себебі өлім алдындағы қорқынышты бірге бөлісетін ортасы бар.
2. Өлім – трагедия. Субъект өзінің қайталанбас, ерекше жаратылған адам екендігіне сенімді, өзін басқа дүниеден оқшау ұстайды, соның нәтижесінде өлімді жалғыз қарсы алуға мәжбүр және бұл күресте өзінің дәрменсіздігін түсінеді.
3. Өлімді өмірдің екінші жағы ретінде ғана, маңызы жоқ нәрсе деп қабылдау. Бұл көзқарас өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмай, өмірден күдерін үзіп, тағдырға мойынсұнған, болмыстың қайнаған қазанына көппен бірге көзін жұмып түсіп кеткен адамға тән. Өмір мұндай адамдарға абсурд, саналы түрде реттеуге бағынбайтын нәрсе, өмір де, өлім де мәнсіз болып көрінеді.

Қазіргі қоғамда өмір сүріп отырған адамдардың көбінің өмір мен өлімге көзқарасы осындай деген пікірмен толықтай келіспесек те, бұл тұжырым бізді бей-жай қалдырмасы анық. Оның Артур Шопенгауэрдің өлімді адам қорқатын зұлымдық емес, керісінше, ізгілік және құрметті қонақ, еш мәні жоқ өмірден құтқарушы ретінде қарастыратын ілімімен ұқсастығын байқау қиын емес. Өмірдің қайғы мен қорқыныш, қайыршылық пен кедейшілікке толы қараңғы жақтарын ашып көрсеткен Шопенгауэр философиясының пессимизмін ғана емес, оның адамның эстетикалық пайымдауы мен адамгершілік жетілуіне, жігерінің мықтылығына да үміт артқанын да естен шығармағанымыз жөн. Мәселе өлімнің заңдылығын мойындап қана қоюда емес, адамның өліммен бетпе-бет келгенде экзистенциалдық дағдарыстан шыға білуінде, оны жеңуінде. Адамның өмірмәндік мәселені шешу деңгейі, өмірінің мәнді-мәнсіздігі, оның тұлға ретіндегі сипаты осы жерде анықталады. Ясперстің терминін қолдансақ, өлім адам өмірінің мәнін ашып көрсететін “шекаралық жағдай”.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 45 беті

Мәнді өмір өлімнің өзін мәнге ие етеді. Адамның өмірі қандай құнды және мәнді болса, өлімі де сондай құндылық дәрежесіне сай болады. Мысалы, Сократтың өлімі аңызға айналып, ұрпақтан ұрпаққа мәнді өлімнің үлгісі ретінде жетіп отыр. Көзі тірісінде мыңдаған адамды мәнді өмір сүруге талмастан үйреткен, өзінің ісі арқылы өмірін мәнмен толтырған данышпан өлімін де еш қорқынышсыз, тайсалмастан қарсы алып, дұшпанын да, досын да тамсандырды, сол арқылы өліміне өшпес мән берді.

Мақсатсыз, мәнсіз өмір кешкен адамның бойында, керісінше, өлім алдында жан түршігерлік қорқыныш пайда болады, өкінішті өмірі туралы ой оның жанын жегідей жеп, тыныштық бермейді. Өмірінің мәніне жете алмаған адам өлімін де мәнге толтыра алмайды.

Көріп отырғанымыздай, өлім – адам өмірінің сыны. Оның өмірі қандай болса, өлімі де сондай болмақ. Философиялық тұрғыдан келсек, адам өлемін деп емес, өмірді бағаламай, оған қызмет етіп үлгермей, соңында еш із қалдырмай өмір сүрдім деп қорқуы керек.

Өмірден өз орнын таба білу адамның өмірлік мақсатымен және оны таңдай білумен тығыз байланысты, яғни өмірдің мәні категориясын толығырақ түсіну үшін **мақсат** категориясын айқындау қажет. **Адам өміріне мән беретін – оның мақсаты.** Өмірдің мәнін іздеу дегеніміздің өзі ең әуелі адамның түпкілікті мақсатын, нақтырақ айтсақ, өз болмысының негіздерін, өмірдің жоғары құндылықтарын анықтауы. Адам өмірі өмірлік мақсаттарға негізделгенде ғана мәнді. Мақсатсыз адамның өмірі бос, мазмұнсыз, жалған өмір мұндай адамдар үшін артында бір белгі қалдырмай, көрген түстей болып өте шығады. Адамдардың көбінің өкінішті өмір кешуінің де басты себебі – осы өмірлік мақсаттың болмауы. Орыстың теолог ойшылы В.В.Розанов өмірлік мақсатты адамның санасымен тікелей байланысты қарастырады. Оның пікірінше, адам екі түрлі өмір кешуі мүмкін: бейсана (немесе санасыз) және саналы өмір. Санасыз өмір сүрген адамның өмірін сыртқы себептер басқарады, ал саналы өмірдің қожайыны – мақсат.

В.В.Розановтың бұл пікірі дұрыс деп ойлаймыз. Әрине, адам өміріне сыртқы себептердің әсерін жоққа шығаруға болмайды. Адам өзі өмір сүріп отырған ортада қалыптасқан жағдайларға, қоғамның басқа мүшелеріне белгілі бір деңгейде тәуелді. Бірақ, осы себептерге мойынсұнып, өзі тірлік қылмай немесе басқаның айтқанымен жүріп өмір кешсе, адамның санасыз жануардан айырмашылығы қайсы? Мақсатты адам бұл сыртқы жағдайлардың билігіне еруі мүмкін, бірақ уақытша ғана. Өмірлік мақсатын саналы түрде анықтаған адам қандай жағдайда болмасын өзіндік болмысын сақтап қала алады, өзінің ақыл-ойына сүйене отырып, көздеген мақсатына бүгін болмаса, ертең жетеді. Саналы түрде таңдалған мақсат адамның ішкі күшті дінгегі немесе қараңғыда жол көрсетер шамшырағы десек те болады.

Мақсатты сана деңгейінде түсініп қана қою өмірдің мәнін ашу үшін жеткіліксіз. Адам мақсат пен өмірдің мәні туралы сөз жүзінде айтып қана қоймай, оны ісімен дәлелдей алса ғана өзінің тұлғалық дәрежесін көрсете алады. Яғни, мақсат тек сананың категориясы ғана емес, ол адамның қызметтік-практикалық мәнін сипаттайды. Іс-әрекетпен ұштастырылмаған мақсат құр арман күйінде қала береді.

Мақсаттар ең биік және қарапайым болып жіктеледі, онсыз мақсат та, сол арқылы анықталатын өмірдің мәні де жалпы, бұлдыр нәрсеге айналуы мүмкін.

Ең биік мақсат – руханилыққа жету. Руханилық – тек адамға тән маңызды қасиеттердің бірі. Адам табиғатынан биологиялық және әлеуметтік тіршілік етуші ретінде материалдық дүниеге және өзінің күнделікті болмысынан тысқары дүниелерге ұмтылуға бағытталып жаратылған. Абайдың сөзімен айтсақ: “Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді:, қуат таппайды. Біреуі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 46 беті

білсем демекші, ... көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген”.

Материалдық дүниеге деген талпыныс арқылы адам өзін өмір сүруге қажетті нәрселермен қамтамасыз етеді. Мұндай өмірді қарапайым тіршілік десек дұрыс секілді және оны қанағат еткен адамның жануардан айырмашылығы шамалы. Ал көрсем, білсем, үйренсем деу, яғни руханилыққа ұмтылу мәнді өмір сүруге талпынған адамға ғана тән. Ол өзінің күнделікті мұқтаждарын қанағаттандырумен, қарапайым тілмен айтсақ, қарын тойдырып, ұйқы қандырумен шектелмейді, өзін де, өзінен тыс дүниені де тереңірек түсінуге, көбірек білуге тырысады, осы мақсатпен көп оқып, көп ізденеді. Адам баласы игеруге ұмтылған бұл дүниелер өнер, ғылым, дін, философия болуы мүмкін. Бірақ руханилық білімділікпен шектелмейді.

Рухани құндылықтарды әлеуметтік-философиялық тұрғыдан тереңдеп талдаған ғалым С.Е.Нұрмұратовтың сөзімен айтсақ, руханилықтың негізгі келбеті – адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиеттерін әлемге паш етуге дайындығы, яғни, ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, ішкі нұрын, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, ғаламға беруге ұмтылысы.

Руханилықты, адамгершілікті өмірлік мақсат етіп таңдау – оңай іс емес. Байқап қарасақ, адамның өмірі түгелімен үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты, маңызды-маңызсыз **таңдау** жасаудан тұрады екен, бұл маңдайға жазылған нәрсе. Солардың ішіндегі ең бастысы және ең қиыны – өмірлік таңдау жасау. Әлеуметтік өмірдің дайын үлгілерін қабылдай салып таңдау жасау мүмкін емес. Тұлғаның өмірлік таңдауы жан-жақты және күрделі. Ол адам өмірінің алғы шарты, сонымен бірге қорытындысы, оған адам өмірмәндік ізденістің, өзі және дүние туралы терең ойланып-толғанудың нәтижесінде келеді. Таңдау арқылы адам өзінің болашақ өмірінің “жоспарын” жасап, іргесін қалайды, сол арқылы өмірінің мәніне жетуге бір табан болса да жақындап, өз өмірінің негізгі идеясын анықтайды және оны өзінің өмірлік мақсатын жүзеге асыруға арналған қызметіне бағыт-бағдар беруші ретінде таңдайды.

Таңдау – адамның өмір және дүние туралы толғанысы ғана емес, ол тұлғаның болмысты терең сезінуі. Өмірдің мәнін таңдау әрбір тұлға үшін үлкен сын, ешкім де бұл іске бей-жай қарай алмайды. Өмірлік таңдау тұлғадан өмір туралы жәй ойланып қана қоймай, оны өзінің жаны мен тәні арқылы өткізуді, өзінің қайғысы мен қуанышына айналдыруды талап етеді. Бұл іс ілуде біреудің қолынан келеді десек, қателеспеспіз. Дұрыс таңдау жасау – тұлғаның кемелденіп-толысқандығының және қайыспас мінезге ие екендігінің бірден-бір көрсеткіші. Соңғы фактордың орны бөлек, себебі таңдау жасаған адам өзінің болашақ тағдырын да анықтайды, оны жүзеге асыру үшін тұлғаға ақыл-ой, күш-жігер және таңдаған жолдан тайдырмас ішкі сенім, мықты мінез қажет.

Таңдаудың абсолюттік және салыстырмалы сипаты бар. Таңдау жасайтын адамның өзі, ол тұлғаның еркіндігі мен шығармашылығының нәтижесінде дүниеге келеді, сондықтан да абсолютті. Бірақ таңдау адам өмірі мен әлеуметтік қызметінің белгілі бір шарттарына азды-көпті тәуелді, яғни салыстырмалы. Адам белгілі бір қоғамда өмір сүреді, сол себепті оның өмірлік мақсаттары дүниенің субстанционалдық негізімен, өмірдің мәдени-тарихи контекстімен тығыз байланысты. Өмірлік таңдау жасау адамның өз қолында болғанымен, ол жалпы адамзаттың, өз ұлты мен халқының, өмір сүріп отырған қоғамының мәдени жетістіктеріне, рухани мұраларына міндетті түрде сүйеніп, өзінің өмір жолына пайдалы көптеген өмірмәндік сабақтар алып отырады. Бірақ, таңдау жасау жауапкершілігі түптеп келгенде адамның өзінде.

Экзистенциализм тілімен айтсақ, адам дүниеге келгенде тек тіршілік етуші, өмір сүруші ғана, оның нағыз мәні кейін пайда болады. Адам – проект- жоба, оны кескіндейтін

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 47 беті	

де, жүзеге асыратын да адамның өзі. Адам болу, немесе Сартр айтқандай, “түк, мүк, түсті капуста болып шығу” адамның таңдауына байланысты. Өзінің қандай болып шықпағына адамның өзі жауапты, оның таңдауы өмірде адамның өзінің іс-әрекеттері арқылы кескіннен келбетке айналады, бос мәнді толтырады. Таңдау қате жасалғанда өмір адам күткендей болып шықпауы мүмкін, бірақ бұл жерде адамның өзінен басқа кінәлі жоқ. Таңдау жасау қиын, экзистенциалдық терминді қолдансақ, адам үнемі “шекаралық жағдайда”, белгілі қазақ философы Ғарифолла Есімнің тілімен айтсақ – “жар жағасында”. Адам өмір бойы жақсы мен жаманның, материалдық пен руханилықтың, өмір мен өлімнің, дұрыс пен бұрыстың арасында таңдау жасаумен болады. Өмірдің мәні – адамгершілікті сақтап өмір сүру десек, таңдаудың ең күрделісі – адамгершілікті таңдау жасау екені түсінікті. Бірақ адам болып өмір сүремін деген тұлға қаншама қиын болса да, осы жолды таңдауға міндетті. Әрине, әркімнің өз еркі өзінде, адам басқа жолды таңдауға хақы бар болғанымен, оның бұрыстығына түбінде көзі жетеді.

4.Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 48 беті

8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.

9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.

10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Өмірдің мәні философиялық зерттеудің объектісі ретінде
2. Өмірдің мәні туралы мәселені зерттеудегі негізгі тәсілдер.
3. Ажалсыздық мәселесі

Дәріс №9

1. Тақырып: Этика. Құндылықтар философиясы

2. Мақсат: Этика, мораль, құндылықтар ұғымдарын сипаттаңыз және оларды философиялық зерттеу объектілері ретінде қарастыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Аксиология – құндылықтар туралы философиялық ғылым. Аксиологияның негізгі ережелері.
2. Құндылық туралы түсінік. Мәндердің түрлері мен құрылымдары.
3. Жақсылық пен зұлымдық мысалындағы іргелі адамгершілік құндылықтардың диалектикасы.
4. “Құт”, “Қанағат”, “Тәуба”, “Әділет”, “Сабыр” санаттары.

Аксиологияның негізгі ерекшеліктері

Аксиология (грек тілінде "axia"-құндылық және "логос"-ілім) құндылықтар жаратылысы туралы ілім. Оның нақтылықтағы орны мен құндылықтық әлемдегі құрылымы туралы,яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтық байланыстар туралы ілім. Философиялық білімнің арнайы бөлімі ретінде аксиология XIX-ғасырдың екінші жартысында ғана қалыптасты.

"Игілік дегеніміз не?" деген аксиологияның басты сұрағын алғаш болып Сократ қойды. Аксиология - этикалық, эстетикалық, діни және өзге де құндылықтардың өзара байланысын және әлеуметтік-мәдени орта мен жеке тұлғаның құрылымына қатынасын зерттейді. Аксиологияның басты міндеті – құндылықтардың болмыстың жалпы құрылымындағы орны мен табиғатын анықтау.

Аксиология ілімінің қалыптасуындағы екі кезеңді атап өтуге болады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 49 беті

1-ші кезеңі – синкретизм деп аталады. Бұл кезең онтология мен аксиологияның, яғни болмыс пен құндылықтардың бөлінбеуімен ерекшеленеді. Мәселен, антикалық дәуір мен

орта ғасырларда этикалық-эстетикалық, діни құндылық сипаттары ақиқат пен шынайы болмыс ұғымына енді. Мұндай дәстүр Платоннан, Гегельге дейінгі идеялистік рационализмде көрініс тапқан.

2-ші кезеңі - болмыстың ақиқат және құндылық болып екіге бөлінуімен сипатталады. Соңғысы заттық құндылықты және субъективтік құндылықты білдірседі. Мұның екеуі де адамның іс әрекетінің бағыт бағдары мен оның дүниеге деген құндылықтық көзқарасының көрсеткіші болып табылады. Құндылықтар жүйесіндегі ең жоғары құндылық - адам және оның өмірі болып табылады. Ең жоғары құндылықтарға жалпы адамзат құндылықтары – мейірімділікті, әділеттілікті, сұлулықты, ақиқатты жатқызуға болады. Бұлар жеке адамның әлеуметтенуінде маңызды роль атқарады. Бұлардың жүзеге асуы жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінің тұңғышында жатқан мүмкіндіктерді жүзеге асырумен бара-бар. Осыларды түсінбейінше және оларды жүзеге асырмайынша адам баласының жеке тұлға болып қалыптасуы қиынға соғады. Мұнсыз өмір өз мәнін жоғалтады. Ал өмір мәнін жоғалтқан адам үшін оның өмірі қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін. Жоғары құндылықтармен сонымен бірге "экзистенциалдық вакуум" проблемасы да өте тығыз байланысты. Мұндай вакуумға құндылықтарда адасқан немесе оны таба алмаған адам түсіп қалады. Мұндай жағдай қазіргі заманда өте көп кездеседі. Көптеген жылдар бойы қалыпты өмір сүріп келген құндылықтар жойылып, өмірлік тәжірибесі бар адамдар түгілі жастар үшін де өмірдің мәні төмендейді. Экзистенциалды вакуум, жеке адамның әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді де невроздардың пайда болуына алып келеді. Экзистенциалды вакуумның пайда болуының ең негізгі формасы уақыттың босқа кетуі, яғни өмірлік қызықтың болмауы болады. Бұл жоқшылыққа қарағанда көбірек проблемалар туғызады. Жоқшылық адамды іс-әрекетке көшуіне бейімдейді, ал қызықсыз өмір шынайы өмірден безуге алып келеді (маскүнемдік, нашакорлық, т.б) Тек жоғары құндылықтар ғана емес, сонымен бірге жеке адамның әлеуметтенуіне құндылық құралдары да елеулі ықпалын тигізеді. Олар ең жоғары құндылықтарға бағынып, соларға негізделген. Мәселен адам әділеттілікті орнату жолына түссе ол осы жолда ешқашан әділетсіз әрекеттерге бармайды.

Қоғам әртүрлі қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесін құрайды. Осындай алуан түрлілікті ұғыну үшін вакуумды түсіну өте маңызды. Қоғамдық қатынастар материалдық және рухани қатынастар болып екіге бөлінеді. Материалдық қатынастар біздің санамыздан тыс тәуелсіз өмір сүреді. Ал рухани қатынастар адамдар санасынан өту арқылы қалыптасады. Олардың арасындағы байланыс аралық сипатқа ие. Материалдық қатынастар қоғамдық санада бейнелене отырып, белгілі бір рухани құндылықтарды туындатады. Ал мұндай құндылықтар рухани қатынастардың негізі болып табылады.

Рухани өмір бай мазмұнға ие атмосфераны, қолайлы моральдық-психологиялық жағдайды қалыптастырады. Ал өзге жағдайларда рухани өмір жұтандау болып келеді. Мұндай қоғамда рухани азғындық белең алады. Қоғамның рухани өмірінің мазмұнында оның шынайы адамгершілік мәні көрінеді. Рухани өмірдің басты элементтері - рухани қателіктер, рухани құндылықтарды жасап шығару жолындағы іс-әрекеттер, рухани азық және адамдар арасындағы рухани қарым - қатынастар.

Философиялық құндылық

Философия тарихында құндылық көрінісінің заңдылықтары туралы жалпы түсінік 19 ғасырдың ортасында пайда болды. Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы **Р.Лотце мен Г.Коген** берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 50 беті	

көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын **сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік** секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Ол пәндік және субъективтік деген екі бөліктен тұрады. Пәндік және субъективтік құндылық — адамның дүниеге қатынасының екі жағы, біріншісі — оның **объектісі**, екіншісі — **субъектісі**. Сондықтан пәндік құндылық баға берудің объектісі, ал субъективтік құндылық олардың өлшемі мен әдісі болып табылады. Пәндік құндылыққа заттардың табиғи қажеттілігі, өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, ғылыми ақиқаттың теориясы маңызы мен тәжірибелік пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылық ұғымына қоғамдағы ойлау мен бағалау, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар жатады. құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне, т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады және реттейді. Құндылықтар адам мүддесінің объектісі бола тұра, әлеуметтік, заттық ортадағы күнделікті тіршілікте бағыт беру рөлін атқарады. Адам өзін қоршаған заттық және рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Оның шынайы өмірге құндылықтық қатынасы тек сана негізінде болуы мүмкін. Құндылықтық сана заттың біз үшін қаншалықты бағалы, оның құндылығы неде екенін зерттейді.

Ұлттық құндылықтар

Әлеуметтік-тарихи тәжірибе әрбір жаңа ұрпақ өз халқының өткен тәжірибесін қайта ойлап, ұлттық дамудың мақсаттары мен міндеттерін айқындауымен қатар, оның перспективаларын тұжырымдап, нақты уақытта ұлтқа тән саяси, идеологиялық, экономикалық, мәдени бағдарларды, қазіргі заманғы әлемге сәйкес ұлттық сана-сезімді қалыптастыратынын көрсетеді. Бұл процесс ұлт тарихының аса күрделі, сыну кезеңдерінде қарқынды жүреді. Ұлттық сана-сезім ұлт пен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор болып табылады. Жеке тұлға өзін ұлттың ажырамас бөлшегі ретінде сезіне отырып, өз халқының тарихын, ұлттық құндылықтарды (жазу, ұлттық тіл, рухани мәдениет пен тағы басқа жетістіктері), ұлттық менталитет, халықтың әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесін бағалап, оның дамуына ықпал етеді. Ұлттық сана-сезімнің дамуы индивидтің өз ырымдарын, дәстүрлерін, яғни этникалық тамырын білуімен байланысқан, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Яғни, ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды тарап ондағы этностық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың арақатынасы болып табылады. Жеке тұлғаның ұлттық сана-сезіміне өзінің ұлттық қатыстылығы туралы субъектіні таныстыру, өзінің этникалығын позитивті қабылдау, ұлттың тарихи өткеніне, оның бүгіні мен болашағына деген көзқарас, ана тілін меңгерудегі белсенділік, халық мәдениетін зерделеудегі белсенділік, ұлттық мүдделер мен құндылық бағдарларын ұғыну және қабылдау, басқа да этникалық қауымдастықтарға қарым-қатынасты қалыптастыру, оның аумақтық тұтастығын сақтауға дайындық, оның байлығын арттыруға ұмтылу кіреді.

Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.

Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау түрі, темпераменті, ұлттық санасы және т. б. белгілі бір жолмен үйлеседі. Жалпыадамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтарға да тән орнықтылық және тұрақтылықпен сипатталады. Ұлтқа және жеке тұлғаға қатысты

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 51 беті

менталитет бастапқыда әдеттегі-эмоционалды түрге ие болды деп айтуға болады, тек экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуға негізделген құндылықтардың пайда болуымен ғана ол көп қырлы дүниетанымдық сипатқа ие болады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарын тарихи іріктеу нәтижесінде қоршаған әлемге қарым-қатынас жүйесінде көрініс табады.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың бір бөлігі ретінде ұлттық құндылықтар - құлық пен құндылықтар түрінде оң тәжірибені сақтаушы ұлттың өзін дамыту шарасы болып, **индивид пен этнос** өмірінің дербес факторы болып табылады. Қоғамдық қатынастардың нақты жұмыс істеуі оның деңгейіне байланысты. Ұлттық және әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтар ұлт субъектісінің қоршаған шындыққа деген шығармашылық қатынасын көрсетеді. Адам өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге, белгілі бір этнос өкілі ретінде өзін-өзі дамытуға қабілетті жарқын даралық ретінде жасайды.

Негізгі этика категориялары (**парыз, ізгілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік**).

Этикалық категориялар саны жағынан өте көп, сондықтан ғылыми және тәжірибелік мақсаттарда оларды топтарға бөлу орын алған. Кейбір ғалымдар оларды құрылымдық және субстанционалдық (мәндік) деп екіге бөледі. Басқа бір ғалымдар мұндай бөлудің негізі ретінде басқа қағиданы ұсынады: белгілі бір категорияны функционалды ретінде қарастырып отырып топтауды осы категорияның негізінде жүзеге асырады. Мысалы, Эпикур этиканың барлық категорияларын бақыт категориясына бағындырған. Аристотель ең маңызды деп игілік категориясын санаса, Кант парыз категориясына ерекше мән берген. Алайда, қарзіргі кезде де осы мәселеге қатысты нақты бір көзқарас жоқ. Отандық этикада моральдың құрылымының негізінде бөледі. Бұл құрылымның негізгі элементері ретінде кейбір ғалымдар моральдық тәжірибені, моральдық сананы және адамгершілік өзіндік сананы таниды. Алайда, кеңірек таралғаны болып, басқа бір ғалымдардың моральдың құрамында моральдық сана, адамгершілік қарым-қатынастар және адамгершілік қызмет бар екендігін мақұлдайтын бағыты саналады. Жоғарыда аталған екі бағыттың арасында ерекше атап өтетіндей айырмашылықтар жоқ, себебі, екінші бағыттағы моральдық сананың құрамына бірінші бағытта аталған адамгершілік өзіндік сана кіріп кетеді, пл адамгершілік қарым-қатынастар мен адамгершілік қызмет адамгершілік тәжірибені құрайды.

Этиканың категориялары бір-бірімен тығыз байланыстылықта болғаны соншалық, олар бір-бірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады. Мысалы, абырой категориясын жауапкершілік, тәртіптік, батылдық, ержүректілік және т.б. категорияларды пайдалану арқылы ғана түсінуге болады. Ержүректілік категориясының мазмұны батылдық, шыдамдылық, қаржылылық, қайраттылық және т.б. категориялардың көмегімен ашылады. Әділдік категориясын адамсүйшілік, шыншылдық, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік және т.б. категорияларсыз түсіну мүмкін емес.

Бірінші топ – моральдық сана категориялары. Оларға мыналар жатады: моральдық қағида, моральдық норма, моральдық немесе этикалық категориялар, моральдық сенім, адамгершілік мақсат, моральдық және т.б. Негізгі этикалық катеориялардың барлығын моральдық сана категориялары деп те атауға болады, себебі, олар моральдың қандай жағын көрсетсе де солардың барлығы моральдық санада тіркелді. Моральдық сананың мәнді категориялары: қайырымдылық, зұлымдық, борыш, абырой, ар-ождан және т.б. категориялар жүйесінде орталық орынды иеленген, бірақ,, оларды адамгершілік қарым-қатынастар мен моральдық тәжірибеден бөліп қарастыркға болмайды, себебі, мұндай жағдайда олар өздерінің негіздерінен айырылады да, бос абстракцияларға

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-	
Дәріс кешені	96 беттің 52 беті	

айналады. Қайырымдылық пен зұлымдылық, әділдік пен әділетсіздік туралы жай, өмірден тыс әңгімелердің ешбір мәні жоқ. Керісінше, олар демагогияға, немқұрайлыққа нді түрде әсер етсе, онда олардың маңызы да артатыны сөзсіз.

Екінші топ - категориялары әкелуі мүмкін. Ал егер моральдық сана категориялары шынайы қатынастар мен әрекеттерді көрсетіп, оларға белме— бұл адамгершілік қатынастар категориялары. Оларға мыналарды жатқызуды болады: адамгершілік өзара әрекеттер, адамгершілік шиеленіс, моральдық бедел және т.б. өзінің функционалдық ролі бойынша адамгершілік қатынастар моральдық субъектілердің өзара қарым-қатынастарының көрінісі болып табылады. Бұл қатынастардың адамгершілік деп бағалануының себебі мынада: олар достық, қастық, серіктестік, сенім, сыйластық, екіжүздік және т.б. моральдық бағалаулармен сипатталады.

Үшінші топ - категориялары – бұл моральдық тәжірибе немесе функционалдық жүріс-тұрыс категориялары. Оларда тұлғаның белгілі бір моральдық қасиеттерді тәжірибеде, күнделікті өмірде жүзеге асыру үрдісі көрініс табады. Мұндай категориялардың қатарына мыналар жатады: моральдық (немесе моральға қайшы) әрекет, моральдық салдар мен санкциялар. Олар арқылы моральдық парыз, абырой, батырлық немесе қорқақтық, әділдік немесе әділетсіздік, адалдық немесе сатқындық, кеңпейілділік немесе жауыздық және т.б. адамгершілік сана категориялары көрініс табады. Бұл топ категорияларында моральдың адамдар арасында қатынастарды реттеуші ретіндегі мақсаты ашылады.

“Құт”, “Қанағат”, “Тәубелік”, “Әділет”, “Сабыр” категориялары.

Құт — қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы қасиетті ұғым. Құт сөзі ертедегі Орхон жазба ескерткіштерінде кездеседі (“Тәңірі жарылқауымен құтты қаған болдым”, Күлтегін жазуы). Көне түркі заманында Құт сөзі төмендегідей мағыналарды білдірді:

- 1) жан, өмірлік қуат, рух;
- 2) бақыт, жақсылық;
- 3) сәттілік, табыс, сыбаға;
- 4) ұлылық, дәреже;
- 5) ақиқатқа жету, нұрлану, шынайы бақыт пен шаттыққа кенелу.

Осыған сәйкес адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің жаралу, өсіп-өну заңдары ұқсастық негізінде, екінші жағынан, күллі жаратылыс тылсым рухтарға тәуелді, тағдырдың бастауы оның көзге көрінбейтін жанында, ал оның иесі, тірі жандарға қуат беретін тәңірлер, құдайлар, күллі мақұлық Құтқа мұқтаж, ол Көк тәңірден келеді, әсіресе, ел билеушілер Құт қонған адамдар болуы тиіс деген түсінік орын алды. Өйткені ел билеушілер арқылы бұл қасиет басқа қарапайым пенделерге тарайды деген сенім болды. Тәңіршілдікте күнәһарлық туралы ұғым терең дамымағандығына қарамастан, ерте замандардың өзінде түркілерде құттылық пен құтсыздық ұғымы жеке адамның этикалық заңдарды қатаң ұстануымен байланыстырылды. Әйтсе де, көне түркі кезеңінде, сол сияқты кейінгі, исламнан тыс қалған шамандық түсініктегі Алтай мен Сібірдегі түркі тілдес халықтарда Құт туралы түсініктер тұрпайы, ескі натурализм деңгейінде, анимализм (жануарлық), табиғатқа табынушылықпен ұштасқан қалпында қалып қойғаны аңғарылады. Құт көбінесе адам мен жан-жануарлардың тууы, жыныстық өсіп-өнуі, табиғи күш-қуат, жігер, сол сияқты материалдық байлық-молшылық тұрғысынан қаралды. Құт туралы түсініктердің түп-төркіні бұлыңғыр ырымдардың жиынтығы болып қала берді; көп жағдайда мұнан тұрпайы ырымшылдық, дуа (магия), тіпті затқа табыну (фетишизм) тарап жатты. Көне түркілік діни-мифологиялық синкреттік дүниетаным аясында пайда болған Құт ұғымы кейін түркі даласында мұсылмандық сопылық ілімдердің ықпалымен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 53 беті	

дамып, руханилана түсті, табиғи-нәпсілік деңгеймен шектелмей, өркениеттік өлшемдерге көтерілді. Құттың түп-төркіні Алладан келетін киелі нұр; қуат көзі, күллі ізгілік, береке Алладан, ал оны тарататын пайғамбарлар мен әулиелер, тақуалар деген түсінік қалыптасты. Әулиелердің батасы, шын ықыласымен сыйлаған заттары арқылы (шапаны, асатаяғы, ыдысы, т.б.) адамдарға құт-береке дариды, ал ол рухани сабақтастық бойынша пайғамбардан халифаларға, халифалардан сопы-пірлерге көшіп, ұдайы жалғасып отырады деген сопылық дүниетаным етек алды.

Қанағат, қанағатшылық – адамның барға риза болуын, місе тұтуын, нысаптан шықпауын, нәпсіге ермеуін білдіретін ұғым. Қанағат ету – жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеу. Қанағат – қолдағы барына, қол жеткізген табыстарына разы болу

Сабыр — адам мінез-құлқына тән байыптылық пен ұстамдылықты білдіретін асыл қасиет.

“Сабыр түбі — сары алтын”, “Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа” деген халық даналығында сабырлылық адамды жамандықтан сақтап, жақсылыққа бастайтын ізгі қасиет ретінде айқындалады. Сабырлылық қажыр-қайратпен ұштасып, ер бойындағы **ар, ұждан, ынсап** сияқты қасиеттерге негіз болады. Сабырлылық әрбір істің ақырын ниет ақтығына табан тіреп, әділеттілікке сенімін жоғалтпай күтіп, байсалды әрекет жасаудан көрінеді. Сабырлылық өз ісінің ақтығына сенімді, ниет-тілеуі түзу, тағдырдың бір құдайдан екендігіне сенетін, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарап, мойымайтын адамға тән. Сабырлылықтың қажыр-қайратпен оның адам бойындағы бойкүйездік, немқұрайдылық, еріншектік сияқты жаман қасиеттермен ымыраласпайтындығының негізгі белгісі. Себебі аталмыш жаман қасиеттер үмітсіздіктен, торығудан, жасып, жабығудан, тоғышарлықтан туындайды. Сабырлылыққа қарама-қарсы тағы бір ұғым орынсыз ашушандық болса, ол адамның ақылға жүгінбей, шолақ ойлар байыпсыздығының, салмақсыздығының көрінісі. Сондықтан да сабырлылық адами кемелдіктің белгісі ретінде ақылды — азық, қайратты — қару, иманды — серік еткен ер бойынан байыптылық, ар-ұят, ынсап ретінде табылатын асыл қасиет.

Әділет – жақсы мінездердің ең құндысы. Әділ адам – адамдардың ең жақсысы. Әділет – келісушілік, тепетеңдік деген сөз. Әділет болғанда екі нәрсенің не өздері немесе сипаттары тең болады. Бұл ұқсас жерлерінде біріккен деген сөз. Демек, әділет бірліктен, тек бір болудан туындайды. Әлемде кездесетін әрбір бір болу, шынайы жалғыздың болмысына ұқсайды. Әр болмыс, сол бір болған болмыстан пайда болғаны сияқты, әр бірлік те сол бірден пайда болады. Ал өлшеу, салыстыру істерінде теңдік сияқты құрметтісі, қадірлісі жоқ. Музыка саласында бұл мәселе кеңірек зерттелуде. Міне осы себептен, жақсылықтардың ең қадірлісі – әділет. Әділет – ортада болу деген сөз. Ортадан айырылатын болса, әділет болмайды.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелге грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 54 беті

Философ Т.Қ.Ғабитов «**құндылықтар – қасиеттер**» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Яғни, философиялық тұрғыдан алсақ құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндерің барлығы құндылық болып табылады. Психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың объектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы, осы қатынастың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманкүл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 55 беті

8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.

9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.

10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Аксиологияға анықтама беріңіз.
2. Аксиологияның орталық мәселелері қандай?
3. Құндылыққа анықтама беріңіз.
4. Құндылықтар мен антикалықтар адам өмірінде қандай рөл атқарады?
- 5.Жақсылық пен жамандық мысалындағы негізгі моральдық құндылықтардың диалектикасы.
6. "Құт", "қанағат", "тәуба", "әділет", "сабыр"санаттары.

Дәріс №10

1.Тақырып: Еркіндік философиясы

2.Мақсат: Философия тарихындағы еркіндік мәселесінің ерекшеліктері

3. Дәріс тезистері:

- 1.Философия тарихындағы еркіндік ұғымы.
- 2.Тұлғаның қалыптасу шарттары.
- 3.Алаш қайраткерлерінің философиясы еркіндік және тәуелсіздік идеялары.

Еркіндік – адамзатты ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан, әлі де болса шешімін таппаған мәселе. Еркіндік философияның негізгі категорияларының бірі болса да, философиялық әдебиеттен оны толық сипаттайтын анықтама табу да қиын. Кеңестік философияда еркіндік көбіне тек қажеттілікпен байланысты қарастырылды да, жеке тұлғаның еркіндігі мәселесі көлеңкеде қалып қоя берді. Еркіндік туралы қазір де әңгіме көп, әсіресе адам еркіндігі қоғамға көгенделген кеңестік жүйе күйрегеннен бері бұл тақырып көп талқыланды, бірақ нақты шешімді табу қиын болып тұр.

Адамның толық еркіндігі мүмкін бе? Жеке адам бұрынғы заманды айтпағанның өзінде қазір еркіндікке, басқа адамнан, қоғамнан тәуелсіздікке қол жеткізді ме? Өзіңізді толық еркін адам ретінде сезіне аласыз ба? Әлі де болса жауабын таппаған бұл сауалдар алдымыздан үнемі шығып отырады. Зерттеушілердің бір тобы еркіндік бар деп мойындаса, екінші бір тобы оны жоққа шығаруда, ал үшінші көзқарас еркіндікті адам

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 56 беті

рухына ғана тән, ол адам өлгеннен кейін мүмкін деп тұжырымдайды. Көріп отырғанымыздай, еркіндік тақырыбы күрделі, көп пікірталас туғызып отыр.

Бірақ қиындығына қарамастан, бұл мәселенің түйінін шешу біздің қоғам үшін аса маңызды. Тәуелсіздікке отыз жыл бұрын ғана ие болған Қазақстан бұрынғы одақ көлеміндегі басқа республикалар секілді еркіндікке ие болудың, оны меңгерудің шым-шытырық қиындыққа толы кезеңін басынан кешуде. Бұл түсінікті де. Бірден еркіндікке жете қою – иллюзия. Еркіндік адамға да, қоғамға да дайын күйінде берілген, табиғатына тән нәрсе емес. Ол – мәдениет дамуының жемісі, сондықтан да еркіндікке жету мәдениетті меңгерудің қиын да күрделі, қарама-қайшылыққа толы жолынан өтуді, еркін тұлғалардың бірге өмір сүре білу өнерін үйренуді талап етеді.

Еркіндік тақырыбын қозғап отырғанымыздың тағы бір себебі – оның мемлекет деңгейінде ғана емес, осы қоғамда өмір сүріп отырған нақты адам, тұлға үшін маңыздылығында. **Адам еркін таңдау жасағанда ғана өмірлік мақсатын анықтай алады**, басқаның әмірі мен күшінен қорыққаннан жасалған немесе еріксіз таңылған таңдау мәнді өмірге жеткізбейді. Өмірдің мәні туралы ой шерткен философтардың бәрінің дерлік адамның әлеуметтік тіршілік етуші ретіндегі өмірінде арқа сүйер тіректерінің қатарында оның ақыл-ойы мен еркіндігін атап көрсетуі де сондықтан.

Еркіндік мәселесінің философия тарихында талдануына көз жіберсек, адамның еркіндігін теріске шығаратын философтардың пікірінше, адам табиғаттың жемісі болғандықтан оның болмысының субстанциональдық негіздерін табиғат белгілейді. Осы ағымның өкілі **П.Гольбахтың** пайымдауынша, адам бүкіл табиғатпен байланысты, сондықтан табиғат жаратқан өзі сияқты басқа да тіршілік етушілер секілді **адам да табиғаттың өзгермейтін заңдылықтарына бағынып өмір сүреді**. Оның өмірі табиғат сызған сызықпен жүреді, одан ауытқуға адамның еш шарасы жоқ. Гольбахтың пайымдауынша, адам табиғатқа ғана емес, қоғамдық қатынастарға да тәуелді.

Қоғам өз мүшелерінің ойларын, іс-әрекеттерін белгілі бір бағытқа салып, реттеп отырады, яғни нағыз еркіндікке адам емес, табиғат пен қоғам ие, ал адам үшін еркіндік оған табиғат күні бұрын берген қажеттілік қана, «адам өмірінің бір сәтінде де еркін болмайды, адамды ылғи да оның құштарлығын қоздыратын заттармен байланысты реалды немесе алдамшы пайда билейді».

Еркіндік туралы діни түсінікке жүгінсек, абсолюттік құндылық ретінде құдай ғана қабылданатындықтан, оның өзі ғана абсолюттік еркіндік және өзіне бағынышты **пенделерінің еркіндігін анықтайтын да құдайдың өзі**. Дін қоғамда еркіндікті реттеуші, оның шектен шығушылыққа ұласуына тиым салушы құрал ретінде болғаны тарихтан белгілі. Бірақ бұл онша тиімді, нәтижелі бола қоймағаны және қазір де болмай отырғаны жасырын емес. Мысалы, діни көзқарас үстемдік құрған Орта ғасырдан кейінгі Қайта Өрлеу дәуірі шектен шығудың «керемет» үлгілерін көрсетті.

Марксизм болса, адамды табиғаттан да, қоғамнан да тәуелсіз, тарихты да, өзін де еркін жасаушы деп жариялап, оның еркіндігін «жаңа, тарихи прогрессивті қоғам құруға бағытталған революциялық қызмет еркіндігі», - деп түсінді. Бірақ, бұл еркіндіктің іс жүзінде жеке адамның емес, тоталитарлық қоғамның еркіндігіне айналғаны бәрімізге мәлім. Философиялық терминді қолдансақ, бұл еркіндікті жүзеге асырудың тым әлеуметтендірілген тәсілі. Жеке индивидтің еркіндігі ұмыт болып, ол **жалпы қоғамның еркіндігі арқылы өзінен-өзі жүзеге асады** деп түсінілді. Бұл тәсіл нақты еркіндіктің жойылуына әкеліп соқты.

Экзистенциализмге келетін болсақ, бұл бағыттың өкілдерінің барлығы дерлік адамның қоғамнан еркіндігін қолдайды. **Адамның өзі – еркіндік**, әлі қалыптасып бітпеген, аяқталмаған жоба. Сондықтан ол үнемі өзінің мәнін іздеу барысында болып

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 57 беті

отырады. Экзистенциалистердің пікірінше, адам өте күрделі, ауыр, көбіне көзге көріне бермейтін табиғи және тарихи жағдайлардың аумағында өмір сүріп отыр, оларға төтеп беріп қана қоймай, қарсы күресе білу үшін адамға ең әуелі еркіндік қажет. Осындай еркін адамның нақты мысалын Альбер Камю тағдырымен талмай күрескен Сизифтің образы арқылы бейнеледі.

Еркіндікті адамға ең керек қасиет деп мойындағанымен экзистенциалистердің бәрі дерлік **абсолюттік еркіндікке** қарсы екенін ескерте кеткен жөн. Николо Аббаньяно абсолюттік еркіндік адамды құдай дәрежесіне дейін көтеріп, тым есіртіп жіберер еді деп пайымдайды. Оның пікірінше, мұндай еркіндік ойына келгенді істеумен, барлық нәрсеге деген еркіндікпен бірдей болады да, ақыр соңында ештеңеге деген еркіндікке айналады, айналасында жанжал мен кикілжіңнен басқа нәрсе жоқ бірдеңе болып шығады.

Сонда еркіндіктің өлшемі неде? Біздің ойымызша, еркіндіктің абсолютті еркіндікке немесе шектен шығушылыққа ұласуын тиым салу мен қатты шаралар арқылы тоқтату мүмкін емес. Адам өз еркіндігін сана деңгейінде реттеуді меңгеруі қажет, себебі «еркіндіктің онтологиялық негіздері жоғарыдан берілген емес, қоғам мен адамның өзінде. Осы тұрғыдан алғанда еркіндік адам мен қоғам шеңберінен шықпайтын адам жауапкершілігінің негізі». Яғни, адам еркіндігін реттеуші оның өзі, жауапкершілікті санасына сіңіруі. Адам дүниеге оған дейін қалыптасқан, әлеуметтендерілген қоғамның мүшесі ретінде келеді, саналы ғұмырында осы қоғамда өмір сүреді. Ол осы ортада қалыптасқан шарттылықтарды қабылдауға, олармен санасуға мәжбүр, яғни оның еркіндігі салыстырмалы түрде. Адам осыны ұғынған жөн. Ол бұл дүниеде жалғыз емес, өзінің іс-әрекеті, қызметі үшін басқа адамдардың, қоғамның алдында жауапты. Бұл жауапкершілік қоғам тарапынан болуы да қажет, әйтпесе қоғам адам еркіндігін реттеп отырған бұрынғы жүйеге қайтып келуіміз оп-оңай.

Біздің бұл пікіріміз экзистенциалистердің тұжырымдарына сәйкес екен. Хайдеггердің ойынша, адам өзімен-өзі, санасының тұңғық қатпарларында тұйықталып қала алмайды. Ол өзін қоршаған дүниемен, заттармен, адамдармен үнемі қарым-қатынаста. Адамды қалыптастыратын да, экзистенциалистік терминді қолданып айтсақ, құрастыратын да осы қатынастар. Демек, адам еркіндігінің өлшемі – қоғамның басқа мүшелері. Н. Аббаньяноның да пікірі осы ойға ұқсас, тек ол оны анығырақ білдіреді. Н. Аббаньяноның пайымдауынша, адамның нағыз еркіндігі оның қоғамда орындауға тиісті парызын – ынтымақты қоғамда қайталанбас тұлға бола білу парызын – орындауында. Осы дұрыс пікір еркіндіктің біз бергелі отырған анықтамасының негізі.

Біздің ойымызша, **еркіндік – адамның өзіндік «Менін»**, өз өмірінің мәнін, өмірлік мақсатын таңдай білу және жүзеге асыру мүмкіндігі. Абсолюттік еркіндік болуы мүмкін емес деп ойлаймыз, еркіндік тек салыстырмалы. Себебі, еркіндік қадам басқан сайын тәуелділікпен бетпе-бет кездесіп отырады. Ол табиғат пен қоғам, басқа адамдар тарапынан болатын сыртқы кедергілер және адамның өзінің жігерсіздігі, рухының төмендігі, ақылының аздығы секілді ішкі кедергілер болуы мүмкін. Тәуелділік жолы жеңіл де түсінікті. Еркіндік жолы болса, адам үшін ең қиын, ең азапты жол. Еркіндікке адам талай талпыныс, адасудан кейін келеді. Ең бастысы – осы жолдан таймау, ол түбінде адам болуға, яғни мәнді өмір сүруге әкеледі. Өз еркіндігінің абсолютті емес, салыстырмалы екендігін адам ақылының көмегімен, байыпты түрде түсіне білген жөн. Еркіндіктің салыстырмалылығы оны терең уайымға салмауы тиіс. Адам ақылының оптимистік және пессимистік деңгейі болатыны белгілі. Дүниені субъективтік сезіну және түсіну адамды өз еркіндігін асықпай саралауға жетелейді. Ал қоршаған ортаның әсері адам тәуелділігінің себебі емес, алғы шарты ғана. Оны еркіндікке немесе тәуелділікке айналдыру адамның өз қолында. Сондықтан адам өмірге оптимистік көзқараспен қарап,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 58 беті

өмір сүруге деген күшті жігермен қарулануы керек, ал пессимизм еркіндікті әлсіретпесе, күшейтпейтіні күмәнсіз. Еркіндікке жетуге ұмтылған адамға күшті жігер ғана емес, мықты ой қажет. Осы ретте белгілі философ Мераб Мамардашвилидің: « ...күшті ой ғана ақиқат. ...Біз әлсіз күйде болғанда, нашар ойлаймыз, нашар іс-әрекет жасаймыз», - деп, адамды өмірдің қандай кезеңдерінде болмасын өзінің күшті ойынан (М.Мамардашвили оны беретін философия деп түсіндіреді) қуат алып, ештеңеге мойымай, өзін де, өмірін де дұрыс қалыптастыра алатын мықты тұлға болуға шақырғанын есімізден шығармағанымыз жөн.

Бостандық дегеніміз – барлық нәрсеге ерік беру, рұқсат беру емес, ол ең алдымен, жауапкершілік, қажеттілікті түсіну. Бостандықтың алғы шарты – адамға таңдау мүмкіндігін беретін ақыл-ойы және жан-жақты терең білімі. Өмір сүрудің жаңа, қазіргі кезеңінде табиғат пен әлеуметте еркіндік түсінігін терең түсіну қажеттілігі баю үстінде. Еркін болу – яғни, әлемде толық және ақылды болып қалуға мүмкіндік беретін шынайы тосқауылдарды түсіне білу, ал адам әлемді жасаушы объективті заңдарға сәйкес іс әрекет жасау керек. Э.Фромм еркіндікті адамның негізгі өсу мен даму жағдайы деп санаған. Ол – адам бас тарта алмайтын ұлы сый және ауыртпалық. Еркіндік – адамның өзінің іс әрекетіне жауапкершілік таныта отырып таңдаған альтернативаларды саналы ұғынуымен байланысты. Қазіргі философтар мен психологтардың зерттеулері бойынша жауапкершілік ересек тұлғаның әлеуметтік мінез құлқын ішкі реттеушісі ретінде орын алады деп қорытынды жасаған. Мұнда әңгіме жас жайында емес, оның тұлғалық өсуінде болып отыр. Кішкене бала үшін қажетті сыртқы жағдайлар мен шектеулер орын алатын болса, ал ересекте тұлғаның өзінің еркін қабылдаған мақсаттары мен құндылықтары болып табылады. Ересектер үшін сыртқы стимулдар мен еске түсірулер қажет емес. Тұлғаның ішкі еркіндігі, бостандығы оның жауапкершілігімен шектелмейді, керісінше, жауапкершілігінің арқасында мәнге және мазмұнға ие болады. Жауапкершіліктің дамымауы немесе оның тіптен болмауы адамға толығымен еркін тұлға болуға кедергі жасайды, бірақ, сонымен бірге ол оны жағдайларға құл етіп, ішкі бақылауға тәуелді етеді. Сонымен еркіндік мәселесі жауапкершілік мәселесімен тығыз байланысты. Жауапкершілік – еркіндіктің басқа бір жағы болып табылады. Ол ересек тұлғаға тән және өзін саналы түрде жасайтын іс әрекеттерінің себептері мен өзінің ойлары мен әрекеттерін ішкі бақылауда көрінеді. Әлеуметтік жауапкершілік өзінің жеке эгоистік қызығушылықтарына емес, қоғам мен басқа адамдардың қызығушылықтарына сәйкес өзін өзі ұстай білудегі адамның бейімділігі. Тек еркін және жауапкершілігі жоғары тұлға өзін әлеуметтік мінез құлқын жан –жақты дамыта алады және жоғары дәрежеде өзінің потенциалын аша алады. Сонымен, жоғарыда тұлға жайында айтылғандардың барлығын қоса келе, оның қалыптасуына әсер ететін факторларды бөліп көрсетеміз.

Олар:

- 1) адамның өзінің қабілеттілігі мен нышандарын көрсете білуге мүмкіндік жасайтын іс әрекеті;
- 2) адамның басқа адамдармен ауызба- ауыз сөйлесуі кезінде ғана емес, адамзаттың адами қасиеттерін, салт дәстүрлері, әлеуметтік нормалар мен ережелерді меңгеруі арқылы көрінетін, болатын қарым -қатынасы;
- 3) жеке және әлеуметтік мінез құлық жауапкершілік әдістері мен формаларын болып жатқан жағдайларға байланысты таңдап алуда көрінетін адамның шығармашылығы, мұны еркіндік сөзінің синонимі деп алуға да болады.

Мінекей осы факторларды адам негізгі қоғамдық рөлдерді меңгеруі арқылы әлеуметтену процесінде дамытады.

Алаш қайраткерлерінің философиясы еркіндік және тәуелсіздік идеялары.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 59 беті	

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсірешіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отырып, отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шақыру болатын. Тарихшы Мәмбет Қойгелді «Тарих - күрес алаңы» кітабында Алаш идеясы жайында: «Қазақ ұлтшылдығының өзекті жібі, дінгекті ойы «менің ұлтым өзгеден ерекше, артық» сияқты мазмұндағы ұран болған жоқ. Ол елім деген қазақтың оқыған азаматының надандық пен отарлық езгінің құрсауында тұншыққан жұртын азаттыққа шығару, өзгемен тең ету жолындағы қызметке әзірлігін білдіретін шешімі және осы мақсат үшін күреске шақырған үндеуі болатын», – дейді. Және сондай-ақ «Қазақ ұлтшылдығының концептуалдық деңгейде және жалпыадамзаттық құндылықтар арнасында қалыптасып, оны ұлт зиялыларының сенім және күрес қаруы дәрежесіне жеткізу ісінде Әлихан Бөкейхан жетекші рөл атқарды» дегенді де М. Қойгелді зерттеулерінде жиі келтіріп отырады. «Әлихан Бөкейхан жай қатардағы ұлт азаттық қозғалысының белсенді тұлғасы емес. Ол – жаңа мазмұн, сипаттағы қазақ азаттық қозғалысының негізін қалаушы көш бастаушысы, лидері. Оның азаттық қозғалысын жаңа интеллектуалдық деңгейге көтеру ісіндегі еңбегін кезінде бүкіл ел-жұрты, патшалық және советтік биліктер мойындаған», –деп жазды алаштанушы ғалым М.Қойгелді. Алаш үкіметі үшін жетекші рөл атқарған Әлихан Бөкейханның қызметін тіптен қарсыластары да мойындады. Сондай оппоненттердің бірі Бақытжан Қаратаев Бөкейханға жолдаған хатында: «Меніңше жалғыз сен ғана халықтың ықыласына лайықсың. Жалғыз сен ғана халқым үшін қызмет жасадым деп айтуға хақылысың», – деп жазды.

Алаш идеясы ұлттық бірігу концепциясына алып келді.

Ол тұста қазақтың оқыған, саяси орталықтарда білім алған, мемлекет құрылысын қалыптастыру жөн-жосығын білетін ұлт зиялыларының басын біріктірді. Соның арқасында Алаш идеясын аясында мыңдаған қазақтың басы бірікті. Мұхтар Құл-Мұхаммед «Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы» атты еңбегінде: «Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындғы жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегін «саяси күрестер мен рухани жаңғыру кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің бет алыс бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олардың басым көпшілігі ғылымға емес – утопияға, демократияға емес – авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен «Алаш» партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы – «Алаш Орда» үкіметін құрып, ұлттық-аумақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады». Бұл идея сол уақыттағы советтік-тоталитарлық жүйеге ұнамады. XX ғасырдың басында қалыптасқан Ұлттық идеяны советтік билік өз қолымен тұншықтырып, саяси көшбасшылар мен ұлт зиялыларына қуғын-сүргін ұшыратты. «Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге объект бола алмады», – дейді алаш қайраткерлері тақырыбында сүбелі үлес қосқан ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед. Әлихан Бөкейхан Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру идеясы қазақтың

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 60 беті

ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, халықтың сана-сезімін оята жүріп, бодандық құрсауын бұзып шығуға болатынын көрсетті. Жемісін Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көрді. Бүгінгі билік сол идеяны мойындамаса да, Әлиханды ұлт көсемі ретінде тани алмаса да, Алаш көсемінің құрған мемлекетінде өмір сүріп отыр. Ұлы «Орыс идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында қалыптасты. Өркенін жайды. Ұлттық идея негізінен ХХ ғасырдың басында әлемдегі, Ресейдегі геосаяси жағдайдың өзгеруімен жүзеге асқанымен, оның әлеуметтік, саяси, рухани тамыры ғасырлар тереңінен бастау алғанын ұмытпаған абзал.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманкүл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 61 беті

9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.

10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ф. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.

11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Философиядағы еркіндік өзін-өзі көрсету тәсілі ретінде сипаттаңыз.
2. Философиялық білім тарихындағы таңдау еркіндігі мәселесінің камтылуы.
3. Алаш философиясындағы еркіндік мәселесі.

Дәріс №11

1. Тақырып: Өнер философиясы

2. **Мақсат:** Қазіргі философиядағы өнерді зерттеу стратегиясының ерекшеліктері.

3. Дәріс тезистері: .

1. Эстетикалық сананың мәні.
2. Өнер философиясының негізгі санаттары.
3. Қазақ халқының өнер философиясы

Эстетикалық сана - адам өзі өмір сүріп отырған шындықтың құбылыстарын әсемдік пен ұсқынсыздық, трагикалық және комикалық тұрғысынан бейнелейтін эстетикалық түсініктер жиынтығы. Ол – рухани мәдениет феномені. Гегель атап көрсеткендей, адамның ақыл-ойы сезімдерсіз өмір сүре алмайды. Эстетикалық сезімнен жүрдай адамды рухани дамыған адам деп айта алмаймыз.

Эстетикалықты, немесе, сұлулықты асқақтату антика дүниесінен ерекше байқалады. Антика ойшылдары адамның рухани қызметіне ерекше мән берді. Олар руханилықтың ішкі мазмұнына ғана емес, сыртқы формасына да назар аударып, **сұлулық, шама, үйлесімдік, кемелдік** категорияларын болмыстың негізгі категорияларының қатарына қосты. Антика дүниесі сұлулықты адамның ғана емес, **бүкіл дүниенің атрибуты** деп түсінді. Яғни, антикалық эстетикада **сұлулық туралы ілім болмыс туралы іліммен біртұтас** деп қарастырылды және осы ерекшелік Орта ғасыр эстетикасының философиясы мен теологиясынан да байқалады.

Қайта Өркендеу дәуірінде эстетикалық алдыңғы орынға шықты және адамның сұлулығына басты назар аударылып, Сұлулық Ақиқат пен Ізгіліктен жоғары қойыла бастады және Сұлулық антикадағыдай дүниенің бойында емес, адам қызметінің нәтижесі болып саналатын Өнерде деп жарияланды. Яғни, Ақиқат дүниеге тән, ал Сұлулық өнерге тән деп қарастырылып, Ақиқат пен Сұлулықтың арасы бөліне бастады. Қазіргі терминмен айтқанда, өнер өнер үшін ғана өмір сүреді, Сұлулық Ақиқат пен Ізгіліктен жоғары. Осы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 62 беті

ұстаным философия тарихында романтизмде, классикалық неміс идеализмінде, неокантиандықта байқалады. Мысалы, Б.Кроченің пайымдауынша, өнер – ең жоғары нақты дүние, ол танымнан және моральдан тыс, өнерді жасаушы адам өздігінен толыққанды, оған табиғат та, қоғам да керек емес және рухтың ақиқат әлемі, болмыстың ең жоғары нақты көрінісі – өнер әлемі. Сартрдың пікірінше, адамның экзистенциалдық табиғатына бойлай алатын тек өнер ғана. Гетенің: Ақиқат мен Сұлулықтың арасында қатаң шекара жоқ., Сұлулық дегеніміз – Ақиқат, табиғат заңдары мен сұлулық заңдары ажырамас бірлікте, табиғаттағы сұлу нәрсенің бәрі – табиғат заңдарының көрінісі. Адам сұлулықты өнерден ғана емес, табиғаттан, қоғамнан, басқа адамдардан іздейді.

Ағарту дәуірінде рационализм үстем болды, өнер дүниені танып-білу құралы емес, адамның өзін-өзі жүзеге асыру формасы деп есептелді. XIX ғасырдың соңынан бастап С.Кьеркегер, Ф.Ницше, О.Шпенглер және тағы басқа ойшылдар рационализмнің дағдарысы туралы жариялап, мәдениетке ақыл-ой, ерік және сезімнің, яғни Ақиқат, Ізгілік және Сұлулықтың бірлігін қайта енгізу идеясын ұсынды. Олардың пікірінше, адам дүниені, өзін танып білу үдерісінде ақыл-оймен немесе ерікпен шектелмей, дүниені эстетикалық тұрғыдан қабылдауы тиіс, тек эстетикалық қана мәдениеттің тұтастығын қамтамасыз ете алады. Бұл пікірге біз де қосыламыз және ол қазақ халқының Сұлулық туралы түсінігіне сай келеді.

Эстетикалық сананың құрылымына заттар мен құбылыстардың эстетикалық құндылығын, сонымен қатар, адамның эстетикалық практикасын: адам жасаған заттардың, табиғат құбылыстарының, адамдардың арасындағы қатынастардың әдемілігін ұсқынсыздық және әсемдік, асқақтық және төмендік, трагикалық және комикалық тұрғысынан бейнелейтін көзқарастар, сезімдер, талғамдар, пікірілер, түсініктер, теориялар және идеалдар кіреді. Эстетикалық сана **психологиялық** (сезімдер, талғамдар) және **теориялық-идеологиялық** (идеялар, теориялар) деңгейлерден тұрады. Екінші деңгей біріншісінен жоғары және оны эстетика ғылымы зерттейді. Қоршаған шындыққа эстетикалық қатынас немесе эстетикалық сана практикалық қызметте ғана емес, ерекше сала - **өнерде** көрініс табады. Өнердің қоршаған дүниені бейнелеу екені сөзсіз. Бірақ өнер туындыларында елестетудің жасампаз күші ерекше байқалады. Осы ерекшелік туралы Кант: “Біз материалды табиғаттан алғанымызбен, бұл материал мүлдем басқа нәрсеге, атап айтқанда, табиғаттан асып кететін нәрсеге өңделуі мүмкін”, -деген болатын.

Өнердің функциялары:

- 1) **танымдық** - өнер туындыларының көмегімен адам өзінің өрісін кеңейтеді, дүние, табиғат, адам туралы білімін толықтырады.
- 2) **тәрбиелік** - эстетикалық идеал арқылы өнер адамның жан дүниесіне, мінез-құлқына, түсініктеріне зор ықпалын тигізеді.
- 3) **эстетикалық** - өнер эстетикалық талғам қалыптастырады, адамның шығармашылық рухын, шығармашылық бастауын оятады.
- 4) **гедоникалық** - өнер туындылары адамға ләззат береді.

Өнер тұлғалық сипатқа ие, оны жасайтын да, қабылдайтын да, қолданатын да тұлға, сондықтан өнер туындысының мазмұны, оны түсініп-бағалау деңгейі тұлғаның ерекшеліктерін бейнелейді. Өнер қоғамдық сананың басқа формаларымен, әсіресе саясатпен тығыз байланысты. Бірақ нағыз өнер саясаттан жоғары тұруы тиіс, ал өнер саяси тапсырмаларды орындаушыға айналғанда, өзіндік құндылығын жоғалтады.

Қазақ халқының эстетикалық санасы, Сұлулық туралы түсінігі оның көшпелі өмір салтының негізінде қалыптасты. Шоқан Уәлиханов атап көрсеткендей, табиғат адамды жаратушы ғана емес, оның бүкіл қоғамдық өміріне әсер етуші фактор. Ш.Уәлиханов көшпелілер мәдениетінің экологиялық шарттылығы туралы (материалдық игіліктерді

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 63 беті	

өндіру мәдениетінен бастап киім кие білу мәдениетіне дейін) алғашқылардың бірі болып айтты. Табиғат жеке адамдардың ғана емес, тұтас халықтардың тіршілік-тұрмысының, ұлттық психологиясының, тілі мен өнерінің бастауы екендігін де Шоқан жете түсінді. Оның: «Таудың түнерген тағы көркі сұлу болғанымен, көңіліңізді құлазытып, зілдей боп еңсеңізді басып тұрады... Тауда өмір сүрген соң жайдары, бейқам халық бола кою қиын. ...Сахарада тынысыңыз біртүрлі кеңейіп, ой-өрісіңіз де қанат жаза түседі, онда етек-жеңді кеңге салып, емін-еркін жүресіз...Тек сахаралықтар ғана уайымсыз, көңілі шат жүре алады», - деген ойлары адам мен табиғаттың ажырамас байланысын дәл көрсетеді. Қазақ халқының сөз өнерін аса жоғары бағалаған Шоқан өз халқының ақындық дарынының, суырып салма қасиетінің де құпиясын табиғаттан іздейді, ашық аспан, шексіз кең дала аясында табиғатты тамашалаумен кешкен өмір көшпелілердің таңғажайып поэзиясының, терең ой түйе білуінің негізі болуы керек деген болжам айтады. Бұл жерде де Шоқанның философиялық материализмі анық сезіледі. Шынында да әсем ойды әсем болмыс тудыратыны күмәнсіз емес пе? Қазақ халқы Сұлулықты адамның ақыл-ойынан жоғары тұратын немесе бөлек өмір сүретін емес, онымен біртұтас, үйлесімді құбылыс ретінде қарастырды. Бұл ерекшелік қазақтың әйел сұлулығын түсінуінен жақсы байқалады. Қазақ үшін сұлу әйел ең алдымен ақылды әйел. Осындай ұстаным қазақтың көрнекті ақын-жырауларының шығармаларынан жақсы байқалады. Қоғам ойшылы міндетін атқарушы ақын-жыраулар қазақтың болашағы қазақ әйеліне тығыз байланысты екендігін үлкен көрегенділікпен түсіне білді. Себебі, ұрпақ тәрбиесі ошақтың отын сөндірмеуші қазақ әйелінің қолында.

Өміріңе мән беретін сүйген жар, рухани мықты ұрпақ тәрбиелейтін ана туралы ойларын қазақтың белгілі ақыны Шал ақын жақсы әйел бейнесі арқылы жеткізеді. Ақынның түсінігінде жаман әйел алған еркектің жауы мен соры үйінде, ол еркекті тек жаман атаққа қалдырады. Мал-дәулетсіз адам кедей емес, «суық үй, арық соғым, өтпес пышақ, шабан ат, жаман әйелдің» иесі кедей. Шал ақын қамшының сабындай қысқа өмірді жақсы әйелмен қосылып, мәнді өткізуге шақырады және осындай әйелдің жан-жақты сипаттамасын береді. Ол ең әуелі ақылды әйел. Шал ақында әйел көркін сипаттаған тіркестер кездеспейді, ол әйелдің ішкі сұлулығына көбірек үңіледі. Жақсы әйел шаңырақтың тірегі, отбасының берекесі. Жақсы әйел жақсы жар ғана емес, ел мен елді табыстырар, ағайын мен ағайынды жалғастырар жақсы келін. Қазақ табиғатынан жатпен де, ағайын-бауырмен де араласуға, іштесуге бейім халық, онсыз қазақты елестетудің өзі қиын.

Қорыта айтсақ, қазақ халқының Сұлулық философиясы эстетикалық сана туралы негізгі философиялық ұстанымдармен үндес және қазіргі жастарға үлгі боларлық философия.

4. Көрнекілік материал: Презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-	
Дәріс кешені	96 беттің 64 беті	

6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.
- 7.Рассел Бертран. Батыс философиясының тарихы = The History of Western Philosophy : оқулық / Бертран Рассел; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Шәріп. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 896 б. с.
- 8.Элдридж Ричард Өнер философиясы. Кіріспе = An Introduction to the Philosophy : оқулық / Ричард Элдридж ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Жеңісұлы. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 304 б. с.
- 9.Юлән Фың Қытай философиясының қысқаша тарихы = A short History of Chinese Philosophy : оқулық / Фың Юлән ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Қ. Бақыт. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 368 б. с.
- 10.Әл-Руайхеб Халид, Ислам философиясы: Оксфорд оқулығы = The Oxford Handbook of Islamic Philosophy : оқулық / Халид Әл-Руайхеб, Сабина Шмидке ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А.Ғ. Тасболат. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 828 б. с.
- 11.Қасабек А. Қазақ философиясы : оқу құралы / А. Қасабек, Ж. Алтай. - Алматы : New book, 2022. - 216 бет с. (Шифр 87(5Каз)я73/Қ 43-776833)

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
- 2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
- 3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі философия – өнердің мәні
2. Өнер философиясы философиялық білімнің ерекше проблемалық саласы ретінде.
3. Қазақ халқының өнер философиясы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 65 беті	

Дәріс №12

1. Тақырып: Қоғам және мәдениет

2. Мақсат: Әлеуметтік философияның пәнін, құрылымын ашып, мәдениетпен байланысын түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Қоғамның әлеуметтік жүйесі
2. Мәдениеттің философиялық түсінігі
3. Мәдениет, оның табиғаты.
4. «Рухани жаңғыру» жобасы аясындағы рухани жаңғыру мәселелері.

Әлеуметтік философия қоғамды, мәдениетті және адамды зерттейді, қоғамның сапалы өзіндігін, заңдарын, әлеуметтік идеалдарын, генезисі мен дамуын, тағдырлары мен перспективаларын, әлеуметтік үрдістердің логикасын сипаттайды. Қоғамды басқа да көптеген ғылымдар зерттейтіні белгілі. Әлеуметтік философияның олардан айырмашылығы – **қоғамды философиялық тұрғыдан зерттеуінде**. Бұл нені білдіреді?

Әлеуметтік философия – философияның бөлімі, сондықтан философиялық білімге тән сипаттар әлеуметтік философияға да тән. Олардың арасындағы **қатынас – тұтас пен жекенің арақатынасы**, яғни әлеуметтік философия бөлік ретінде жалпы сипаттарға ие болғанымен, оның өзіндік, қайталанбас сипаттары бар. Олардың екеуіне де тән ұғымдар – болмыс, сана, жүйе, даму, ақиқат және т.б. Әлеуметтік философия, жалпы философия секілді, көзқарастық және методологиялық функцияларды атқарады. Қоғамды түсіну қоғамға деген тұтас көзқарастың жиынтығы, қоғамға қатысты барлық ғылымдар тәжірибесінің синтезі. Сондықтан да философия мен жаратылыстану ғылымдарының арасында ешқандай алшақтық, бөліну болмауы тиіс. Әлеуметтік философия қоғамды зерттейтін көптеген философиялық емес ғылымдармен – **әлеуметтану, саяси экономия, саясаттану, юриспруденция, мәдениеттану, өнертану** және тағы басқаларымен тығыз байланысты және өзінің ұғымдарын дамытуда ол осы ғылымдардың ұғымдары мен білімдеріне сүйенеді. Қоғамды әлеуметтану (социология) да зерттейді, бірақ әлеуметтік философия әлеуметтік білімдерді жалпылайды, әлеуметтік танымның жеке салаларын біріктіреді және әлеуметтанудың көзқарастық әдістемелік негізі болып саналады, сол себепті әлеуметтік философия әлеуметтанудан кеңірек және көлемдірек.

Әлеуметтік философия тарих ғылымымен, тарихи танымның теорияларымен, әдістері және әдістемесімен тығыз байланысты, олардың зерттеу мәселелерінің мазмұны да бір-біріне жақын.

Қазіргі заманғы қоғамда саясат ерекше орын алады, сондықтан әлеуметтік философияның мәселелері саясаттанудың мәселелерімен үндесіп жатады. Әлеуметтік философия да халық, ұлт, тап, партия, тұлға сияқты саяси субъектілерді зерттейді, саяси праксеологиямен, құқықпен байланысты.

Әлеуметтік философияны мәдениеттанумен, ұлттық мәдениетпен байланыссыз көз алдымызға елестету мүмкін емес. Мәдениет – қоғам дамуының негізгі қайнар көздерінің бірі десек, артық емес. Қоғамның прогресс жолымен дамуы оның экономикалық жағдайына ғана емес, өзіндік мәдениетіне, әсіресе рухани мәдениетінің дамуына тәуелді деуге болады және бұл байланыстың өзектілігі қазіргі заманда артып тұр. Сонымен қатар, әлеуметтік философия өзінің дамуында философиялық антропология, әлеуметтік психология, демография ғылымдарымен үнемі қатар жүреді, себебі қоғамды және қоғамды өмірді құрастыратын адам, оның әлеуметтік қызметі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 66 беті

Әлеуметтік философия өзінің дамуында табиғат туралы кешенді ғылымдармен – биология, физика, география, космология және тағы басқаларымен де диалектикалық түрде байланысты.

Қорыта келгенде, әлеуметтік философия – жалпы философияның қоғам өмірі мен адамның өмір сүруінің негізі болып табылатын принциптер мен заңдарды түсіну және сараптау, қоғамды жүйелі және нақты түрде, саясат, экономика, тарих және мәдениет сияқты әртүрлі салалардың өзара байланысы арқылы қарастыратын бөлімі.

Қоғамның философиялық түсінігі. Қоғамның қарапайым ұғымы белгілі бір жағдайларға байланысты біріккен адамдардың тобын сипаттау үшін қолданылады. Мысалы, ғалымдар қоғамы, дәрігерлер қоғамы, шаруалар қоғамы, акционерлер қоғамы, қаржыгерлер қоғамы және т.б.

Қоғамның философиялық, кең түсінігі тарихи даму барысында қалыптасты: **қоғам – адамдардың өз өмірлерін өндіру, қамтамасыз ету және қайта өндіру мақсатындағы қызметтерінің жиынтығы.** Бұл түсінік антика дәуірінің өзінде-ақ қалыптаса бастады. Мысалы, Демокрит адам алғашында табиғаттың сыйын тұтынып қана қоятын еді, бірте-бірте қолын, ойлау қабілетін дамытты, еңбек құралдарын жасауды, баспана тұрғызуды және киім тігуді үйренді деген болатын. Аристотельдің ойынша, күнделікті қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғи түрде пайда болған араласудан – отбасы, бірнеше отбасынан – елді мекен, бірнеше елді мекеннен – қоғам қалыптасады және адам – табиғатынан қоғамдық, саяси тіршілік етуші.

Жаңа Дәуірде Томас Гоббс адам қоғамының екі күйін бөліп көрсетеді: табиғи және азаматтық. Табиғи күйде қоғам “адам адамға қасқыр” формуласы бойынша өмір сүреді, ал азаматтық қоғамның мүшелері өзара келісім-шартқа отырып, өз құқықтарының белгілі бір бөліктерін мемлекетке береді, соның нәтижесінде азаматтық қоғам пайда болады.

Маркстің пікірінше, қоғам индивидтердің қарапайым жиынтығы ғана емес, адамдар бірін-бірі оларда табатын байланыстар мен қатынастардың күрделі жиынтығы, яғни қоғам – адамдардың өзара әсер етулерінің нәтижесі, олардың маңызды адами (биологиялық, әлеуметтік және рухани) байланыстары мен қатынастарының жүйесі.

Қазіргі заманғы батыс философтары да қоғамды жеке индивидтердің жиынтығы ретінде емес, әлеуметтік топтар мен жүйелерге біріккен адамдардың бірлескен қызметі ретінде қарастырады. Мысалы, **Макс Вебер** қоғамды жүйе және құрылым ретінде қалыптастыратын белгі деп әлеуметтік өзара әсер етудің белгілі бір типін айтады. Олар: дәстүрлі, аффектілі, мақсатты-рационалды және құндылықты-рационалды. Дәстүрлі қоғамның құрылымы әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, сенім, билікке деген сакралды қатынастан тұрады, ал индустриалды қоғамда адамдардың мақсатты-рационалды және құндылықты-рационалды әрекеттері басым.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қоғам – материя дамуының ең жоғары формасы, ол кең көлемді табиғи жүйелер әсер ететін ашық жүйе. Қоғамның философиялық түсінігі екі негізгі белгіні қамтиды:

- 1) қоғам табиғаттың бөлігі;
- 2) тұтастан (табиғаттан) жеке ретінде бөлініп шыққан қоғам өзінің ерекше заңдарымен дамиды, бұл заңдар табиғат заңдарынан бөлек.

Қоғам – ашық динамикалық жүйе, бұл жүйеде қоршаған ортамен зат алмасу және энергия алмасу үрдісі үнемі жүріп отырады. Динамикалық жүйе болғандықтан, қоғам өзінің күйін үздіксіз өзгертіп, белгілі бір кеңістік пен уақыт аясында дамиды. Қоғамның дамуы сабақтастыққа ие, яғни алдыңғы қоғам келесі қоғамға негіз болады.

Қоғамның басты элементі – адам екенін естен шығармау қажет. Табиғат берген негіздерге адамдар әлеуметтік мән, әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік-мәдени жүйелілік

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 67 беті

береді. Қоғам – ең әуелі адамның үздіксіз қызметі, қоғамға мән беретін, оны құратын, жасайтын, дамытатын да – адам.

Қоғам жүйелердің ішіндегі ең күрделісі екендігі күмәнсіз. Бұл пікірімізге мысалдар келтірсек, қоғамның құрылымына материалдық және рухани бөлімдер кіреді; қоғам – көпдеңгейлі, иерархиялық, оның әрбір элементі өзіндік тәуелсіздікке ие және ішкі жүйелері мен элементтері бар және т.с.с. Осыған қарамастан, қоғамның өзі белгілі бір тұтастыққа ие және өмір сүруге ұмтылушы әрбір қоғам осы тұтастықты сақтауға ұмтылады.

Қоғам және табиғат. Қоғамның табиғатпен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті. Табиғат қоғамның табиғи негізі болып табылады және ол қоғамнан тәуелсіз. Қоғам мен адам табиғат аясында өмір сүреді және өмір сүруге қажет нәрселерді табиғаттан алады. Сондықтан да өмір, тіршілікті жалғастыру мәселесі адам мен қоғам үшін табиғат мәселесімен тығыз байланысты.

Табиғат дегеніміз не? Тар мағынасында, табиғат – адам мен тірі нәрселердің бәрінің пайда болуы мен өмір сүруінің табиғи ортасы. Австриялық геолог Э.Зюсс 19-ғасырдың соңында ғылыми айналысқа “биосфера” терминін енгізді. Бұл термин барлық тірі ағзалардың жиынтығын ғана емес, олар өмір сүретін ортаны – суларды, атмосфераның төменгі бөлігін және жер қабатының жоғары бөлігін қамтиды. Биосфера тірі материяға толы. Оның тірі емес жүйелерден айырмашылықтары: зат алмасуға, көбеюге қабілеттілігі, тұқым қуалау мен табиғи сұрыптау негізінде дамуы. Биосфера екі компоненттің: тірі организмдер мен олардың өмір сүру ортасының бірлігінен тұрады, бұл орта тұтас динамикалық жүйені құрайды және үздіксіз дамып отырады.

Табиғат пен қоғамның бір-біріне әсер ете отырып дамуын философиялық тұрғыдан талдаудың басты ұстанымдары: **географиялық орта**, адамның табиғатқа мақсатты түрде өзара әсер етуі үрдісі – **еңбек**, қоғамдық және жеке қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін табиғат күштері мен объектілерін мақсатты түрде қолдану болып табылатын табиғатты пайдалану.

Географиялық орта ұғымын Э.Реклю және Л.М.Мечников енгізді. Географиялық ортаға кіретіндер: жер қабаты, атмосфераның төменгі бөлігі, жердің айналасындағы космостық кеңістік, сулар, топырақ, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, бір сөзбен айтқанда – **қоғамның өмір сүруі мен дамуына қажетті табиғат заттары мен құбылыстары**. Географиялық орта ұғымын ғылымда көбіне биосфера ұғымының синонимі ретінде қолданады. Географиялық орта қоғам мен адамның әлеуметтік-экономикалық дамуына, белгілі бір географиялық ортаны мекендеп отырған халықтың психологиялық келбетіне, мінез-құлқының қалыптасуына ерекше ықпал етеді. Кезінде осы факторға француз философы Ш.Монтескье, қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов назар аударған болатын. Географиялық ортаның қоғамның дамуын айқындаушы, басты фактор деп есептейтін бағыт – **географиялық детерменизм** (өкілдері: Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Г.Т.Бокль, С.М.Соловьев) деп аталады.

Шарль Монтескьенің (1689-1755) пікірінше, географиялық орналасу ерекшелігі, территорияның көлемі, ауа райы, топырақтың құнарлығы әрбір елдің даму заңдары мен адамгершіліктік құндылықтарына, яғни тарихи тағдырына тікелей әсер етеді. Ыстық ауа райы адамдарды бойында нәзіктік, жалқаулық, бейжайлық, құлдыққа икемділік тудырады, ал салқын ауа райы, керісінше, адамдарды шыңдап, талмастан жұмыс істеуге, еркіндікке ұмтылдырады.

Географиялық орта адамгершілік қасиеттер мен психиканың қалыптасуына әсер етіп, олар арқылы тарихи дамудың үрдісін де айқындайды. **Шоқан Уәлихановтың**: “Таудың түнерген тағы көркі сұлу болғанымен, көңіліңізді құлазытып, зілдей боп

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 68 беті

еңсеңізді басып тұрады... Тауда өмір сүрген соң жайдары, бейқам халық бола қою қиын. ...Сахарада тынысыңыз біртүрлі кеңейіп, ой-өрісіңіз де қанат жаза түседі, онда етек-жеңді кеңге салып, емін-еркін жүресіз...Тек сахаралықтар ғана уайымсыз, көңілі шат жүре алады”, - деген ойлары қоғам мен географиялық ортаның байланысын дәл көрсетеді.

Географиялық детерменизмнің қағидаларын толығымен қабылдасак та, негізінен алғанда дұрыс деуге болады. Географиялық ортаның адамның, ұлттардың, халықтардың қалыптасуы мен дамуына әсер ететіні сөзсіз, бірақ адам, оның әлеуметтік қызметі қоғам дамуында ерекше рөл атқаратынын ұмытпау қажет. Адам талай шөлейттерді, мұзға оранған жер қабаттарын өзінің жасампаз қызметінің нәтижесінде гүлдендіріп, оларға әлеуметтік мән берді.

Қазір географиялық орта туралы түсінік өзгерді, оған Күн жүйесінің элементі болып табылатын бүкіл планета кіреді. Адамзаттың өмір сүруі қоршаған ортаға ғана емес, космос күштеріне де тікелей байланысты, тәуелді екенін біз күн санап сезініп отырмыз (2013 жылдың 15 ақпанында Жерге құлаған метеорит (ол “Челябинск метеориті” деген атауға ие болды) бұл пікірімізді жақсы дәлелдеді).

Қоғам мен табиғаттың байланысын, бір-біріне әсер етуі тарихын салыстырмалы түрде үш кезеңге бөлуге болады:

- 1) табиғаттың сыйын адамның иемденіп, қабылдау кезеңі;
- 2) аграрлық экономика, индустриалдық өндіріске негізделген өндіріс кезеңі;
- 3) ақылды басқаруға негізделген экологиялық кезең (қазіргі заман).

Үшінші кезең адамзат үшін ең күрделі және ең жауапты болып отыр. Ғалымдар Жер бетінде шамамен алғанда 2 млн. жануар өмір сүреді және өсімдіктердің 500 мың түрі бар деп болжауда. Бірақ олардың саны жылдан жылға азаюда және оның басты себепкері – адам және оның табиғатты игеру, өзіне “бағындыру” бағытындағы қызметі. Маркстің “мәдениет өзінің артында шөлейттер қалдырады” деген сөзі, Энгельстің “табиғат өзінің кегін қатты алады” деген ойы шындыққа айналғандай. Екінші табиғат, яғни адамның қолымен жасалған табиғат бірінші (алғашқы) табиғатты ығыстырып шығаруда. Адамзаттың ойланатын уақыты келді, себебі техномассаның табиғатқа жасап жатқан антропогендік қысымы шектен шығып барады. Табиғаттың мүмкіндігі, байлығы шексіз емес екендігі ұмытылды деуге болады. Пайдалы қазбаларды өндіру жыртқыштық сипат алды, олар таусылар кез алыс емес сияқты. Азық-түлік қоры туралы да осыны айтуға болады. Жақын арада адамзатты өмір сүруге қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ете алмай қалуымыз мүмкін. Ормандар, өзендер мен сулар, таза ауа мәселесі туралы сөз етпесек те болады, бір сөзбен айтқанда, экология мәселесі жаһандық мәселеге айналды.

Ғалымдар бұл тығырықтан шығудың жолдарын іздестіруде. Орыс ғалымы **В.Вернадский** (1863-1945) кезінде “**ноосфера**” ұғымын енгізген болатын. Оның мәні: биосфера адамның ақыл-ойы, ғылым мен техниканың ықпалы арқылы дамып, адамның өндірістік қызметі табиғатқа зиянын тигізбейтін түрде жүргізілуі тиіс.

Ғалымдар ұсынған тағы бір идея – табиғат пен қоғамның үйлесімді дамуы туралы “**коэволюция**” идеясы. Адамзат та, әрбір адам да табиғат жүйесінде өмір сүретінін ұмытпауы тиіс. Біздің ойымызша, адамзат ғылым мен техника саласында қандай тамаша жетістіктерге жетсе де, табиғатқа әмірі жүрмейді. Бэконның “Білім – күш” қағидасы табиғатқа қатысты жүзеге аспайды.

Қоғамның негізгі ішкі жүйелері. Қоғамның негізгі ішкі жүйелері ретінде экономикалық, рухани (қоғамдық сана), саяси, әлеуметтік жүйелерді атауға болады. Олардың арасындағы маңыздысы – **экономикалық жүйе**, осы қоғамдық құрылымға тән өндірістік қатынастардың жиынтығы кіретін материалдық өмірді өндіру тәсілі деп сипатталатын экономика. Марксистік түсінік бойынша, экономиканың ядросы –

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 69 беті	

материалдық өндіріс, бұл салада қоғамдық өнім және ұлттық табыс жасалады және өндіріс тәсілі қоғамның әлеуметтік, саяси және рухани өмірінің анықтаушы негізі. Адамзат қоғамын, оның негізін түсіндіруде көптеген теориялардың болуына қарамастан, біздің пікірімізше, марксизмнің қоғам туралы басты теориясы – тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіру өзінің маңызын жойған жоқ. **А.Смит** (1723- 1790) пен **Д. Рикардо** (1772-1823) байлықтың негізі ретінде жалпы еңбекті қарастырса, **К.Маркс** пен **Ф.Энгельс** абстрактылық еңбекті бөліп көрсетті, қосымша құнның сараптамасын берді, өндіргіш күштердің, өндірістік қатынастардың және өндіріс құралдарына жеке меншіктің қоғамның қалыптасуы мен дамуындағы айқындаушы рөлін талдады (бұл туралы келесі тақырыпта кеңірек баяндалады).

Қоғам өмірінің экономикадан басқа субстанциясы туралы пікірлер туралы айтатын болсақ, қазіргі заманғы әлеуметтік философияның негізін қалаушылардың бірі **О.Конт** (1798-1857) қоғамдық өмірдің әртүрлі құбылыстарының бастауы – адамдардың біріге отырып жүзеге асыратын қызметі деп есептейді.

Белгілі социолог **М.Вебердің** (1864-1920) пікірінше, қоғамның негізі – адамның басқа адамға бағытталған мінез-құлқы болып табылатын әлеуметтік әрекеті. Тағы бір әлеуметтанушы **Т.Парсонс** (1902-1979) әлеуметтік жүйе дегеніміз өздерінің рөлдерін орындаушы адамдардың өзара қарым- қатынастарының жиынтығы деп пайымдайды. Бір қарағанда әртүрлі болғанымен, бұл көзқарастардың ортақ жағы – олардың бәрі қоғамның субстанциясы ретінде адамның әлеуметтік қызметін атап көрсетеді, ал әлеуметтік қызмет ең алдымен экономикада көрініс табады, сондықтан экономикалық жүйе қоғамның басты жүйесі деп айтуға болады. Бірақ қазіргі батыстық әлеуметтанушылар (**Д.Белл**, **Д.Гэлбрайт**, **З.Бжежинский**) бұл жүйені тым әсірелеуге болмайды, себебі мықты дамыған елдер қазір тауар экономикасынан қызмет көрсету экономикасына біртіндеп ауысты, сондықтан постиндустриалды қоғамда материалдық өндірістің, экономиканың рөлі төмендей береді деп тұжырымдайды.

Информациялық қоғам. Информация (лат. informatio, түсіндіру, баяндау, хабардар болу), **ақпарат** – бірдеңе туралы мәлімет. Тұрмыстық мағынасында **информация** – қоршаған орта және онда болып жатқан үрдіс - процестер туралы туралы мәліметтер, оларды адам немесе арнайы құрылым қабылдайды.

Қазіргі уақытта ғылыми термин ретінде информацияның жалпы қабылданған анықтамасы жоқ, білімнің әртүрлі саласы өз тұрғысынан сипаттайды. Американдық ғалым **К.Шеннонның** (1916-2001) концепциясы тұрғысынан алғанда, информация (ақпарат) дегеніміз – белгісіз нәрсенің айқындалуы.

Информация (ақпарат) – материямен байланысты жалпы ұғымдардың бірі. Информация жағдайлардың көптүрлілігі түрінде материалдық объектілердің бәрінде бар және бір объектіден екінші объектіге олардың өзара әсер етуі барысында беріліп отырады.

Материяның объективтік қасиеті ретінде информацияның өмір сүруі материяның белгілі іргелі қасиеттерінен құрылымдылығынан, үзіліссіз өзгеретіндігінен (қозғалыс) және материалдық объектілердің өзара әсер ететіндігінен логикалық түрде туындайды. Материалдық жүйенің және оның құрамдас жүйелерінің жағдайларының көптүрлілігі жүйе туралы информация береді. Құрылымдылығының инфинитті (белгісіз, шексіз) болуына байланысты кез-келген материалдық объектіде объективтік информация көлемі шексіз. Мұндай информация толық деп аталады. Құрылымдық деңгейдегі, жағдай-күйдің соңғы көптігі түріндегі жеке деп аталады. Информацияның дұрыс берілмеуі дезинформация деп аталады. Өзінің бай тарихында адамзат кітапханаларда, мұражайларда, мерзімді басылымдарда және тағы басқа жазбаша құжаттарда

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 70 беті

информацияның зор көлемін жинақтады. Қазіргі заманда байланыстың ең дамыған жүйесі – **Интернет**.

Информацияны зерттеумен ғылымның екі кешенді саласы – **кибернетика және информатика** айналысады.

Қазіргі заманғы кибернетика – ғылымның мультипәндік саласы, ол мынадай жоғары күрделі жүйелерді зерттейді:

- 1) адам қоғамы (әлеуметтік кибернетика);
- 2) экономика (экономикалық кибернетика);
- 3) тірі организм (биологиялық кибернетика);
- 4) адам миы және оның функциясы – сана (жасанды интеллект).

Информацияның (ақпараттың) түрлері: **Көпшіліктік** – социумның басым көпшілігіне түсінікті ұғымдарға негізделген қарапайым мәліметтер. **Арнайы** – тар көлемде, социумның белгілі бір топтары ғана қолданатын информация. **Жеке** – тұлға туралы мәліметтер. Қоғамның информациялануы мен компьютерлендіруі жалпы алғанда пайдалы болғанымен, адамға қауіп те тудырады. Ең бірінші айтатын нәрсе – тұлғаны компьютерлік қадағалау. Бұл адамның күйреуіне, құқықтарының шектелуіне, ақыр аяғында тоталитаризмге әкеледі. Демократияландырусыз компьютерлендіру адамның еркіндігін азайтып, әлеуметтік регресс тудырады. Яғни, компьютерлендіру мен информацияландыру гүлденудің кепілдігі бола алмайды.

Байланыстың желілік құралдарының әлеуметтік салдарларының С.Канингем мен А.Портер мынадай 12 түрін айтады:

1. Информация құралдарының көпшіліктік сипатқа ие болмауы, ол массмедияның құлдырауын тудырады
2. Саусақтардың сандық таңбаларының пайда болуы, ол жеке еркіндіктің біршама шектелуіне әкеледі.
3. Информацияны әдейі бұрмалайтын сандық жалған көшірмелер.
4. Азаматтар мен ұйымдарға моральдық және мүліктік кесірін тигізетін компьютерлік қылмыстар.
5. Информацияның шектелген еркіндігі, информациялық ағындар жолындағы кедергілер, олардың маңызды емес немесе жалған информацияның күштірек ағымдарының тасасында қалып қоюы.
6. Информациялық дискриминация, информация алуға шектеу.
7. Информацияға ие адамдардың үлкен саясат жүргізе алуы.
8. Легитимді ұлттық институттарға қауіп тудыратын транснационалдылық.
9. “Банан долларлар”, информацияға қолжетімділікпен байланысты спекулятивтік капиталдың өсуі.
10. Жұмыстың дәстүрлі түрлеріне бәсекелестік тудыратын “Тележұмыс”.
11. Әдеттегі жұмысқа, әдеттегі араласудың орнына келетін “Телеқоғам”.
12. Техника үстемдігі, оның дамуының әлеуметтік дамуға әсері.

Информациялық қоғамның мәні және ерекшелігі. Дамыған елдерде 20-ғасырдың ортасынан бастап информация революциясы басталды, бұл құбылыс 70-жылдардың соңына таман күшейе түсті. **Қоғамның информатизациясы (ақпараттандырылуы)** дегеніміз - қоғамдық және әлеуметтік маңызы бар, экономикалық, құқықтық, саяси, әлеуметтік және басқа міндеттерді шешуге қажетті информацияны өте тез өндіру және тарату әлеуметтік-тарихи процесі.

Информатизацияның, ақпараттандырылудың нәтижесі - информациялық, ақпараттық қоғамның құрылуы. Информациялық қоғам - қоғамдық жүйе, ол:

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 71 беті

- 1) әрбір индивид, әрбір ұжым, әрбір мекеме өзінің қызметіне қажетті барлық информацияны ала алуына мүмкіндік береді;
- 2) бұл информацияны, ең бастысы, ғылыми, саяси, экономикалық, технологиялық білімдерді экспоненциалдық (ашық түрде дегенді білдіреді) өсу заңдары бойынша өндіреді;
- 3) алдыңғы екі мақсатты жүзеге асыруға қажетті (бұған есептегіш машиналар мен коммуникация құралдары да кіреді) қазіргі заманғы информациялық технологияларды өндіреді және қолданады;
- 4) материалдық өндіріс, транспорт, байланыс, технологиялық процестер, басқару, білім, ізденістер мен жобалау, сервис, адамдардың қызмет саласы бойына және жеке араласуының негізгі салаларын толық немесе жартылай автоматтандыруды қамтамасыз етуге қабілетті.

Информатизация немесе ақпараттандыру – индустриалдық қоғамның жалғасы және оның қондырмасы. Информация, ақпараттың құндылығы қай уақытта да жоғары болды, біздің заманда ол бұрынғыдан да күшейе түсті. Қазіргі уақытта жер бетіндегі материалдық ресурстар (ауыз су, таза ауа, құнарлы жерлер, энергия, қазба байлық көздері және тағы басқалары) азая түссе, информация, керісінше, шексіз ресурс. Бірақ оны дамыту үшін бұрын қалыптасқан информациялық технологиялар □ телефон, пошта байланысы, жазу, ауызша жеткізу □ жеткіліксіз, компьютерлік және коммуникациялық технологияға негізделген жаңа информациялық технология қажет. Онсыз экономиканы, қоғамды дамыту мүмкін емес. Өндірістің кейбір салалары информация көлемін бірнеше есе арттыруды қажет етеді, бірақ бұл шығындар түбінде жемісін береді. Бұл тұжырымның тамаша дәлелі ретінде Жапонияда 1969 жылы ресми түрде жария етілген информатизацияландыру және информациялық қоғамға көшудің мемлекеттік концепциясы мен моделін айтуға болады. 1971 және 1973 жылдардағы экономикалық дағдарыстардың алдын алу мақсатымен жасалған дағдарысқа қарсы бағдарлама ретінде жасалған және жүзеге асырылған бұл шара керемет нәтижелер берді. Жапондықтар дағдарыстан мейлінше аз шығындармен шығып қана қойған жоқ, сонымен бірге әлемге әйгілі “жапон ғажабының” әлеуметтік және технологиялық негіздерін жасады. Бұл мысал біз үшін даму үлгісі бола алады. Бұл жол өте қиын, адамдардан білімді жасай білу өнері мен интеллектуалдылықты кәсіби шеберлікпен, инновациялық технологиялармен ұштастыруды талап етеді, бірақ өркениеттің жаңа сатысына көтерілудің бұдан басқа жолы жоқ, өзге жолдар тек құлдырауға апарады.

XX ғасырдың 50-70 жылдары адамзаттың техника, компьютерлер мен ГТР үстемдік құрған жаңа дәуірге қадам басқаны белгілі болды.

Осындай толық техникандырылған және информацияландырылған адамның өмір сүруі мен болмысы мәселесі философтарды толғандырды. Осының нәтижесінде “информациялық қоғам” концепциясы дүниеге келді. Көптеген философтар информация адамзатты түбегейлі өзгертеді, оны жаңа болашақ күтіп тұр, оған жаңа атау қажет деп пайымдады. Сондықтан Э.Тоффлердің теориясы “Информациялық (ақпараттық) қоғам” теориясы деп аталды.

Информациялық қоғамдағы адам.

Тарихты зерттеудің “өркениеттік” әдісінің негізін салушылардың бірі К.Ясперс қазіргі заманның ерекше, “техницистік” өркениетінің пайда болу себептерін талдайды, ол бұл өркениетті өркениеттің арнайы типі деп атап көрсетеді. Өркениеттердің тым тез ауысуының басты себебі ретінде ол техниканың логикалық түрде аяқталуы, адам мен табиғаттың арасындағы көпір болып табылатын машиналардың пайда болуы деп есептейді, себебі олар, К.Ясперстің ойынша, адамдардың психологиясын өзгертті және

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 72 беті

оларды тарихтың жаңа белесіне дайындады және оны техниканың логикалық түрде аяқталуы болып табылады.

К.Ясперстің пікіріне назар аударсақ, еңбек құралдарын қолдана білу ретінде техника адамдар пайда болғаннан бері өмір сүріп келеді. Ежелгі дүниенің ұлы мәдениеттерінде, әсіресе батыс дүниесінде, жоғары дамыған механика зор және ауыр заттарды тасуға, ғимараттар тұрғызуға, жолдар мен кемелер салуға, машиналарды құрастыруға мүмкіндік берді. Бірақ бұл техника адамның шамасына сәйкес, ол көре алатын нәрселер шеңберінде қалды. Оның бұлшық еттерінің күші арқылы, жануарлардың күштерін, тарту күштерін, от, жел, суды қолдана отырып өндірілген нәрселер адамның табиғи ортасының шеңберінен сыртқа шықпады. XVIII ғасырдың соңынан бастап бәрі өзгерді. К.Ясперс дәл сол кезде адам өмірінің техникалық жағын тұтасымен қамтыған секіріс болды деп есептейді, себебі адамдар ғасырлар бойы осы бағытта талпыныстар жасағаннан кейін және адамдардың арманында олар үшін алғышарттар жасалған техницистік, технократиялық көзқарас қалыптасқан соң XIX ғасырда барлық армандарды соңында қалдырған жүзеге асыру басталды. Машиналар – тұтыну өнімдерін автоматты түрде өндіретін машиналар ашылды. Бұрын қолөнерші жасайтынды енді машина жасайтын болды. Батыста осылайша XIX ғасыр кәсіпкерлерінің экономикалық қадамдары басталды, оның нәтижесінде бұрынғы қолөнер, міндетті түрде қажет аздаған салалары болмаса, негізінен алғанда жойылды және техникалық тұрғыдан қажетсіз қылық жасағандар аяусыз жойылып отырды. Сонымен, қазіргі заманғы техникалық дүниенің пайда болуында жаратылыстану ғылымдары, өнертапқыштық рухы және еңбекті ұйымдастыру өзара тығыз байланысты. Бұл үш фактор бірге рационалдылыққа ие. Олардың ешқайсысы да жеке алғанда өз бетімен қазіргі заманғы техниканы жасай алмас еді. Ясперстің пікірінше, бұл факторлардың әрқайсысының өзіндік бастаулары бар және басқа факторлардан тәуелсіз проблемалармен байланысты.

Э.Тоффлер “Үшінші толқын” еңбегінде жаңа қоғамдағы адам қызметінің ең маңызды деген салаларын да: отбасын, үйді, тұрмысты қарастырады. Оның болжамдарына эмпирикалық пен утопиялықтың элементтері тән болғанымен, олар қатаң ғылыми ізденістерге және статистикалық мәліметтерге негізделген.

Болашақтың отбасы. Біз бүгін отбасының ыдырауы туралы үнемі естиміз. Тоффлердің пікірінше, отбасы туралы айтқанда оның көптүрлі формалары туралы емес, отбасының нақты, “екінші толқын” тудырған типі туралы айтылады: асыраушы-күйеу, үй шаруасындағы әйел және балалар. Билік отбасын қалпына келтіру туралы айтқанда “екінші толқын” тудырған осы нуклеарлы отбасына меңзейді. Бірақ біз нуклеарлы отбасын шынымен де қайтадан қалпына келтіргіміз келсе, бізге тарихтың жүрісін тежеуге тура келер еді. Себебі, біз отбасының өлімінің куәгерлері емес, “екінші толқынның” отбасы жүйесінің ыдырауы мен отбасының көптеген жаңа түрлерінің пайда болуының куәгерлеріміз. Информация құралдары мен өндірістің демассификациясымен қатар отбасының демассификациясы жүруде. Техникалық жағынан дамыған елдер бүгін отбасының көптеген түрлерінің куәсі болып отыр. Шаруашылықты біріге отырып жүргізу үшін біріккен коммуналар (қауымдар), қартайған адамдар топтары, этникалық азшылықтар арасындағы рулас топтар, келісім-шартқа негізделген және сериалдық (кезеңдік) некелер, әйелі мен күйеуі әртүрлі қалаларда жұмыс істейтін және т.б отбасылар. Тоффлер: отбасының қандай формалары жоғалады, қандайы кең тарайтын болады – ол “отбасының қасиеттілігі” туралы уағыздарға емес, техниканың дамуы мен еңбекті ұйымдастыруды қандай бағытқа бұратындығымызға байланысты болады” - деп тұжырымдайды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 73 беті

Просьюмердің пайда болуы. Просьюмер (ағылш. producer + consumer кәсіби тұтынушы немесе өндіруші-тұтынушы) терминін Э.Тоффлер өндіруші мен тұтынушының арасындағы айырмашылық біртіндеп жоғалатын экономиканың пайда болуын болжамдау мақсатында ұсынды. Бұл термин “өзі үшін өндіруші” мағынасында да қолданылады. “Бірінші толқын” кезеңінде адамдардың көбі өздері өндірген нәрселерді тұтынды. Олар, қарапайым түрде айтқанда, “тұтынушылар” болды. Өнеркәсіп революциясы өндіріс пен тұтыну функцияларын айырып, өндіруші мен тұтынушыны тудырды. Қазіргі уақытта өндірушіні тұтынушыдан айырып тұрған шекара бұрынғыдан аз. “Просьюмердің” маңызы артып келеді. Оның дәлелі ретінде көптеген өнеркәсібі дамыған көптеген елдерде өзіне көмектесу топтарының тез өсіп отырғанын келтіруге болады. Уақыт өте келе толығымен автоматтандыру тұтынушыға – қажетті процестерді реттейтін компьютер арқылы – оған керек өнімді құрастыруға мүмкіндік береді. Яғни, қорытындысында тұтынушы қазіргі заманғы, бірте-бірте құрып бара жатқан өндірістегі конвейерде жұмыс істейтін жинаушы секілді, өндіріс процесінің дәл сондай бөлігіне айналады.

Бір сөзбен айтқанда, “Бірінші толқын” қоғамында билеуші рөл атқарған “просьюмер” қоғамына қайта оралу басталған сияқты болады. Бірақ, әрине, бұл қазіргі заманғы техникамен қамтамасыз етілген, электрондық коттеджде жұмыс істейтін және қазіргі заманғы өмір салтын ұстанатын “просьюмер”.

Д.Белл болашақтың адамы болмысының екі мәселесіне назар аударады: 1) қалалардағы өмір және урбанизация процесі. Олар бүгінгі күннің өзінде қала тұрғызушыларға да, экологтарға да көптеген сұрақтарды туғызып отыр; 2) жаңа қоғамның әлеуметтік пропорциялары, яғни бұрынғы рулық элитаны білім элитасы ығыстырып шығара бастайды.

Д.Беллдің көзқарсына сүйенсек, бүгін мамандар “желілік қалалардың” пайда болуын болжап отыр, оларда классикалық еуропалық қалаларға тән орталық алаңдар мен сауда орталықтары болмайды. Б.Ф.Скиннер дамыған коммуникация дәуірінде қазіргі заманғы тым үлкен және басқаруға ыңғайсыз қалалардың орнын кішкене қалалар жүйесі басады деп болжамдайды. Бұл болжамдардың дұрыс-бұрыстығы белгісіз: қалалардың өмірі мен өлімі – ұзаққа созылатын тарихи процесс. Бірақ өзгеретін нәрсе – “урбанизм” концепциясының өзі. Л.Верт өзінің “Урбанизм өмір салты ретінде” деген эссесінде урбанизмге “жоғары дәрежедегі интерактивті, мобильді және саяси сезімтал өмір салты” деген анықтама беріп, оны отбасы және шіркеу институттарына негізделген кішкене қалалар немесе ауылдардағы өмірге қарама-қарсы қойған болатын.

Бұрын қоғамдардың көбі элитарлы және жабық болған еді, себебі аристократия тым тұйық болды. Бұған қарама-қарсы қазіргі заманғы қоғамдар ашық бола бастады және де білім мен техникалық біліктілік элитаға кірудің міндетті түрде шартына айналды, ал мұндай қозғалыстың негізі білім бола бастады. Постиндустриалдық қоғамда элита – білгір, білімді адамдар элитасы. Мұндай элита интеллектуалдық қызметпен байланысты институттар – зерттеу ұйымдары, университеттер және тағы басқа институттар – шеңберінде билікке ие, бірақ олардың үлкен саясатта ықпал етуі сирек.

Үй және отбасы. Классикалық “нуклеарлы отбасының” ыдырауы қазіргі уақытта шындыққа айналды. Отбасы түрінің бірлігін неке мен бірге тұрудың көптүрлілігі ауыстырды. Мұндай отбасылар саны әлемдік деңгейде біртіндеп көбейіп келе жатыр (өкінішке орай, дәстүрлі отбасының негізі мығым деп саналатын Қазақстанда да пайда бола бастады). Басым көпшілік оны қолдап отырған жоқ., сондықтан отбасының классикалық түрі болашақта сақталады деп ойлаймыз. “Электрондық коттедж” идеясына келетін болсақ, ол ыңғайлы және үнемді болғандықтан, қазір кеңінен тарап отыр. Бірақ адамдардың басым көпшілігі басқалармен араласу мүмкіндігін туғызатын жұмыс түрлерін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 74 беті	

қалайды, себебі “Меннің” “Басқамен” тірілей және тікелей араласуына жететін ештеңе жоқ.

Балалар және білім беру. Әрине, ақпараттық қоғам заманы білім берудің көп түрлерін жеңілдетті және әрбір адамға жақындатты. Бірақ балаларды теледидар арқылы оқыту практикалық нәтижесін бермегендіктен жүзеге аспады деуге болады. Соңғы уақытта жоғары білім саласында қашықтықтан оқыту әдісі қолданыла бастады, бұл туралы Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Жолдауында да айтылды.

Саяси, әлеуметтік және қоғамдық өмір. XX-XXI ғасырлардағы ақпараттық төңкеріс адамдардың арасындағы ақпараттық-коммуникативтік байланысты қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, олардың өмір салтын өзгертіп, ғалам тұрғындарының коммуникативтік кеңістігін кеңейтті, ақпараттық процестердің жаһандануы пайда болды. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, олардың халықтың барлық топтарын қамтуы көпшіліктің санасына әсер етудің (оны билеудің десе, дұрыстау болар) кең мүмкіндіктерін ашып, әлемдік мәдениеттің интеграциясын қалыптастырды және адамның мінез-құлқының түрлерін (кейде адам шошырлық) көбейтті. Қажеттілікті қанағаттандырудың, көңіл көтерудің шексіз және таусылмайтын мүмкіндіктерінің пайда болуы мәдениет үшін қауіпті болып саналатын аномия сияқты құбылыстың тереңдеуінің себебіне айналады.

Кез-келген ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігіне ие болған адамның санасында өзінің басқа адамдармен бірдей, тең екендігі туралы пікір қалыптаса бастайды. Өзінің психологиялық қабылдауында өз “Менінің” “Басқамен” теңдігі туралы сезім қазіргі заманғы адамның тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуындағы индивидуалдықты күшейтеді, сонымен қатар, он өзі сияқтылардың санына қосып жібереді және өзінің имиджін аңызға айналдыру мен абсолюттік теңдіктің қияли әлемінің психологиялық негізін тудырады.

Жаңа қоғамның, ақпараттық қоғамның басты белгілерінің бірі – оның жылдам және үзінді түрінде дамуы. Бұл белгілер әсіресе тұлғаралық коммуникацияда, қызмет көрсету саласында ерекше байқалады және дәл осы салалар адамға көбірек әсер етеді. Қазіргі заманғы коммуникативтік кеңістікке адамның ғана емес, әлеуметтік институттардың да тез орын ауыстыруы, тұлғаралық ұзақ араласуға уақыттың жоқтығы, адамдар арасындағы байланыстың қысқаруы тән. Әртүрлілік ағайындық, отбасылық және достық қарым-қатынастарға да енді, олар модульдік сипатқа ие болды, яғни коммуникацияның әрбір мүшесін алмастыруға болады, ол өзіндік қайталанбастығын жоғалтып, тобырдың адамына айналды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев жоғарыда аталған Жолдауында: “Адамның әлеуметтік дамуына бағытталған біздің саясатымыздың арқасында жастардың қазіргі талантты толқынын қалыптастыра алдық”, - деп нақтылады. Десек те бұл салада әлі де шешімін таппаған мәселелер бар, сондықтан қазіргі заманғы интеллектуалдық тұлғаны дамытудың жаңа өлшемдерін анықтауға тиіспіз.

Біз тез қалыптасып жатқан постиндустриалдық ақпараттық қоғамды ғылыми-теориялық тұрғыдан түсініп, сараптауға дайын болмай шықтық. Сондықтан осы жұмысты жүргізуді қолға алу – уақыт талабы. Қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің интеллектуалдық деңгейін көтеру мәселесі оларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейімдеумен ғана шектелмейді, оны олардың өздері жасау қабілеттерін қалыптастыруды көздейді. Ақпараттық қоғамның ерекшеліктерін арнайы зерттеген ғалым Д.Белл әлденеше рет атап көрсеткендей, бұл қоғамда инновация мен білім беру қызметін қатар қамтитын университеттердің орны бөлек.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 75 беті	

Біз бұл пікірге “жастардың қалыптасуына осы университеттерде оқытылатын қоғамдық ғылымдардың, соның ішінде философияның рөлі ерекше” деген өз ойымызды қосар едік.

Әлеуметтік жүйе. Әрбір қоғам әлеуметтік жүйеге ие, оған отбасылық- ағайындық, ұлттық-этникалық, территориялық, таптық, кәсіби, демографиялық қауымдастықтар мен әлеуметтік институттар (ұжымдар, ұйымдар, топтар және т.б.) кіреді. Көріп отырғанымыздай, қоғамның әлеуметтік жүйесі өте күрделі.

Тарихи даму барысында адамдардың тұрақты топтары қалыптасты, олардың алғашқысы – ағайындылық негізінде пайда болған **рулық-тайпалық қауымдастықтар**. Бұл қауымдастықтармен бірге **отбасы мен некенің** формалары пайда болды, олар да топтық отбасынан моногамдық отбасына дейінгі күрделі даму жолынан өтті. Моногамдық отбасының бір түрі – нуклеарлы деп аталатын отбасы, ол жұбайлар мен олардың балаларынан тұрады. Әлеуметтік микродеңгейде отбасы әлі күнге дейін ең тұрақты, мызғымас қауымдастық болып келеді. Әрине, соңғы уақытта, әсіресе Батыс Европада, біржынысты отбасылардың пайда болып, тіпті кейбір мемлекеттерде олардың заңдастырылып отырғаны да белгілі. Бірақ адамзат түбінде дәстүрлі отбасын таңдайтыны сөзсіз.

Әлеуметтік макродеңгейде ең тұрақты тарихи қоғамдастық – **ұлт**. Ұлттың анықтамасы: территориясы, экономикалық байланыстары, тілі, мәдениеті мен мінез-құлқы ортақ адамдардың тарихи қауымдастығы. Ұлтты табиғи, биологиялық құрылым ретінде қарастыруға болмайды, оның негізінде әлеуметтік қатынастар мен байланыстар жатыр.

Әлеуметтік жүйені тағы бір маңызды элементі – **таптар**. Миллион жылдан астам өмір сүрген алғашқықауымдық құрылыстағы ұжымдық меншіктің орнын жеке меншік басты, нәтижесінде таптар немесе мүдделері қарама-қарсы, қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орын алатын әлеуметтік топтар пайда болды. Оның басты алғышарттары – еңбектің қоғамдық бөлінуі, өндіріс құралдарына меншіктік қатынас.

Таптар негізгі және негізгі емес болып бөлінеді. Негізгі таптар қоғамда үстемдік етіп отырған өндіріс тәсілімен, ал негізгі емес таптар бұрынғы немесе жаңа қалыптасып келе жатқан материалдық өндіріспен байланысты. Кез-келген қоғамда таптармен қатар, зиялылар немесе интеллигенция өмір сүреді. Зиялылардың қоғам дамуындағы рөлі ерекше. Оларды халықтың, ұлттың санасы деп сипаттауға болады. Негізінен алғанда ой еңбегімен айналысушы интеллигенция қоғамның экономикалық-әлеуметтік жағдайын сараптап, даму үрдісіндегі қателіктерін көрсетіп, болашағын болжап отырады. К.Маркс интеллигенцияның екі түрін атап көрсеткен болатын: өзінің ғана қамын ойлайтын утилитарлық және халықтың жағдайын ойлайтын нағыз интеллигенция. Біздің ойымызша, интеллигенцияның ақиқат мәнін ашатын екінші топ, халықпен бірге болатын, қай уақытта да жаны ашып, “жақсы өмір” (Платон) үшін онымен бірге күресетін адамдар тобы. Мұндай ақиқат, нағыз интеллигенцияның үлгісі ретінде 20-ғасырдың басындағы қазақ зиялыларын айтуға болады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар бастаған көзі ашық азаматтар қазақ қоғамын, қазақтың өмірін өзгерту, дамыған елдер мен ұлттардың деңгейіне жеткізетін жол сілтеу мақсатында аянбай қызмет етті. Биліктің қай түрі болсын интеллигенциямен жақын болуға, оны өзіне тартуға, ал ойлары жүзеге аспаған жағдайда олармен күресуге ұмтылатыны кездейсоқ емес.

Қазіргі әлеуметтік философия әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильділік теориясын ұсынады. Әлеуметтанушылар қазіргі қоғамды геология ғылымында қабылданған терминді қолдана отырып, страталарға, ерекше қабаттарға бөледі. Адамдар әртүрлі белгілерге байланысты страталарға жіктеледі. Бұл белгілер мамандық, білім, табыс, мәдени даму деңгейі, өмір салты, саяси билік дәрежесі және тағы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 76 беті	

басқа болуы мүмкін. Көбіне страталарға бірнеше белгілер бойынша бөлінеді (көпөлшемді стратификация), яғни бір адамды бір мезгілде бірнеше стратаға жатқызуға болады. Мысалы, бір адам жоғары білімі барлардың стратасына да, шағын бизнесі барлардың стратасына да, басшылардың немесе қызметшілердің стратасына да кіруі мүмкін.

Страталарға бөлінген қоғамның ерекшелігі – әлеуметтік мобильділігі, ол горизонтальді (көлденең) және вертикальді (тік) болып бөлінеді. Горизонтальді мобильділік – адамдардың бір қабаттың ішінде орын ауыстыруы, мысалы бір мамандықтың өкілінің осы мамандық бойынша басқа мекемеге жұмыс орнын ауыстыруы. Тік мобильділік – адамдардың төменгі қабаттан жоғары қабатқа орын ауыстыруы. Батыс әлеуметтанушыларының пікірінше, ашық қоғам болып саналатын батыс қоғамына тік мобильділік тән және адамдардың бәрінің жоғары көтерілу мүмкіндіктері бірдей. Олар алты “әлеуметтік лифт” бар деп көрсетеді: 1) экономика, бизнес саласы; 2) саясат; 3) әскери қызмет; 4) шіркеу; 5) ғылым; 6) неке. Яғни, қоғам – адамдарды жоғары қабаттарға көтеретін лифтілерге толы құрылым секілді. Бірақ, адамдардың бәрі бірдей қоғамның жоғары қабатына шыға алады деуге болмайды, көптеген елдерде, тіпті демократия мықты дамыған мемлекеттердің өзінде де қатаң қоғамдық иерархия сақталып отыр, өз ортасынан озып шығып, жоғары таптың қатарына қосылған жұмысшылардың саны аз. Ақпараттық қоғам заманы қоғамның әлеуметтік құрылымына өзгерістер енгізіп, ғылыми-техникалық интеллигенция мен қызмет көрсету салалары мамандарының санын арттырды.

Қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік стратификация туралы айтатын болсақ, белгілі әлеуметтанушы, әлеуметтік ғылымдардың докторы, профессор Г.Б.Шөптібаеваның жіктеуі бойынша қазіргі заманғы Қазақстанда үш тап бар: байлар, орташалар және кедейлер.

Жоғары тапқа жататындар: **билігі, жеке меншігі және ақшасы барлар**. Жоғары тап: 1) билеуші элита: президенттік, парламенттік және үкіметтік құрылымдардың жоғары лауазымды шенеуніктері; 2) ірі бизнесмендер, олардың арасында заңды және заңсыз, қылмыстық жолмен байығандар бар.

Орта тап: 1) орта және ұсақ кәсіпкерлер, мемлекеттік аппараттың шенеуніктері, банк, элиталық мектептер, емханалар қызметкерлері; 2) табысы төмендеу, бірақ өмір сүруге қажетті кірісі бар адамдар.

Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері – орта тап өкілдері басым мемлекеттер, Қазақстанның да мақсаты сондай. Жапонияда халықтың 90%, АҚШ, Германия, Англияда – 80%, Еуропаның дамыған елдерінде 80-90% орта тап құрайды. Қазақстанда шамамен 30%.

Төменгі тап: жұмыссыздар, зейнеткерлер, банкрот мекемелердің қызметкерлері және т.б., шамамен алғанда 15%. Төменгі тап үш топқа бөлінеді: 1) жоғары төменгі топ немесе кедейлер – тапқан табысы өмір сүруіне жететін және сәл артылатын адамдар; 2) орташа төменгі топ немесе ушыққан кедейлік – әрең-әрең күн көретіндер; 3) төменгі төменгі топ немесе ең кедейдер – бомждар. Кедейлер ауылдық жерде көп, адамдардың ауылдан қалаға көшуінің себептерінің бірі де осы (Г.Б.Шөптібаева. Әлеуметтану. Оқулық, Алматы, 2011)

Саяси жүйе. Саясатдегеніміз–әлеуметтік субъектінің басқа субъектілерге немесе объектілерге қатысты саналы түрде жүргізетін қызметі. Әлеуметтік субъект ұғымы әлеуметтік топтарды, таптарды, ұлттарды, партияларды және басқа да қоғамдық ұйымдарды, ең бастысы – мемлекетті қамтиды. Саясат әртүрлі: экономикалық, қаржы

саясаты, демографиялық, жастар саясаты, ұлттық саясат, халықаралық саясат және т.б. Осы әртүрлі саясаттың арасында ең басты орын алатын – саяси саясат, немесе шын

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 77 беті

мәніндегі саясат. Ол – таптардың, әлеуметтік топтардың, партиялардың мемлекеттік билікті сақтап қалуға немесе оған жетуге бағытталған қызметі. Саясаттың басқа түрлері мемлекеттік билік арқылы жүргізіледі. Көне гректер саясат деп мемлекетті басқара білуді түсінді.

“Қоғамдық психология” терминін ғылыми айналысқа итальяндық марксист Антонио Лабриола (1843-1904) 1896 жылы енгізіп, оны қоғамдық сананың бүкіл мазмұнына кіргізді. Бұл терминнің философиялық әдебиетте кеңінен тарауына орыс ойшылы Г.В.Плеханов (1856-1918) үлкен үлес қосты. Ол “қоғамдық сана” терминін “қоғамдық психика” және “таптық идеология” деп бөліп, қоғамның психологиясын зерттеудің маңыздылығын атап көрсетті және онсыз құқық пен саяси мекемелердің тарихын да, мәдениеттің де, әдебиеттің де, философияның да, басқа рухани құбылыстардың да тарихын түсіну мүмкін еместігін ескертті. Қазіргі кезеңде қоғамдық психологияны зерттеумен әлеуметтік психология ғылымы айналысады. Жалпы алғанда, қоғамдық психология мен қарапайым сана қоғамдық сананың бір деңгейінде орналасқан. Теориялық сана. Адамның бойында тек қарапайым сана, немесе, тек теориялық сана болуы мүмкін емес, олар бірін-бірі толықтырып отырады. Теориялық сана □ маңызды байланыстар мен заңдылықтардың ғылымда және қоғамдық сананың басқа формаларында бейнеленуі, ол тарихи және теориялық алғышарттарға, рухани қызметке сүйенеді. Осы анықтама арқылы қоғамдық идеологияның мәнін түсінуге болады. Философиялық әдебиетте идеологияны теория, негізделген, жүйелі, ретті білім деп қарастырады. Идеологияның анықтамасын мына түрде беруге болады.

Идеология - саяси, құқықтық, эстетикалық, діни, көркемдік және басқа идеялар мен концепциялардың жүйесінен тұратын, өзінде теориялық негіздермен қатар, іс-әрекет бағдарламаларын, идеологиялық ұстанымдарды көпшілікке тарату механизмдерін біріктіретін күрделі рухани құрылым.

Қазіргі уақытта “идеология” термині қайта жаңғырды. Кеңестер Одағы дәуірінде ұзақ уақыт тым асыра идеологияландырылған қоғамда өмір сүргеніміз белгілі. Ол қоғам ыдыраған соң, идеологиялық вакуум, бос кеңістік пайда болды, тіпті қоғамтанушы ғалымдардың өзі бұл терминді айналып өтуге тырысты, “қоғамды идеологиясыздандыру” мәселесі де кеңінен талқыланды. Әрине, бұл көзқарас дұрыс емес, себебі әрбір мемлекеттің өзіндік құндылықтар жүйесі, қоғамның барлық мүшелерінің көзқарастарын бейнелейтін белгілі бір ұстаным-бағыты міндетті түрде болуы тиіс, қоғам онсыз өмір сүре алмайды. Осы күрделі жұмыс қазір белсенді қолға алынып, дамуда. Мемлекеттік, жалпыұлттық идеологияның негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми- теориялық еңбектерінде, Қазақстан халқына Жолдауларында, «Қазақстан- 2050» Стратегиясында белгіленген. Оларды жалпы қорытсақ:

- 1) Мемлекеттілікті нығайту және қазақстандық демократияны дамыту;
- 2) ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету;
- 3) ішкі ұлттық бірлікті нығайту;
- 4) қазақстандық жаңа патриотизмді қалыптастыру;
- 5) мемлекеттік жастар саясатының жаңа тұғырнамасын жасау;
- 6) қоғамда жоғары тіл мәдениетін орнықтыру;
- 7) аналар мен балаларды әлеуметтік қорғауды күшейту;
- 8) жоғары білімді ұлт болуға ұмтылу;
- 9) тұрақтылықты, азаматтық келісімді қалыптастыру және тағы басқалары.

Қоғамдық сананың формалары. Қоғамдық сананың формалары мәселесі үнемі қызу талқыланып, оның сандық құрылымы туралы пікірлер өзгеріп отырады. Салыстырмалы түрде алғанда, қоғамдық сананың формалары мыналар деуге болады:

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA 1979 MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 78 беті

саяси сана, құқықтық сана, діни сана, өнер, мораль (адамгершілік), ғылым және философия. Кейбір ғалымдар қоғамдық сананың экономикалық және экологиялық формалары туралы да айтып жүр.

Қоғамдық сананың формалары – ішкі ерекше қатынастары бар күрделі жүйе, бірақ олардың қай-қайсысының да негізі адам қызметі, нақты өмірлік үрдіс. Қоғамдық сананың формалары бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне өзара әсер етеді. Олар өзіндік тәуелсіздікке ие болғанымен, оны абсолютке айналдыруға болмайды.

Қоғамдық сананың формаларының арасында саяси сана ерекше орын алады, себебі онда экономикалық, таптық қатынастар, мемлекеттік және таптық мүдделер, билік мүдделері, әлеуметтік байланыстар тікелей, мүмкіндігінше айқын және толық көрініс табады, сондықтан да саяси сана қоғамдық сананың басқа формаларына айқындаушы ықпал етеді.

Саяси сананың құрылымы екі деңгейден тұрады: **қарапайым- практикалық; идеологиялық-теориялық.** Қарапайым саяси сана стихиялық түрде, өмір сүрудің, еңбек етудің эмпирикалық жағдайларының бейнесі ретінде практикалық қызметтен тікелей туындайды. Ол ұжымдық-әлеуметтік шығармашылық жемісі. Оның құрылымында рационалдық пен эмоционалдық, пайымдаулар мен эмоциялар, дәстүрлер мен қазіргі заманғы құбылыстар, әдеттер, көзқарастар, дүниетанымдық элементтер араласып жатады. Қарапайым саяси сана теориялық қағидалар мен философиялық ұғым-категорияларға емес, ойлаудың алғашқы формаларына, күнделікті тәжірибеге негізделген, ол қарапайым адамның қоғамдық құбылыстарға деген реакциясын бейнелейді, өмір драматизміне толы. Сондықтан да мемлекеттің, әртүрлі партиялардың саяси қызметі қарапайым сананы терең зерттеп алмай, жеңіске жетпейді.

4. Иллюстрациялық материал: <http://www.myshared.ru/slide/824344/> презентация, схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 79 беті

4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық

аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).

5.Иманқұл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.

6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic

Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред.

А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. ШәуKENОВА З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік философияның негізгі ерекшеліктері.

2. Әлеуметтік-экономикалық формация ұғымы.

3. Мәдениеттің пайда болуы.

4. Мәдениеттердің типологиясы.

Дәріс №13

1. Тақырып: Тарих философиясы

2. Мақсат: Білім алушыларға тарих философиясының мәнін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Тарих ұғымы. Тарихтың мәні

2. Тарихи үрдістің бірлігі мен көптүрлілігі

3. Тарихтағы халық және тұлға.

Тақырыптың мазмұнын ашу үшін әуелі «тарих», «тарих философиясы» және «тарих ғылымының философиясы» ұғымдарының мәнін талдау қажет. Нақты тарих деп белгілі бір оқиғалардың уақыт пен кеңістікте дамуын айтамыз. Мәтіндік тарих, тарих ғылымы – өткеннің нақты оқиғаларын интерпретациялау. Адамзат эволюциясының жалпы теориясы тарих философиясы деп аталады. Осы ұғымдардың қиылысында – **тарих ғылымының философиясы** пайда болады. Білімдердің кез-келген формалары мен деңгейлерінің қиылысы ылғи да жаңа когнитивтік кеңістік тудырады

Ресей ғалымы И.С.Конның (1928-2011) пікірінше, тарих философиясы - философияның тарихи үрдіс пен тарихи танымды интерпретациялаумен байланысты бөлімі.

“Тарих философиясы” ұғымының пайда болуы француз философы Франсуа-Мари Аруэ де Вольтердің (1694-1778) есімімен байланысты, ол бұл терминді 1775 жылы алғаш қолданды. Оның пайымдауынша, тарих философиясы нақты тарихи оқиғалар, үрдістер, фактілер арқылы тарихи үрдістің мәнін, логикалық байланыстарын және тенденцияларын түсінуге ұмтылады. Вольтердің пікірінше, тарихи факт дегеніміз құбылыс қана, зерттеуші ой онымен шектеле және оған қанағаттана алмайды, ол тарихи

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 80 беті

оқиғалардың мәніне тереңірек бойлап, олардың пайда болуы мен дамуының мәні мен логикасына үңілуі тиіс.

Бірақ Вольтердің заманында құбылыстардың мәнін зерттеуге ұмтылған ғылымдардың бәрі философиялық ғылымдар деп саналды. Мысалы, физика – табиғи философия деп аталды. Сол себепті Вольтер тарихты философиялық ғылымдардың қатарына жатқызды. Вольтердің тарихты адамның шығармашылығының нәтижесі деп есептегенін ескерте кету қажет.

Әйгілі неміс философы **Георг Вильгельм Фридрих Гегель** (1770-1831) тарих философиясының жаңа түсінігін ұсынды. Берлин университетінде 19- ғасырдың 20-30 жылдарында осылай аталатын пәннен дәріс оқыған ол тарих философиясының ерекшеліктерін бөліп көрсетті. Мысалы, эмпирикалық тарих нақты тарихи материалды зерттейді, ал прагматикалық тарих практикалық қорытындылар мен сабақ болатын тарихи оқиғаларға бағытталған. Гегельдің анықтамасы бойынша, тарих философиясы жалпы алғандағы әлемдік тарихи үрдістің мәнін, оның біртұтас логикалық дамуын анықтауы тиіс. Оның пайымдауынша, әлемдік тарих «әлемдік рухпен байланысты», ал рухтың мәні – еркіндік, сондықтан әлемдік тарих – еркіндікті түсіну және жүзеге асырудың прогресі. Еркіндікті түсіну осы кезеңде әлемдік рухқа ие жеке халықтардың рухында көрініс табады.

Тарих философиясының өз тарихы бар. Жаңа Дәуірде «тарих философиясы – тарихи даму теориясы, онда тарихты басқарушы қозғаушы факторлар мен күштер, тарихтың заңдары зерттеледі» деген пікір қалыптасты. Италия философы **Джамбаттиста Виконың** (1668-1744) “Ұлттардың ортақ табиғаты туралы жаңа ғылымның негіздемелері” еңбегінде алғаш рет тарихи үрдістің бірлігі мен көптүрлілігі мәселесі қойылды. **Иоганн Готфрид Гердер** (1744 – 1803) қоғамның дамуын құдайы бастаумен байланыстырады. Француз ағартушысы **Мари Жан Антуан Никола Кондорсе** (1743-1794) тарихи прогресті адам интеллектісі мен ақыл-ойының дамуымен байланысты қарастырады.

Позитивизм бағыты тарих философиясының проблематикасын тарихи материалды интерпретациялаудың логикалық және семантикалық сұрақтарымен алмастырды. Бірақ 19-ғасырдың соңы-20-ғасырдың басында тарихты метафизикалық, философиялық тұрғыдан түсіндірудің жаңа нұсқалары пайда болды. Орыс философтары Н.Бердяев, Вл.Соловьев оның мәнін христиандық тарих философиясынан іздеуді ұсынды. Тарихи дамудың сипаты мен бағытталғандығы тарихи қайта айналу теориясының әртүрлі нұсқаларында (Шпенглер, Тойнби, Сорокин) көрініс тапты.

Персонализм мен экзистенциализм тарихты адам дамуының тағдыры мен өмірлік проблемаларының даму аспектілерінің бірі деп қарастырды. Аналитикалық тарих философиясы мен неопозитивизм тарихшылардың зерттеу қызметінің методтары мен нәтижелерін сипаттау, тарих философиясындағы метафизиканы сынау мәселелеріне назар аударады.

XX ғ. ғылыми-техникалық прогреске байланысты тарихтың Д.Белл, О. Тоффлер ұсынған индустриалдыға дейінгі, индустриалды және постиндустриалды кезеңдері туралы технократиялық концепциялар пайда болды. Сонымен қатар, тарихи дамудың пессимистік және эсхатологиялық болжамдары (модернизм, Ф.Фукуяма) да дүниеге келді. Постмодернизм тарихи танымдағы иррационалдылық, интуитивтілік, мән мен

идеяның жоқтығы туралы ойларды ұсынды. XXI ғасырда тарихты зерттеу тарихи үрдістің интегративтік теориясы, тарихтың “голографиялық” бейнесін жасаумен байланыстырылды. Аталған пікірлерді қорытындылап, “тарих философиясы – тарихи дамудың жалпы теориясы, ол әлемдік тарихтың универсалдық үлгілерін, дамуын және оларды танып-білуді негіздейді” деген анықтама беруге болады. Осы теория туралы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 81 беті	

К.Ясперс “Тарихтың мәні және мақсаты” атты еңбегінде қысқа да нұсқа түрде айтқан болатын: **Мән мен мақсат – тарих философиясындағы ізденістердің стратегиясы.**

Тарихи үрдістің бірлігі мен көптүрлілігі. Адамзаттың даму тарихы көрсеткендей, адамзат қоғамы өз дамуында қиын да күрделі сатылардан өтті.

Қоғамның бай және көптүрлі мазмұны бар. Сонымен қатар, осы көптүрлілікте тоғысатын ерекшеліктерге де ие. К.Маркс қоғамды қоғамдық- экономикалық формация ұғымы арқылы қарастырып, алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік (социалистік) формацияларға бөлді. Бұл теорияға қарсы пікір – әлемдік үрдіс көптүрлі, бірақ бірлігі жоқ, әрбір ел, халық ерекше, олардың мәдениетін қатар қоюға болмайды. Мысал ретінде О.Шпенглердің локалдық өркениет теориясын, А.Тойнбидің өркениеттердің көптігі теориясын айтуға болады. О.Шпенглердің (1880-1936) пайымдауынша, әрбір халықтың мәдениеті өзінің қайталанбас «өмірді бастан кешіру» тәсілінің негізінде қалыптасады, қатаң биологиялық ритмге бағынады, балалық, жаскелең, гүлдену, қартаю және күйреу кезеңдерінен өтеді. Ол сегіз локалдық мәдениетті атап көрсетеді: Египет, Үнді, Қытай, Араб-византиялық, Вавилон, Грек-рим, Майя (мексика), Батысевропалық. Эволюцияның жалпы циклі: мәдениеттің өзі – мәдениеттің өркендеуі, эволюцияның органикалық типі. Өркениетті Шпенглер эволюцияның механикалық типі, мәдениеттің өшуі деп түсінеді. Оның пайымдауынша, өркениет кезеңінде урбанизация, жаһандану үрдістері жүреді, олар соғыстарға, әлеуметтік жанжалдарға әкеледі және мәдениеттің орнын өркениет басқанда, мәдениет күйрейді. Осы ойларын ол кезінде кең сұранысқа ие болған “Европаның күйреуі” еңбегінде (1919) баяндады және олар қазір де аса маңызды.

А.Тойнбидің (1889-1975) пікірінше, қоғам тарихи локалдық дискретті бірліктердің көптігінен – өркениеттерден тұрады және оны қалыптастыруға адамдардың аз ғана, шағын шығармашылық топтары қатысады. Локалдық өркениеттер, оның пайымдауынша, биологиялық организмдер ретінде өмірлік циклдардан өтеді және “сұрақ-жауап” заңына бағынады. Отыз сегіз өркениеттің бәрі шеңбер бойынша дамиды, төрт кезеңнен өтеді: балалық шақ, жаскелең, есею, өлім және содан соң күйрейді, өзінен кейінгі өркениетке ештеңе де қалдырмайды.

Оның пікірінше, жаңа өркениет тақыр жерде пайда болады.

Творчестволық, шығармашылық ойлауға ие шағын топ тарихи жағдайдың сұрағына дұрыс жауап берсе, тарих дұрыс дамиды, ал жауап бере алмаса, локалдық өркениет қирап-күйрейді.

Марксизм тарихты зерттеудің **материалистік** әдісін ұсынды. Тарихты осы әдіске сүйене отырып қарастырсақ, тарихқа тұтастық, байланыс, үзіліссіздік беріп тұрған бір негіз бар, бұл – материалдық өндіріс. Ол адам мен қоғамның өмір сүруінің қажетті шарты, бірақ қоғамды құрайтын адамдардың қызметінің бүкіл құрылымы түптеп келгенде материалдық игіліктерді өндіру тәсіліне байланысты: “материалдық өмірді өндіру тәсілі жалпы өмірдің әлеуметтік, саяси және рухани үрдістерінің алғышарты”. Яғни, қоғам – белгілі бір материалдық жүйе, оның негізін материалдық игіліктерді өндіру тәсілі құрайды. Өндіріс тәсілі дегеніміз не? Материалдық өндірісті тікелей жүзеге асыратын – адамдар. Олар өздеріне қажетті нәрселерді өндіру үшін еңбек құралдары мен саймандарын қолданады. Осылардың бәрі біріге келе қоғамның өндіргіш күштерін құрайды. Өндіріс тәсілінің екінші жағы – өндірістік қатынастар, адамдардың өндіріс процесіндегі қарым-қатынастары. Өндірістік қатынастардың айқындаушы жағы – меншік қатынастары, олардың сипаты өндіріс процесінде эксплуатацияның, не болмаса ынтымақтастықтың қалыптасуына әсер етеді.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 82 беті

К.Маркс қоғамдық өмірді танып-білу үшін қолданылатын категориялар ретінде “базис”, “қондырма” категорияларын енгізді. **Базис және қондырма** әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларды біріктіруші негіз. Бұл категориялардың мағынасын ашатын болсақ, базис – қоғамның экономикалық құрылымы, басқаша айтсақ, өндірістік қатынастар жүйесі. Ғимараттың іргетасы рөлін атқаратын базистің үстінде қондырма қалыптасады. Оған кіретіндер: 1) қоғамдық сана; 2) идеологиялық қатынастар; 3) оларды бекітетін қоғамдық мекемелер мен ұйымдар. К.Маркс өндірістік практиканы адамдардың табиғатты өңдеуі десе, адамдардың қоғамды өзгертуіне, қайта жасауына немесе жетілдіруіне бағытталған қызметін адамдардың адамдарды өңдеуі деп атады. Кейінірек **В.И.Ленин** қатынастардың бұл екі түрінің бірін материалдық, екіншісін – идеологиялық деп белгіледі. Идеологиялық қатынастар материалдық қатынастарға тікелей байланысты түрде қалыптасады, бірақ объективтілікке де ие. Қондырма өзінің базисіне белсенді түрде әсер ете алады. Бұл адамдардың қалыптасқан қоғамдық қатынастарды нығайтуға немесе өзгертуге бағытталған қызметі саласы екендігін ұмытпау қажет. К.Маркс ұсынған қоғамдық-экономикалық формация теориясы әрбір формацияның басқаға ұқсамайтын ерекшелікке, диалектикалық сипатқа ие екендігін, қоғамдық дамудың қайшылықтылығын, өзара байланыстылығын және тәуелділігін, үйлесімді өмір сүріп отыратын көптүрлілік пен бірліктік сипатын көрсетеді.

Морган-Энгельс теориясы бойынша, әлеуметтік дамудың үш кезеңі бар: **жабайылық, варварлық, өркениет**. Ф.Энгельстің пікірінше, қажеттілік патшалығы (адам табиғатқа қатаң тәуелді) және еркіндік патшалығы (адам өзі құрған заттық дүниені билеуші) бар.

Батыс әлеуметтанушыларының өркениеттік концепциялары бойынша, үш өркениет: **дәстүрлі, индустриалды және постиндустриалды** өркениет бар және оларға технологиялық детерменизм тән, үш өркениеттің де негізінде – техника. Әсіресе, постиндустриалды қоғамда сапалы секіріс, өзгеріс пайда болады, компьютерлендіру, роботтандыру белсенді жүреді. Қорыта айтқанда, тарихтың, қоғамның көптүрлілігі мен ерекшелігі қатар жүріп отырады.

Тарихтағы халық және тұлға. «Тарихты дамытушы, қозғаушы күш не?» деген сұраққа адамзат тарихында құдай, табиғат, өндіріс құралдары, техника, адам, сана, руханилық және тағы басқа жауаптар берілді. Марксизмнің пікірінше, тарихты жасайтын халық, көпшілік, себебі ол – 1) қоғамның өмір сүруіне қажетті барлық материалдық құндылықтарды жасайтын өндіргіш күш; 2) нақты әлеуметтік-саяси күш; 3) қоғамның дамуындағы сабақтастыққа ықпал ететін рухани мәдениетті қалыптастырады. Бұл жерді “халық” ұғымының әлеуметтік-философиялық және этникалық мағынасы бар екендігін ескерткен жөн. Тарихи үрдісті түсіндіруде марксизм “халық” ұғымын әлеуметтік-философиялық мағынада, яғни қоғамның алға жылжуына мүдделі әлеуметтік топтар мен таптардың барлығын қамтушы қоғамдастық мағынасында қолданады. Қоғамды қайта өзгерту тереңірек болған сайын, осы үрдіске қатысушылардың саны көбірек. Қоғамдық қозғалысқа қатысушылардың саны көбірек болса, оның нәтижесі де нақты бола түседі.

Марксизмнің түсінігінше, тарихи үрдістің негізгі әлеуметтік субъектілері болып қоғамдық таптар, ал қоғам дамуының белгілі бір сатысында оның дамуының қозғаушы күші болып осы таптардың күресі саналады.

Тарихтағы халықтың рөлі туралы марксистік теорияны Г.В.Плеханов толықтырды. Оның ойынша, халық ұлы тұлғаны ұсынады. Ол халықтың өз мүдделері мен мақсаттарын саналы түрде түсінуіне ықпал етеді және халықты осы мақсаттарға жету бағытында ұйымдастырады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 96 беттің 83 беті
Дәріс кешені		

Халықтың өзі тұлғалардың үлкен типтерінен тұрады және бұл ұғым миллиондаған жеке адамдарды біріктіреді. Халықтың тарихта ірі өзгерістер жасай алатындығы бәрімізге белгілі. Мысалы, халықтың құрамдас бөлігі болып табылатын іскерлер белсенді қызметі арқылы өздерін де, басқаларды да өзгертеді – аңшылар мен балық аулаушылар, әскерлер мен қолөнершілер, жер өңдеушілер мен индустриалды жұмысшылар, инженерлер мен геологтар, дәрігерлер мен ұстаздар, саясаткерлер мен менеджерлер және олар қазір де өте белсенді. Тарихтың дамуының қай кезеңінде де ойшылдардың беделі мықты болды. Пифагор ойшылдарды жарысып, сауда жасау үшін емес, қоғамды, өмірді бақылап, ойлану үшін өмір сүреді деп сипаттаған болатын. Әдебиет пен өнер адамдары сезім мен эмоция адамдары ретінде тарихтың барлық оқиғаларын жүректерінен өткізеді. Олардың болжамдары тарихтың дамуынан озып кетіп отырады. Мейірімділік өмір салтына айналған адамдар да тарихта ерекше орынға ие. Әрбір адам жеке алғанда өзіндік сипатқа ие десек, артық емес. Әсіресе, ұлы тұлғалар өзінің ортасына сай келе бермейді, сондықтан да олардың тағдырлары көбіне трагедиялық болып келеді.

18-ғасырдағы француз ағартушылары тарихты жасаушы субъект деп ұлы тұлғаларды – көсемдерді, билеушілерді, батырларды және көшбасшыларды есептеді және олардың қызметі және қабылдаған шешімдері тарихтың қозғалысын өзгертіп, адамзат тарихында сақталады деп санады.

19-ғасырдың соңы мен 20-ғасырдың басында **элитаризм** теориясы қалыптасты. Оның көрнекті өкілдері В.Парето (1848-1923), Г.Моска (1858- 1941) және Р.Михельс (1876-1936) қоғамды екі бөлікке бөледі. Қоғамның аз бөлігін элита құрайды. Элитаның басты белгісі – қоғамдық өмірге саналы түрде және нақты ықпал ете алуы, сондықтан ол қоғамның тарихи дамуының субъектісі бола алады және халық оған өз тағдырын сеніп тапсырады. Қоғамның әртүрлі болуына байланысты элита да әртүрлі: саяси, экономикалық, әскери, мәдени, діни және тағы басқалары. Элиталардың бірнеше топтары қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде бірін-бірі ауыстырып отырады. Мысалы, “арыстандар” тобы қоғамның саяси өмірін басқаруда консерватизмге, күшке жүгінсе, “түлкілер” тобы саяси қитұрқы әдістерді қолданып, келісімге келуге, консенсуске жетуге ұмтылады. Алдыңғы топ саяси тұрақты қоғамда, ал соңғылары тұрақсыз қоғамда көбірек кездеседі. Осылайша, қоғамдағы төңкерістер, В.Парето айтқандай, элиталардың күресі, олар халықтың атынан сөйлеуді сылтау етіп, өздерінің күресін жүргізеді.

Тарихты зерттеуші ғалымдар тарихтың дамуындағы көпшілік, тобырдың жағымсыз рөлі туралы да айтады. Тобырға тән ерекшеліктер ретінде Ф.Ницше, З.Фрейд, Х.Ортега-и-Гассет және тағы басқа ойшылдар ретсіз әрекеттерге бейімділік, тобырлық инстинктердің пайда болуы, көшбасшының соңынан ойланбастан еру, алдап-арбағанға сеніп қалу сияқты қасиеттерді айтады. Тобырдың билігі охлократия деп аталады.

Қорыта келсек, тарихты белгілі тұлғалар мен халық біріге отырып жасайды. Олар – тұтас организмнің ажырамас бөліктері.

4. Иллюстрациялық материал: <https://ppt-online.org/186976> презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.

2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с

3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 84 беті

- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- 5.Иманкүл, Н. Ілімі философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
- 6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

Электрондық оқулықтар:

- 1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
- 2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
- 3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі философиялық пікірталастағы тарихтың, «тарихтың ақыры», политарихтың мәнінің мәселелері.
2. Тарихты түсінудегі формациялық және өркениеттік көзқарастардың айырмашылығының ерекшеліктерін атаңыз.

Дәріс №14

1. Тақырып: Дін философиясы

2. Мақсат: Діннің мәні, құрылымы мен қызметін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

1. Дінді философиялық тұрғыдан зерттеудің ерекшелігі. Дін — қоғамдық сананың формасы
2. Діннің әлеуметтік және гносеологиялық тамырлары. Діннің функциялары.
3. Ақыл мен сенімнің арақатынасы. Діни сенім бостандығы мәселесі.

Дін қазіргі заманғы адам мен қоғамның рухани өмірінде ерекше орын алады. Кеңестік таптық идеология үстемдік құрған жылдары дін біржақты зерттелгені белгілі.

QNTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA 1999	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы			39/11-	
Дәріс кешені			96 беттің 85 беті	

Діннің соңғы жылдары қарқынды дамуы, қоғамда діни сенімді қабылдаушылардың санының көптеп артуы, сонымен қатар, діни экстремизм және діни терроризм сияқты жағымсыз құбылыстардың да пайда болуы дінді жан-жақты талдауды қажет етіп отыр. Қазір дінді тарих, социология, мәдениеттану, саясаттану, философия және тағы басқа ғылымдар өз ғылымдары деңгейінен, әртүрлі аспектілерде зерттеуде.

Дінді **философиялық** зерттеудің ерекшеліктері:

- 1) философия діннің адам мен қоғамның рухани өміріндегі құбылыс, қоғамдық сананың формасы ретіндегі мәнін анықтайды;
- 2) көзқарастың түрі ретінде зерттейді;
- 3) діннің пайда болуының әлеуметтік және гносеологиялық себептерін талдайды;
- 4) діннің қоғамда атқаратын функцияларын жіктейді;
- 5) сенім мен ақылдың арақатынасы мәселесін қарастырады;
- 6) діннің адам бойында адамгершілікті қалыптастырудағы рөлін көрсетеді;
- 7) діни сенім бостандығы мәселесін зерттейді.

Діннің анықтамасы: **relegio** - қасиеттілік, құдайылық - Абсолюттік бастаудың, Құдайдың бар екендігінен туындайтын және соған сәйкес мінез-құлық, өмір сүру тәртібін, өмір салтын қалыптастыратын көзқарас, дүниетаным; адамға күш беретін, тірек болатын, өзіне табындыратын тылсым күшпен байланыстылық және оған тәуелділік сезімі.

Дін күрделі жүйе, ол діни сананы, діни институттарды, діни қатынастарды және діни қызметті қамтиды. Дінге:

- 1) діни ілім;
- 2) діни сезімдер;
- 3) діни салттар;
- 4) діни ұйымдар мен секталар кіреді.

Діннің даму сатылары:

- 1) табиғи дін - бұл кезеңде табиғи күштер құдайлар сияқты болып көрінді;
- 2) заңдық сипаттағы дін - діни қағидалар мен ережелерді бұлжытпай орындау талап етілді;
- 3) ақталу діні, ол Құдайдың алдындағы күнәлілік, бүкіл болмыстың қасіреттілігі және Құдайдың мейірімділігі сезімінен туындайды.

Діни сана - жаратылыстан тыс күштерге, құдайға деген сенімнен туындайтын көзқарастардың, идеялардың, нанымдардың, теориялардың жиынтығы. Діни сананың құрылымына **діни психология** (діни идеялардың белгілі бір жүйесімен байланысты стихиялық түрде қалыптасатын түсініктердің, сезімдердің, көңіл-күйлердің, әдет-дәстүрлердің жиынтығы) және **діни идеология** (діни идеялар жүйесі, оны қалыптастыру және тарату ісімен діни ұйымдар, дінбасылар, діни қызметшілер айналысады) кіреді. Діни идеологияның маңызды бөлігі болып теология есептеледі, ол құдай, оның қасиеттері, сапалары, белгілері туралы ілімнің жүйелі баяндалуы және негізделуі. Діни сенімге деген екі түрлі көзқарас бар. **Атеистік** көзқарас дін өмір шындығын бұрмалап, фантастикалық тұрғыдан түсіндіреді десе, дінді қолдаушылар оны нағыз ақиқат, танымның ең жоғарғы сатысы, адам өмірінің барлық сұрақтарға жауап бере алатын, қоғамдық сананың басқа формаларының бәрінен асып түсетін формасы деп тұжырымдайды. Қазіргі қоғамда екінші көзқарас басымырақ.

Діннің пайда болу себептері мен мәні туралы мәселе философия тарихында көптеген философтардың зерттеу объектісі болды. Дін туралы ғылым - **дінтануда діннің тамырлары** деген ұғым қалыптасқан, бұл ұғым діннің пайда болу себептерін, әлеуметтік, гносеологиялық және адамгершіліктік мәнін ашады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 86 беті	

Діннің басты, анықтаушы тамыры немесе себебі ретінде көптеген ғалымдар **әлеуметтік** себептерді атайды. Бұл себеп алғашқы қауымдық қоғам адамдарынан жақсы көрінеді. Кездейсоқтық үстемдік еткен алғашқы қауымдық қоғам адамдары табиғаттың дүлей күштеріне қарсы тұруға дәрменсіз, оларға тәуелді болды. Стихиялық табиғат күштерін билеуге, өзіне бағындыруға, қоғамдық қатынастарда күнделікті туындап отырған мәселелерді шешуге қажетті практикалық құралдары жоқ адамдардың сүйенгені өзінің санасының, қиялдауының жемісі □ фантастикалық күштерге деген сенім болды. Діннің пайда болуының осы әлеуметтік себептерін қазіргі заманда да көруге болады. 90-жылдардың басында бүкіл посткеңестік кеңістікте діннің өте тез қарқынмен дамуы байқалды. Бұрынғы жүйе күйреп, жаңа бағыттар, жаңа қоғамдық қатынастар әлі анықталмаған сол кезеңде адамдардың бойын шарасыздық, қорқыныш, үмітсіздік биледі, өмірлік бағыт-бағдарын жоғалтқан адамдардың көпшілігі өздеріне қажет күш-қуатты, сенімді діннен іздеді.

Діннің **гносеологиялық** тамырлары болып адамның танымдық және психологиялық қызметі негіздерінде қалыптасу мүмкіндігі жағдайлары, алғышарттары, мүмкіндіктері есептеледі. Таным процесі екі жақты - танымның объективті мазмұнын және оның субъективті формаларын (түйсік, қабылдау, елестету, ұғым, пікір және т.б.) қамтитыны белгілі. Діни санада осы үрдістің екінші жағы басымырақ. Елестетуге, логикалық аналогиялар мен абстракциялар жасауға қабілеттілік тым әсіреленіп, танымдық бейнелердің нақты заттардан ажыратылу қаупі пайда болады. Рационалдық танымға көбірек назар аударудың нәтижесінде ұғымдарда дүние субъективті бейнеленеді.

Діннің әлеуметтік және гносеологиялық тамырларымен қатар **психологиялық** тамырларын да атап кеткен дұрыс. Бұрын белгісіз, жаңа әлеуметтік өзгерістер, қатынастар, жағдайлар жеке адамның бойында да, қоғамда да жағымсыз эмоциялар тудыратыны күмәнсіз. Әрине, адамдардың бәрі бірдей дінге бас ұрмайды. Бірақ психологиялық-эмоциялық жағынан алғанда тұрақсыз, абстрактылық ойлауға, қиялға, әсірелеуге, елестетуге көбірек бейім адам дінді тезірек қабылдайды.

Діннің функциялары:

- 1) әлеуметтік функциясы - дін қай заманда да қоғамдық процестерді басқару, қоғамда тұрақтылық сақтау, ұлттық менталитет қалыптастыру қызметтерін атқарып отырды.
- 2) адамгершіліктік функциясы - дін жалпыадамзаттық моральдық қасиеттерді насихаттап, индивидтің адамгершілік келбетін өзгертуге үлесін қосады.
- 3) компенсаторлық - адам қиындық-дағдарысқа ұшыраған кезеңдерде дін көмекке келіп, қайырымсыз дүниені о дүниедегі мәңгілік бақытқа үмітпен алмастырады, адамға сенім-жігер, рухани күш береді.

Ақыл мен сенімнің арақатынасы мәселесіне философия тарихында үш көзқарас бар:

- 1) Сенімді, діни сенімді ақыл-ойдан жоғары қою, оны “Құдайдың жаратылыстан жоғары сәулесі, нағыз ақиқат” деп түсіну;
- 2) сциентистік көзқарас сенімге негізделген дінді ақылға негізделген ғылымнан төмен қояды және діни сенім түбінде жоғалады деп есептейді;
- 3) “екі ақиқат” - сенім мен ақыл-ой қатар өмір сүре алады деп мойындау;

Бірінші көзқарас Ортағасырлық христиандық және мұсылман философиясында басым болды. **Августин, Тертуллиан, Аквинат** адамды ақыл адастырады, сондықтан құдайды және ол жаратқан дүниені танып-білу үшін сенім жеткілікті деп есептеді. Тертуллиан: “Сенемін, себебі абсурдты”. Сенім мен ақылдың арақатынасын түсіндіруде Аквинаттың рөлі ерекше. Ол сенімді жоғары қоя отырып, оны біржақты қолдамай, ақыл

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 87 беті

мен сенімнің арасындағы ортақ жақтарын да талдауға, олардың таным объектісіннің бір екендігіне және таным тәсілдер бірін-бірі толықтыра алатынына назар аударуға ұмтылды. Кейінірек оның ілімін жалғастырушылар **неотомизм** бағытын қалыптастырды, 1879 жылы папа Лев XIII бұл бағытты христиандық католиктік діннің негізгі қағидаларын дұрыс түсіндіретін жалғыз философия деп жариялады. Бірақ қазіргі заманғы томизм **антропологиялық** сипатта, құдайды ғана емес, адамды да құндылық деп таниды, “адамның өмір сүруі”, “экзистенция” ұғымдарын енгізді.

Екінші көзқарас Қайта Өркендеу, Жаңа Дәуір кезеңдеріндегі ғылыми- техникалық революциядан бастау алып, 20-ғасырда, әсіресе кеңестік қоғамда ерекше дамыды. Бұл құбылыс діни сенімнің төмендетілуіне, дінге сенушілердің қудалануына әкелді.

Үшінші көзқарас Жаңа Дәуір ғылымының өкілі Ф.Бэконның еңбектерінде кездеседі. Менің ойымша, осы “екі ақиқат” принципін құптауға болады. Қазіргі заманғы қоғам осы ұстаным бойынша өмір сүріп отыр десек, қателеспейміз. Ақыл мен сенімнің, ғылым мен діннің гармониясынан, бір- біріне түсіністікпен қарауынан қоғам ұтпаса, ұтылмайды. Жеке адам деңгейінен қарастырсақ, құдайға соқыр сеніп, діни салт-дәстүрлерді орындап, сол арқылы өзін діндар адам ретінде көрсетіп, мақтану, ал күнделікті өмірде зұлымдық жасау, өзіңнен басқаны ойламау, яғни сенімді ақылмен ұштастырмау мүлдем қате.

Діни сенім бостандығы - адамның негізгі және ажырамас құқықтарының бірі. Біздің қоғамымыз ұзақ жылдардан кейін осы түсінікке келді. Қазақстан Республикасы Конституциясының “Адам және азамат” деп аталатын екінші бөлімінің 19-бабының бірінші тармағы және 22-бабының бірінші және екінші тармақтары Қазақстанның әрбір азаматы діни бостандыққа құқылы екендігін заң түрінде бекітеді.

Сонымен қатар, әрбір адам басқа дінді ұстанған адамға да, құдайға сенбейтін адамға да түсіністікпен, шыдамдылықпен қарауы тиіс. Сонда ғана адамдардың арасында достық, сыйластық, ынтымақтастық қалыптасып, қоғамдағы тұрақтылық сақталады.

4. Иллюстрациялық материал: <https://ppt-online.org/151139>, таблицы, схемы, слайды презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

- 1.Аширов Ш. А. Философия :оқуқұралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
- 2.Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 3.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
- 4.Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
- 6.Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

- 1.Кенни Э.Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
- 2.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 88 беті

3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].

4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).

5.Иманкүл, Н. Іліми философия: дәрістер / Н. Иманкүл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.

6.МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхахим. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

Электрондық оқулықтар:

1.Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>

2.Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>

3.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1, Дін және философиялық білім.

2, Діннің функциялары.

3, XIX ғасырдағы діннің философия ретінде өмір сүру мүмкіндігі мәселесі, оның себептері.

Дәріс №15

1. Тақырып: «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» - Қазақстанның жаңа философиясы

2. Мақсат: Рухани-адамгершілік даму жүйесіндегі мемлекеттік платформаны түсіндіріңіз.

3. Дәріс тезистері:

1. Қазіргі Қазақстандағы жаңғырту процестері

2. Еуразияшылдық және Қазақстанның дамуы

3. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы және «Рухани жаңғыру» жобасы.

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», - деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық — тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл — Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады. Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 89 беті

Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған.

Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуға келеді. «Күл тегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» — деген жолдар бар. Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз — мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция (тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Кидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді. Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйініп аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі.

Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты, халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалаған. Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» — дейді. [4, 382 б.] Л.Н.Гумилев еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршендігін дәлелдеуіміз керек. «Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде.

Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ боларлық идея, мемлекеттік мәнге

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 90 беті	

ие боларлық идеология қарастырылды. Мәңгілік Ел идеясы —қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады. Еуроцентристік көзқарас бойыншатүркі тілдес халықтардың ынтымақтастығына деген сын айтушылар көп.

Түркі интеграциясын Т.Рысқұлов пен М.К.Ататүрік бастаса, кейін нақты практикалық шараларды қолға алған ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шешуші саясаты өз жемісін берді. Н.Ә.Назарбаевтың түрік халықтарының бірлігін нығайтудағы тарихи рөлінің қаншалықты маңызды болғанын аңғаруға болады. Қазақстан Халықаралық «Түрксой» ұйымына қолдау көрсетіп, түрік дүниесінің барын бағалап, жоғын түгендеуге жол сілтеді. Халықаралық аренада Қазақстанның беделі нығайған сайын, түрік мемлекеттерінің бірлігі идеясы ашық әрі табанды насихаттала бастады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді» [3, 120 б.], — дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2000 жылы 14-желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты.

Бұл жерде Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды.

Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз» — деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады [3, 121 б.] Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жүргізілген түркі тілдес мемлекеттерді жақындастыру саясаты, елімізді Орталық Азияның көшбасшысына айналдыру идеясы өз жемісін берді. Оған Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің ашылуы, 2009 жылы Түркияның «Түрік ошақтары» қоғамдық ұйымынан Н.Ә.Назарбаевқа «Түркі әлеміне қызмет» марапатының берілуі, Астанада Түркі академиясының ашылуы, сонымен қатар, Анкара қаласындағы «Генчлер» саябағына Н.Назарбаев ескерткішінің орнатылуы, Түркия Президенті Абдулла Гүлдің Президент Н.Назарбаевты «түркітілдес халықтардың көшбасшысы» деп бағалауы — Елбасының түркі әлемін біріктіру, экономикалық және мәдени салаларды тығыз байланыстыру жолындағы тарихи еңбегіне берілген әділетті баға болды. Елбасының түркі интеграциясы жолындағы қызметінің мақсаттарының бірі — экономикалық ынтымақтастыққа негізделген.

2012 жылдың 12-желтоқсаны күні Түркия астанасы Анкара қаласында Лев Гумилевтің 100 жылдығына орай өткен «Лев Гумилев және оның түркологиялық ғылыми мұрасы» атты конференцияда Алтайлық түркітанушы Беликовтың: «Бүгін Мая күнтізбесі бойынша тұтас бір кезең аяқталып, түркі жұртының дәуірі басталды!» — деген жалынды сөздері барша түркі халықтарын дүр сілкіндіріп, ертеңге деген ерен сенім ұялатып отырғаны аян. ХХІ ғасырды Түрік мәдениетінің ғасыры болады деп болжам

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 91 беті

жасаушылардың қатары күн санап артып келеді. Осы орайда Түркі кеңесі Бас хатшысының орынбасары, түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлі: «Енді осы Еуразиялық кеңістікті толтыра беруіміз керек. Түріктің бойындағы пассионарлық қасиет қайта оянууда. Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес. Ежелгі түркілер, сақтар мен скифтер, ғұндар мен қыпшақтар Еуразияның ен даласын еркін қоныстанған. Бүгінгі түсінікпен алғанда, Алтын Орданы да Еуразиялық мемлекет деп атауға болады. Біздіңше, Шыңғысхан идеялық тұрғыда ұлы түркілік идеяны көтеріп, қос мұхиттың арасын мекендеген халықтың жадындағы тарихи сананы қайта жаңғыртқан», — дейді. Белгілі тарихшы, 1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың көтерілісі жайында диссертация жазған ғалым Елтоқ Ділмұхамедовтың қызы Эльза Ділмұхамедова Л.Н.Гумилевтен сұхбат алады. Лев Николаевич Гумилев «Қазақтың пассионар тұлғасы кім?» деген сұраққа: «Ол, әрине, хан Кенелерің» деп жауап беріпті. Эльза Елтоққызы «Қазақстанды алда не күтіп тұр?» деп сұрайды. Сонда ол: «Қазақстанда таяу уақытта мықты серпіліс, пассионарлық дүмпу болады» деген екен.

Бұл жерде Л.Н.Гумилевтің этностардың өмір сүруі теориясы бойынша әрбір ұлт, әр халық 1200-1500 жылдай өмір сүреді. Осы кезеңде халықтың туып, өсіп-өркендеп, даму шыңына жететіні, содан соң біртіндеп құлдырап құрдымға кететіні дәлелденген. Осы эволюциялық үрдіске 1500-дей жыл кетеді екен. Ал Қазақ хандығы XV ғасырдың ортасында құрылды. 14 ғасырдың орта шенінде қазақ халқы пайда болады. Соған қарағанда, халықтың даму жолының шырқау шегіне жақындап қалдық деп ойлаймын. Эльза Ділмұхамедова Гумилевке тағы да бір сұрағын қойып, «халықтың күшейіп бара жатқанын қалай білуге болады?» дейді. Сонда ғалым: «Оның белгісі сол жерде алқалы жиындар өтеді. Халық пассионарлық болып жатса, тарихын зерттейді. Пассионар тұлғалар көбейеді. Алдымен бір адам туады, ол өз ойларымен екінші адамның ойын қозғайды. Және адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді. Міне, пассионар халықтың белгісі осындай» деген екен [5].

Гумилевтың айтқан сөздері жаңа дәуірге қадам басып жатқан Қазақ елінің қазіргі жағдайымен тұспа-тұс келеді. Гумилевтың «алқалы жиындар өтеді» дегені түркі ұрпақтарының ынтымақтастық жолында атқарып жатқан шаралары болса, «тарихын зерттейді» дегені түркі академиясының құрылуы және де 2013 жылы 5 маусымдағы М.Тажиннің ұлттық тарихты зерделеу бағдарламасының жариялануы, сонан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен қатар, «адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді» дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады.

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі — көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі — Әл-Фарабидің «Қайырымды қалада» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі — Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені»

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 92 беті	

паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінуділік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім — Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді.

1.XXI ғасырдағы ұлттық сана

Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние - ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Ұлттық сана ұлттың рухани әлемінде сақталып, ұрпаққа рухани дүниелер арқылы беріліп отырғандықтан да тарихтың қиын кезеңдерінің өзінде елдің бірлігі жоғалмаған.

Тарих өрісінен ұлттық болмысымыздың рухани негізіне айналған ұлттық сана құбылыстарын зерделеу қиын емес. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік жігерін қалыптастырып отырған. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын сапа-қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен. Сезімталдықтың, дарындылықтың, даналықты қадірлеудің, зиялылардың жауапкершілігінің арқасында қазақ ұлты тарихи өмірдің күрделі оқиғаларына парасаттылық танытып, ерік жігерімен төтеп бере білетін ұрпақты қоғам алдына шығарған. Соның нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымы табиғи заңдылықпен дамып, елдің әлеуметтік жағдайын өзгертетін (күрделендіретін) құбылыстар қазақ қоғамының ішіне тұтастай ене алған жоқ.

Ұлттың тарихы ұлт пен оның тәрбиелеп шығарған тұлғаларының интеллектуалдық болмысының өрісінен шығады. Рухани болмыстың негізі ұлттық сана. Тарихты сақтау ұлттық сананы құрметтеу, тарихты білу ұлттық сананы иеленіп отырумен тең. Әрбір тарихи уақыт өрісіндегі жекелеген адамдардың интеллектуалдық қызметі оның бойындағы ұлттық санасымен көрініп отырады. Халыққа ортақ қасиеттер мен тәжірибелерге тұнып тұрған ұлттық сана тарих даналығымен ортақ құндылыққа айналады.

Ұлттық сана қоғам кеңістігінде ұлт болмысының және ел мүддесінің қажеттіктеріне сай шындық пен жалғанды ажыратып, халық ішінен нағыз талант иелері мен білімділерді шығарып, оларға бағыт көрсететін құбылыс. Ұлттық санаға қатысты Міржақып Дулатов былай деп жазып кеткен, «Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз болмас. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрі бір. Депутат бол, газет шығар, бала оқыт...өзгеміздің бәрі сай болып жалғыз депутатқа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын онан пайда тағы жоқ. Депутаттықты таңсық көріп, атағына қызығып яки бәсеке үшін баратын кісі болмасқа тиіс. Екі қазақ таласып, бір орысқа олжа болса, онан тапқан

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-	
Дәріс кешені		96 беттің 93 беті	

абыройға түбінде ие табылмай жүрмесін. Осыны әркім ескерсе екен». Халықтың жағдайын, елдің қажеттігін биіктен қарағаннан, халықтың ішінде жүріп көрген ұтымды. Әлеуметтің, әлеумет мүшесі әрбір адамның көңіл күйі халықтың ішінде ғана жүргенде білінеді. Биікте тұрып қоғамда болып жатқан нәрсені адам көрсе де, оның ішкі жағдайына үңіле алмауы мүмкін. Осы себептен, тарихта қазақ зиялылары халықтың ішінде жүріп, тікелей елдің мәселесін көтеріп, оны шешудің оңтайлы жолын халықпен бірлесіп іздеген.

Қазақтың ұлттық деңгейінен қарасақ, ұлттық сана дегеніміз елдің өткен тәжірибесімен өзінің бойындағы бар мүмкіндігін (адамгершілік, қабілет, білім) қатар иеленіп, қоғамында орын алып, өзекті болып отырған әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарайтын, жеке басына ие және қоғамын игілікке жетелей білетін, өз болашағына жауапты, ел болашағына ізгілік әкелетін нәрселерді танып, иелене алған адамның түсінігін, ұғымын, ой өрісін, іс-әрекетін айтамыз

2.Н.Назарбаевтың «болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және рухани жаңғыру жобасы

2017 жылғы 12 сәуірде Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді.Мемлекет Басшысының бастамасымен басталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, бұл – шын мәнінде, ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба. Ол қоғам тіршілігінің барлық саласын қамтитындығымен бірегей. Бұл ретте, Қазақстан азаматтарының қоғамдық санасының мазмұны олардың мүдделерімен, идеяларымен, құндылықтарымен тығыз байланысып, мәдениет, мінез-құлық тәжірибесі, салт-дәстүр, ғылым, адамгершілік императивін қоса алғандағы рухани негіздерге

арқа

сүйейді.

Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, эволюциялық даму және сананың ашықтығы ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы жаңғыртудағы басты бағыттар екендігі белгілі. – Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев алдымен экономикалық реформаларды жүргізіп барып, содан кейін ғана саяси реформаларды жүргізу керектігін атап өткен еді. Сондықтан да, күллі жер жүзі көз алдымызда өзгеріп жатқандықтан, қоғамдық сананы жаңғыртудың ерекше маңызға және өзектілікке дәл қазір ие болуы заңдылық. Бұл орайда мықты әрі жауапты адамдардың Біртұтас Ұлтын қалыптастыру Қазақстан табысының маңызды шарты. Олай болса, сананы жаңғырту әр қазақстандыққа әсер етуі керек, өйткені заманауи сын-қатерлер жағдайында еліміздің әр тұрғыны елдің және тұтас қоғамның прогресі үшін өзінің өмірлік стратегиясын бейімдеуге дайын болуы керек. Ұлттық комиссиямен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 бағытының іске асырылуы қамтамасыз етілді. Соларға нақтырақ тоқталсақ. Бірінші бағыт – қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуі. Президент атап өткендей, бір жағынан – латыншаға көшудің терең тарихи логикасы бар, екінші жағынан – әлемде технология мен коммуникация дамуының заманауи ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан да қазіргі латын графикасы жаңа технологиялармен, компьютермен, цифрландырумен байланыстырылады Бұдан әрі оқу-әдістемелік, көркем әдебиетті әзірлеу мен басып шығару бойынша жұмыс басталады. Екінші бағыт – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Қазақ тіліне аударылатын кітаптарды іріктеп алумен айналысатын Жұмыс тобы құрылды. Оның құрамында ЖОО мен ҒЗИ ғалымдары және танымал саясаттанушылар, қоғам қайраткерлері бар. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында оқулықтарды іріктеу бойынша Іс-қимыл жоспары жасалды. ЖОО-дың ұсыныстары негізінде 800 атаудан тұратын оқулықтардың бастапқы тізімі жасалды. Алғашқы 18 оқулық мемлекеттік тілге

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 94 беті

аударылып, басылып шықты. 12 сәуірде Елбасының қатысуымен осы оқулықтардың тұсаукесері болып өтті. Жобаның 100kitap.kz. ресми сайты іске қосылды. Жалпы, жоба, үйретудің тәсілдері мен әдістемелері спектрін кеңейтуге арналған, олар қазақстандықтарға, әсіресе, студенттер мен оқытушыларға қолжетімді болады. Үшінші бағыт – «Туған жер». Бұл жобаның ерекшелігі – өңірлердің белсенді қатысуы, сонымен қатар, кәсіпкерлерді, меценаттарды және мүдделі азаматтарды тарту. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік арқылы көрсетілген патриотизм – ұлттық-генетикалық кодтың негізі.

Жоба аясында 700-ден астам нақты жобалар іске асырылды, 320-дан аса жоба іске асырылып жатыр, бүкіл республика бойынша 150-ден астам жоба бастамаланды. Төртінші бағыт – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы». Бұл қоғамдағы ең танымал жобалардың біріне айналды. Осы бір жылдың ішінде барлық өңірлер өздерінің бірегей жерлері туралы айтып берді. Жалпыұлттық және өңірлік маңызы бар нысандардың тізімі жасалып, жалпыұлттық маңызы бар 183 нысан анықталды. 2018 жылғы 15 қаңтарда Ұлттық музейде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша II Республикалық форум болып өтті. Бесінші бағыт – «Жаһандағы қазақстандық мәдениет». Жоба қазақстандық мәдениетті шетелде танымал ету бойынша жүйелі жұмыстар құруға бағытталған. Бұл ретте, заманауи мәдениетті сыртқы болмысы бойынша да, ішкі мазмұны бойынша да ілгерілетуге басымдық жасалады. 2017 жыл бойы заманауи отандық мәдениетті шетелде ақпараттық ілгерілету және танымал ету бойынша кешенді іс-шаралар атқарылды.

Тәуелсіздік жылдарындағы отандық мәдениет жетістіктері түгенделді. Мәдени шығармаларды іріктеу келесі критерийлер бойынша жүргізілді: жобаға енетін шығармалар Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде өмірге келген болулары керек, олар жаңашылдығымен, бірегейлігімен ерекшеленіп, заманауи қоғамның эстетикалық және көркем талғамына жауап берулері керек. Алтыншы бағыт – «Қазақстандағы 100 жаңа есім», бұл 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шын мәніндегі визиттік карточкасына айналды. Бұл жоба түрлі саланың көрнекті тұлғаларын бүкіл Қазақстанға таныстырды. Бұлар Тәуелсіздік жылдарында табысқа жетіп, ел мойындаған әншілер, композиторлар, спортшылар, ғалымдар, журналистер және басқа да өз ісінің хас шеберлері

3. Қазақстанның қоғамдық санасының жаңғыртудың негізгі бағыттары

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат — мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Рухани жаңғыру — адамның ішкі әлемінің жаңаруы, сананың сезімі, жаңа өзгерістерді қабылдау қабілеті. Біз рухани жаңарудағы өркениеттің дамуымен байланыстымыз. Біздің Елбасымыз рухани жаңарудың бірнеше қағидаларын енгізді. Олар бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және ұлттық сәйкестікті сақтау сияқты қағидалар.

Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 95 беті

4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді.

пікір

«Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» Жаңа Қазақстан Философиясы

Көпұлттылық - қоғамның кемшілігі емес, артықшылығы. (Н.Назарбаев)

Тәуелсіздікпен бірге біз елдік дәстүр мен мемлекеттік мәдениетті жаңғырттық. Осылайша, төрткүл дүниені ат тұяғымен дүбірлеткен даңқты бабалардың «Мәңгілік ел» мұратын қайта жалғадық. Тегеуріні берік, тепкісі қатты заманда тең жарымынан айрылған халқымыз ана тілінен, қасиетті дінінен көз жазып қала жаздады. Дегенмен, соның бәрі халқымыздың рухын жасыта алған жоқ, азаттыққа деген аңсарын жеңе алмады. (Н.Назарбаев)

4. Иллюстрациялық материал: <https://ppt-online.org/328145> презентация, Схемелар, таблицалар, слайттар.

5. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аширов Ш. А. Философия :оқу құралы / Ш. А. Аширов. - Қарағанды :MedetGroup, 2023. - 284 бет.
2. Темірғалиев, Қ. А. Философия: оқу құралы/Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М.: ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
3. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / Қ.Б. Кемелбеков. - Алматы: Эверо. 2016-140 бет.с
4. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы: Эверо, 2015
5. Кемелбеков, Қ. Б. Оразымбетова З.Ш. Философия: оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group»ЖШС, 2021-260 бет
6. Джекебаева М. Философия :оқу құралы / М. Джекебаева. - Алматы : Newbook, 2022. - 260 бет.

Қосымша:

1. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = The rise of modern Philosophy: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. Г.Ж. Нұрышева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.-412 б. с.: Рухани жаңғыру)
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world: монография / Э. Кенни; Қаз.тіл ауд. А.Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 412 б. с.: Рухани жаңғыру
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy: монография / Э. Кенни; ауд.С.А.Аяпбекова, Н.Т.Базарбай, А.Рыскиева. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с.: [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Иманқұл, Н. Ілімі философия: дәрістер / Н. Иманқұл. - Алматы: Эверо, 2015.- 368 б. с.
6. МакГиннис Джон Классикалық араб философиясы: антология = Classical Arabic Philosophy: An Anthology of Sources : оқулық / Джон МакГиннис, Дэвид С. Райсман ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.Ш. Абдилхаким. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 476 б. с.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		96 беттің 96 беті

Электрондық оқулықтар:

1. Кемелбеков Қ.Б., Оразымбетова З.Ш. Философия: Оқу құралы. Қарағанды: «Medet Group» ЖШС, 2023 - 260 бет <https://aknurpress.kz/reader/web/2853>
2. Қазақбаева Ж.Р. Философия негіздері: оқу құралы (2-ші басылым). Қарағанды: ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2019. – 302 б <https://aknurpress.kz/reader/web/1130>
3. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017. ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/1977>

6. Бақылау сұрақтары:

1. Қазіргі Қазақстандағы жаңғырту процестері
2. Еуразияшылдық және Қазақстанның дамуы
3. ХХІ ғасырдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселелері.
4. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы және «Рухани жаңғыру» жобасы.